

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



**«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ», «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ»,
«ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ
ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2025

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 5 қыркүйектегі №4 хаттама)

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндері бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: БІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. – 120 б.

Қазіргі білім беру кеңістігінде тарих пәнінің басты міндеттерінің бірі – білім алушылардың тарихи ойлау қабілетін, дерекпен жұмыс істеу дағдысын, зерттеу мәдениетін дамыту. Осы мақсатта зерттеу және жобалау жұмыстары оқу процесінің ажырамас бөлігіне айналуға тиіс. Бұл ұсыным педагогтерге әдістемелік көмек көрсетуге және орта білім беру ұйымдарында зерттеушілік ортаны қалыптастыруға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025
© НАО им. БІ.Алтынсарина, 2025

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра отырып, оларды зерттеушілік және жобалық қызметке мақсатты түрде бейімдеу. Бұл мақсатты іске асыруда тарих пен құқық секілді қоғамдық-гуманитарлық пәндердің маңызы ерекше. Зерттеу мен жобалау жұмыстары білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, дербес ойлау қабілетін, сыни тұрғыда талдау жасау білігін дамытады. Орта білім берудің негізгі міндеттерінің бірі жобалау, зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру және сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру мен дамытуды көздейді. [1].

Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері шынайы өмірмен байланыс орнатуға, азаматтық жауапкершілік пен ұлттық сана қалыптастыруға, тарихи және құқықтық ойлау машықтарын дамытуға ерекше мүмкіндік береді. Бұл пәндер арқылы білім алушылар тек білім алып қана қоймай, өзін қоғам мүшесі ретінде сезініп, қазіргі өмір шындығын түсініп, өз болашағына қатысты маңызды шешімдер қабылдауға үйренеді.

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 15-бабына сәйкес, педагогтің кәсіптік қызметі аясында ғылыми-зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыру құқығы заңмен бекітілген. Сонымен қатар, педагог білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін және шығармашылық қабілеттерін дамытуға міндетті. [2]. Осыған байланысты оқыту процесіне зерттеу және жобалау тапсырмаларын жүйелі түрде енгізу – қазіргі заманғы мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігі.

Зерттеу және жобалау қызметін жүйелі түрде ұйымдастыру үшін мұғалімдерге әдістемелік тұрғыда нақты бағдар, құрылымдалған тапсырмалар мен бағалау өлшемдері қажет. Аталған ұсынымдар педагогтерге:

- пәндік мазмұнға сәйкес зерттеу және жоба тақырыптарын дұрыс таңдауға;
- оқу мақсаттарымен ұштастыра отырып, жобалау қызметін кезең-кезеңмен ұйымдастыруға;
- білім алушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмаларды құрастыруға;
- зерттеу процесін бағалау және білім алушылар жетістіктерін әділ өлшеуге;
- көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Ұсынымдарда қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламаларына, «орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына», пәндердің ерекшеліктеріне және озық педагогикалық тәжірибеге сүйеніп, зерттеу және жоба жұмыстарын ұйымдастырудың мазмұны, құрылымы, әдіс-тәсілдері мен ұйымдастыру формалары нақты көрсетілген.

Биылғы оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыруда Әдістемелік нұсқау хатта (ӘНХ) көрсетілгендей, «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері шеңберінде зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізуде «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын басшылыққа алу маңызды. Мұндай ұстаным білім алушылардың сыни және креативті ойлауын жетілдіріп қана қоймай, олардың азаматтық жауапкершілігін, адалдық пен әділетке негізделген көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді[3].

Осы әдістемелік ұсынымда «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндері бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастырудың мазмұндық негіздері, педагогикалық тәсілдері мен ұйымдастырушылық үлгілері жан-жақты сипатталады. Ұсынылған материал педагогтерге оқу бағдарламасының талаптарын нақты іске асыруға, білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға және пән мазмұнын өмірмен байланыстыра оқытуға көмектеседі.

Аталған әдістемелік ұсынымдарды оқу пәндері бойынша зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда қолдануға арналған.

1 «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ», «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ», «ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ОҚУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Орта білім беру ұйымдарында тарихи білім беру білім алушылардың тарихи ойлау қабілетін дамытуға, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінетін, саналы азаматтық ұстанымы бар тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Білім алушылардың тарихи деректерді талдау, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, түрлі интерпретацияларды салыстыру және дәлелді қорытынды жасау арқылы тарихи ойлау қабілетін дамыту – тарих пәнінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл үдеріс білім алушылардың саналы азаматтық ұстанымын қалыптастырып, олардың өткен мен қазіргі қоғамды сын тұрғысынан түсініп, болашаққа жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді. Осылайша, тарих білімінің мазмұны мен әдіснамасы білім алушыны әлеуметтік белсенді, сыни ойлай алатын әрі тарихи санасы қалыптасқан тұлға ретінде тәрбиелеуге бағытталады.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында атап көрсетілгендей, балаларға білім беретін педагогтің кәсіби рөлі оқу, жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастыру арқылы тереңдетіледі. Бұл қағидат мұғалімнің тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытушы, ғылыми ойлауға бағыт беруші тұлға ретінде маңызын арттырады. [5]

XXI ғасырдың басты талаптарының бірі ойлау қабілеттерін, әсіресе сыни, деректік және құрылымдық ойлауды дамыту. Осы бағытта тарихты оқыту мазмұны мен әдістері әртараптандырылып, оқу құралдарына қойылатын талаптар да қайта қаралуда.

Білім алушылардың оқу-зерттеушілік дағдылары

Мектеп білім алушыларының оқу-зерттеу дағдыларын талдауда алдымен «зерттеу әрекеті» ұғымына жүгіну қажет. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде бұл ұғымға берілген анықтамалар әртүрлі, бірыңғай көзқарас жоқ. Мазмұндық талдау нәтижесінде көптеген ғалымдар зерттеу әрекетінің мәнін әртүрлі құрамдас бөліктер арқылы сипаттайды. Алайда барлығы дерлік зерттеу әрекетінің ең алдымен оқыту сипатына ие екенін және оның мақсаты – тұлғаның интеллектуалдық сапаларын, шығармашылық ойлауын, ізденіс қабілеттерін дамыту екенін атап өтеді. Зерттеу академиялық ұғым ретінде ЖОО мен ғылыми орталарда жиі қолданылады. Орта білім беруде зерттеу әрекеті оқу процесінде білім алушылардың оқу-зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру арқылы жүйелі және мақсатты түрде жүзеге асады. Бұл қызмет оқытудың мазмұны мен әдістемесіне еніп, білім алушыны белсенді білім алушы, зерттеуші тұлға ретінде дамытуды көздейді. Оқу-зерттеушілік дағды білім алушының оқу процесінде нақты тарихи мәселе немесе құбылыс бойынша сұрақ қойып, дереккөзбен жұмыс істеу, дәлелдеу, қорытынды жасау және нәтижесін ұсыну білігі мен әрекеті.

Қазіргі таңда Қазақстанда орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу-зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыс жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл қызмет үлгілік білім беру бағдарламалары мазмұнына, критериалды бағалау жүйесіне, пәнішілік интеграция мен құзыреттілік тәсілге негізделіп отырып оқу процесіне кіріктірілген.

Зерттеу әрекетінің оқу процесінде жүзеге асу жолдары келесі бағыттарда көрініс табуда:

1. Үлгілік оқу бағдарламалары мазмұнына кіріктіру арқылы

ҚР БҒМ бекіткен типтік оқу бағдарламаларында зерттеу элементтері пәндік оқу мақсаттарына кіріктірілген. Атап айтқанда:

«Тарихи дереккөздерді талдайды»

«Мәселелі сұрақтар қояды және жауап береді»

«Тарихи тұлғалардың рөлі мен ықпалын бағалайды»

«Тарихи оқиғаларды хронологиялық жүйеде сипаттайды»

Мұндай мақсаттар білім алушылардың дербес ізденісін, дәлелдеуін, интерпретациясын талап етеді. Бұл оқу мақсаттары әр сыныптың жас ерекшелігі мен пән мазмұнына бейімделіп беріледі [7,8]. (мысалы, 5-сыныпта қарапайым дерекпен жұмыс, 9-сыныпта көпқырлы интерпретация).

Орта білім беруде зерттеу әрекетінің оқу процесінде жүзеге асу жолдары

Оқу процесінде білім алушылардың зерттеу және жобалау жұмыстары олардың зияткерлік әлеуетін, шығармашылық ойлауын дамытудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Зерттеу қызметі арқылы тұлғаның білімге деген қызығушылығы артып, дербес ойлау, мәселе қою және оны шешу дағдылары қалыптасады. Ғалымдар зерттеу қызметінің мәнін түрлі тұжырымдар мен компоненттер арқылы сипаттайды. «Зерттеу қызметінің басты ерекшелігі – оның тәрбиелік мәні» тұжырымы ТМД кеңістігінде жиі кездесетін тәсіл. Бұл көзқарас зерттеу қызметін тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту құралы ретінде қарастырады. Ал, Батыс елдерінде (АҚШ, Финляндия, Канада, Ұлыбритания) зерттеу білім алушылардың сұрақ қою, дәлел іздеу, гипотеза жасау, бақылау, талдау және қорытынды жасау сияқты когнитивтік дағдыларын дамыту құралы ретінде, OECD (PISA) 2022 жылындағы ғылыми сауаттылық бойынша зерттеуінде зерттеу әрекеті «scientific inquiry» эксперимент, дәлел және логикалық қорытынды жасаумен тығыз байланысты етіліп түсіндіріледі.

Қазіргі Қазақстандық білім беру реформалары аясында зерттеу қызметі білім алушылардың ғылыми, сыни және шығармашылық ойлауын дамытудың, сондай-ақ функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың негізгі құралы ретінде қарастырылады. Бұл бағытта оқу мақсаттары, тапсырма түрлері және бағалау жүйесі біртұтас педагогикалық жүйе ретінде құрылады. Зерттеу әрекеті енді тек мазмұнды меңгерудің тәсілі ғана емес, тұлғаның әлеуетін ашу мен өмірлік маңызы бар дағдыларын қалыптастырудың орталық тетігіне айналууда.

1-кесте. Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың зерттеу әрекетінің көрінісі

№	Негізгі құжаттар	Зерттеу әрекетінің көрінісі	Әдіснамалық ерекшелігі, тәсілі
---	------------------	-----------------------------	--------------------------------

1	Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (негізгі орта және жалпы орта білім беру)	Зерттеу әрекеті білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады; білім беру нәтижелерінде шығармашылық және зерттеушілік қабілеттер көрсетілген	Құндылыққа бағдарланған, құзыреттілікке негізделген оқыту тұжырымдамасына сәйкес; білім алушы субъект ретіндегі оқу қызметін ұйымдастыру
2	Үлгілік оқу бағдарламалары	Оқу мақсаттарына зерттеу дағдылары енгізілген: дереккөздермен жұмыс, мәселе қою, қорытынды жасау	Зерттеуге негізделген оқу әдісіне бейімделген оқу мақсаттары білім алушылардың зерттеушілік, сыни ойлау және дереккөздермен жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталады. Мұндай мақсаттарда білімді жай ғана меңгеруден гөрі, мәселе қою, ақпаратты жинау, талдау және дәлелді қорытынды жасау сияқты әрекеттерге басымдық беріледі. Мәселе қою және зерттеу сұрағын тұжырымдау
3	Критериалды бағалау жүйесі (ҚБЖ)	Блум таксономиясы арқылы зерттеушілік әрекеттерді бағалау жүйесі қалыптасқан: дәлел, интерпретация, салыстыру	Метатанымдық дағдыны бағалау үшін дескрипторлық бағалау қолданылады
4	Орта білім мазмұнын дамыту тұжырымдамасы (2023–2029)	Зерттеуші тұлғаны қалыптастыру – білім мазмұнының негізгі желісі ретінде белгіленген	Тұлғалық даму мен пәндік интеграцияны ұштастырушы дамытушы тәсіл
5	«Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы (2021–2025)	STEM/STEAM жобалары арқылы зерттеу әрекетін тәжірибемен байланыстыру көзделген	Жобалау және экспериментке негізделген зерттеу дағдыларын дамыту
6	«Адал азамат» тәрбие бағдарламасы	Зерттеу әрекеті арқылы білім алушылар өз құқығы мен міндетін, этикалық нормаларды зерттеп, ұстанымын қалыптастырады	Құндылыққа бағдарланған тәрбие мен азаматтық белсенділікті дамытуға бағытталған зерттеу-сұхбат, кейс, жобалық тәсілдер
7	PISA, TIMSS, PIRLS (халықаралық бағалау)	Күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарды талдауға негізделген зерттеу тапсырмалары – функционалдық сауаттылық өлшемі ретінде	Ғылыми дәлел мен интерпретацияға негізделген тапсырма моделі
8	Мұғалімдердің біліктілігін арттыру	Lesson Study, зерттеу сабағы, жобалық оқыту модульдері арқылы	Әріптестік зерттеу, рефлексия және кәсіби даму орталығы ретінде қарастырылады

	курстары (НЗМ, «Өрлеу» т.б.)	мұғалімнің зерттеу қызметі дамытылады	
--	------------------------------	---------------------------------------	--

Негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты аясындағы зерттеу қызметінің ерекшеліктері

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты зерттеу қызметін білім беру мазмұнының ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Стандарттың мазмұнында зерттеу және жобалау дағдылары білім алушылардың оқу процесінде дамытылуы тиіс негізгі құзыреттіліктердің бірі ретінде белгіленген. Атап айтқанда, білім алушылардың ғылыми негізде өздігінен іздену, мәселелерді шешу, сын тұрғысынан ойлау, ақпаратты талдау және қорытынды жасау қабілеттерін қалыптастыру стандарт талаптарының маңызды бөлігі болып табылады.

Стандарттың 10-тармағында негізгі орта білім берудің басты міндеттерінің бірі ретінде білім алушылардың оқу, жобалау және зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру дағдыларын дамыту нақты көрсетілген. Бұл – білім алушыны тек дайын білімді қабылдаушы емес, танымдық үдеріс субъектісі ретінде қарастыратын жаңа білім беру парадигмасының көрінісі. Сонымен қатар, 12-тармақта оқу мазмұны тәрбие жұмысының мақсатты ұйымдастырылуымен бірлікте іске асырылуы қажет екендігі атап өтіледі. Бұл зерттеу әрекетін тек академиялық дағды ретінде емес, сонымен бірге тұлғалық және құндылықтық даму құралы ретінде қарастыруды көздейді. [1]

Білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі қағидаттарының бірі ретінде 19-тармақта зерттеу және жобалау қызметін дамытуда жүйелілік принципі бекітілген. Бұл жүйелілік білім алушының зерттеу қабілетін бастапқы сыныптардан бастап қалыптастырып, оны негізгі және жоғары сатыда тереңдетуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндері қамтылатын «Адам және қоғам» білім саласының мазмұны білім алушыларда тарихи, құқықтық және әлеуметтік ақпарат көздерін саралай алу, дәлелді қорытынды жасай алу, дербес пікір қалыптастыру және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл пәндер арқылы зерттеушілік іс-әрекет тек білім алудың тәсілі ретінде ғана емес, сонымен қатар білім алушының азаматтық ұстанымын, құқықтық мәдениетін және дүниетанымын қалыптастырудың тиімді құралы ретінде ұсынылады.

Осылайша, мемлекеттік стандарт білім мазмұны мен тәрбие арасындағы байланысты күшейтетін, білім алушыны толыққанды тұлға ретінде дамытуға бағытталған, зерттеуге негізделген білім берудің әдіснамалық негізін қалайды. Бұл тәсіл білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, ғылыми және шығармашылық ойлауын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында зерттеу қызметі білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, академиялық және тұлғалық әлеуетін дамытудың негізгі тетігі ретінде сипатталады. Бұл деңгейде білім алушылар кең ауқымды дағдыларды – білімді

шығармашылықпен қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жүргізу және шешім қабылдау қабілеттерін меңгеруі тиіс. [1]

Зерттеу қызметі білім мазмұнынан білім алушының өмірлік дағдыларына дейінгі барлық деңгейлермен тығыз байланысты қарастырылады. Оқытудың мақсаты – білім алушыны жоғары оқу орындарына дайындап қана қоймай, оны құндылықтық бағдарлы, дербес шешім қабылдай алатын, көптілді және көпмәдениетті тұлға ретінде қалыптастыру. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін оқу процесінде ізденіс әрекетіне, дәлелге негізделген ой айтуға, мәселе қоюға, шығармашылықпен шешім табуға мүмкіндік беретін интерактивті әдістер қолданылуы тиіс.

Зерттеу жұмысы тек академиялық білім шеңберінде ғана емес, сонымен қатар тұлғаның әлеуметтік, рухани-адамгершілік дамуына ықпал ететін тәрбие құралы ретінде де көрініс табады. Білім алушылардың жобалық және зерттеу іс-әрекеттерін дамытуда жүйелілікті қамтамасыз ету білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Бұл көзқарас зерттеу қызметін оқытудың шеткері емес, орталық компоненті ретінде қабылдайды.

Пәндік мазмұнға келсек, «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері тарихи, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді зерттеу арқылы білім алушылардың тарихи және құқықтық ойлауын, ғылыми дәлелге негізделген пікір айту қабілетін дамытуды көздейді. Мысалы, «Қазақстан тарихы» пәні тарихи құбылыстарды салыстыру, деректер негізінде қорытынды жасау, гипотеза құру, тарихи шынайылықты бағалау сияқты әрекеттерге басымдық береді. «Дүниежүзі тарихы» пәні әлемдік тарихи процестердің бірлігі мен әртүрлілігін зерттей отырып, мәдениетаралық түсінік пен талдау қабілетін жетілдіреді. Ал «Құқық негіздері» пәні білім алушының нормативтік актілермен жұмыс істеу, жағдаятты бағалау, құқықтық шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға бағытталған (6, 26, 38, 47-тармақтар). [1]

Жалпы орта білім деңгейіндегі зерттеу қызметі тұлғаның білім мен құндылықты, ақпарат пен ұстанымды біріктіре алатын, күрделі жағдаяттарда дербес әрекет ете алатын азамат ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Бұл – құзыреттілікке негізделген, тәжірибеге бағдарланған жаңа буын оқулықтары мен бағдарламаларының негізгі ұстанымы.

Қазіргі білім беру саясаты білім мазмұнын жаңғырту арқылы білім алушының ғылыми, шығармашылық және функционалдық әлеуетін дамытуды көздейді. Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасында зерттеу қызметі мен функционалдық сауаттылықты қалыптастыру басты стратегиялық басымдық ретінде белгіленіп отыр. [3]

Тұжырымдамада орта білім беру мазмұнын жетілдіру тұлғалық-іс-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдерге негізделетіні атап өтіледі. Бұл тәсіл оқытуды тек білім берумен шектемей, білім алушыны өмірлік жағдайларда әрекет ете алатын, саналы шешім қабылдайтын азамат ретінде қалыптастыруға бағытталған. Осы мақсатта оқу бағдарламалары пәнаралық байланысты нығайту,

интеграцияланған тақырыптар мен зерттеу міндеттерін енгізу арқылы қайта қаралуда.

Білім беру мазмұнын құруда білім алушының функционалдық сауаттылығын дамыту – негізгі өлшемдердің бірі. TIMSS және PISA халықаралық зерттеулеріндегі көрсеткіштерге сүйене отырып, оқыту процесіне жобалау, зерттеу, STEAM-платформалар, цифрлық технологиялар мен өмірлік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған инновациялық әдістер енгізілуде. Бұл тәсілдер зерттеу әрекетін оқу мазмұнының ажырамас бөлігіне айналдырады.

Сонымен қатар, «Адал азамат» тұжырымдамасы, «Цифрлық мұғалім», «Мобильді мұғалім» сынды жобалар арқылы ауыл мектептеріндегі білім сапасын арттыру, дарынды білім алушыларды қолдау, зерттеу мен шығармашылыққа баулу көзделген. Қазіргі реформаларда зерттеу әрекеті тұлғаның даму құралы ретінде ғана емес, ұлттық мәдениет пен құндылықтарға негізделген тәрбиенің де маңызды құралына айналып отыр.

Білім стандартында айқындалған базалық құндылықтармен қатар, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы №123 бұйрығымен бекітілген «Адал азамат» бағдарламасындағы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» идеясына негізделген түйінді құндылықтарды оқу процесіне интеграциялау ерекше мәнге ие. Аталған құндылықтарды білім беру мазмұнына кіріктіру оқыту, тәрбиелеу және дамытудың өзара бірлігін қамтамасыз етіп, білім алушылардың азаматтық және әлеуметтік құзыреттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл бағыт, ең алдымен, білім алушылардың Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға саналы түрде атсалысуына, қоғам игілігі үшін қызмет етуіне, ұлттық мұраға ұқыпты қарауына, адал еңбекті құрметтеуіне, уақыт пен ресурсты тиімді пайдалануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сыни тұрғыдан ойлау мен креативтілік құндылықтарын дамытуға жағдай жасайды.

Осыған орай, биылғы оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыруда Әдістемелік нұсқау хатта (ӘНХ) көрсетілгендей, «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері шеңберінде зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізуде «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын басшылыққа алу ұсынылады. Бұл тәсіл пән мазмұнын өмірмен байланыстырып қана қоймай, білім алушылардың құндылыққа негізделген зерттеушілік дағдыларын дамытуға да жағдай жасайды [3].

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың мазмұндық және әдіснамалық ерекшеліктері (5–9 сынып)

Қазақстан тарихы – білім алушылардың ұлттық тарихи санасын қалыптастыруға, қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталған іргелі оқу пәні. 5–9 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы білім алушыларға Қазақстан аумағындағы ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі тарихи процестердің дамуын тұтас қарастырып, оларды кезеңдік, хронологиялық және мазмұндық жағынан түсінуге мүмкіндік береді. [7,8,9]

«Дүниежүзі тарихы» пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, толеранттылық, мәдениетаралық түсіністік пен зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру барысында пән мазмұны адамзат өркениетінің даму логикасын, тарихи үдерістердің өзара байланысын, әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қатынастардың эволюциясын зерделеуге бағытталады.

Бағдарлама тарихи білімді мазмұндық бөлімдер арқылы құрылымдай отырып, тарихты түсінудің тұжырымдамалық (концепт) негіздерін қамтамасыз етеді. Әр бөлімде тарихи концептілерге (өзгеріс пен сабақтастық, себеп пен салдар, дәлел, интерпретация, маңыздылық, ұқсастық пен айырмашылық) сүйене отырып, тарихи ойлау дағдыларын дамыту көзделеді. Бұл білім алушыларға тарихи құбылыстарды көпәспекттілі тұрғыдан түсінуге, салыстыру мен бағалау арқылы терең талдау жасауға мүмкіндік береді.

«Қазақстан тарихы» пән бағдарламасы мазмұны әлемдік тарихтағы Қазақстанның рөлін түсіндіруге де ерекше мән береді. Отандық тарихты жаһандық контекстпен сабақтастыра оқыту арқылы білім алушылар дүниетанымын кеңейтіп, тарихи білімді қазіргі заман проблемаларын шешуде қолдана білуге дағдыланады. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім алушылар түрлі өркениеттерді, тарихи тұлғалар мен қоғамдық құрылымдарды салыстыра отырып, дербес зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл әрекет тұлғалық дамуға, тарихи фактіні сыни тұрғыдан пайымдауға, тарихи сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

Пән білім алушыларды тек біліммен қаруландырып қана қоймай, оларды тарихи болмысты зерделей алатын белсенді субъект ретінде қалыптастырады. Осылайша, «Қазақстан тарихы» пәні жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесін меңгеруге бағытталған рухани-мәдени білім мен тәрбие беру кеңістігіне айналады.

Қазіргі білім беру жүйесінде тарихи білім берудің мақсаты білім алушының бойында тарихи сананы қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, дербес ойлау, дәйекті талдау, зерттеу жүргізу, дәлелдеу және тарихи интерпретация жасау дағдыларын дамыту болып табылады. Негізгі орта буын (5–9 сыныптар) «Қазақстан тарихы» пәні осы міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерімен ерекшеленеді.

Оқу пәнінің мазмұны төрт негізгі бағыт арқылы ұйымдастырылған:

1. әлеуметтік қатынастардың дамуы;
2. мәдениеттің дамуы;
3. мемлекеттің дамуы;
4. экономикалық дамудың ерекшеліктері (қараңыз: [7]).

Әр бөлім ішкі бөлімшелерге бөлініп, тарихи процестерді жүйелі түрде түсінуге, салыстыруға, бағалауға және интерпретациялауға мүмкіндік береді. Мәселен, әлеуметтік қатынастар бөлімі – этникалық және әлеуметтік құрылымдар дамуын қамтыса, мәдениет бөлімі – дүниетаным, дін, әдебиет пен өнер, ғылым мен білімнің тарихи эволюциясын көрсетеді.

Мемлекет пен экономика даму бағыттары, ішкі-сыртқы саясат, шаруашылық және сауда-саттық қарым-қатынастары арқылы қарастырылады. Бұл жүйелеу тарихты пән ретінде тұтас және өзара сабақтас түрде меңгеруге жағдай жасайды.

Оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелер тарихи концептілерге негізделіп (өзгеріс пен сабақтастық, себеп пен салдар, дәлел, маңыздылық, интерпретация, ұқсастық пен айырмашылық), тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл тәсіл білім алушыны тек білімді тұтынушы емес, өз көзқарасы мен тұжырымын тарихи дерек негізінде қалыптастыратын субъект ретінде тануға мүмкіндік береді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5,6,7-сыныптарында «Қазақстан тарихы» пәні мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктіріліп оқытылады.

Өлкетану – Қазақстан тарихы пәнінің құрамдас бөлігі ретінде білім алушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін, азаматтық ұстанымын және тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Білім алушылардың өз өлкесінің тарихын зерттеуі арқылы олар жалпыұлттық тарихты тереңірек түсінеді, тарихи процестердің жергілікті ерекшеліктеріне мән береді және туған жер тағдырына ортақтасу сезімін бойына сіңіреді.

Өлкетанудың оқу бағдарламасына кіріктірілуі келесі мақсаттарға бағытталған:

- туған өлке тарихына қызығушылықты арттыру;
- дереккөздермен (мұражай, мұрағат, ауызша тарих, жәдігерлер) жұмыс жасау дағдыларын дамыту;
- тарихи-мәдени мұраға құрметпен қарауды қалыптастыру;
- тарихи білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыру.

Әр тоқсанда қарастырылатын өлкетану тақырыптары білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспарланған және негізгі оқу мақсаттарымен өзара сабақтасқан. Топонимдер мен аңыздардан бастап, тарихи тұлғалар, шежірелер, мектеп пен өңір тарихына дейінгі тақырыптар арқылы білім алушылар өз өлкесінің тарихын зерттеп, жоба жұмыстарын, экскурсиялар мен шығармашылық тапсырмаларды орындайды.

Осылайша, өлкетану тек оқу мазмұны ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың танымдық, зерттеушілік және азаматтық қабілеттерін дамытатын пәрменді педагогикалық құрал ретінде қызмет етеді.

Өлкетану материалдары 5, 6, 7-сыныптарда, яғни әр сыныпта 4 сағаттан 12 сағат көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспарға енгізілген. Төменде кестеде, 5 және 7-сыныптардағы «Өлкетану» бағытына арналған тақырыптар мен оқыту мақсаттары тоқсандық құрылыммен жүйеленіп берілді.

2-кесте. 5-7-сыныптарбойынша «Өлкетану» бағытына арналған тақырыптар мен оқыту мақсаттары

Өлкетану, 5-сынып		
Тоқсан	Тақырып	Оқу мақсаты

1-тоқсан	Туған өлкенің аңыз-ертегілері	5.2.2.9 – өлкенің аңыз-ертегілерінің мән-мағынасын түсіндіру
2-тоқсан	Өлкенің тарихи ескерткіштері	5.2.2.8 – өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну
3-тоқсан	Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және акындар	5.3.1.3 – тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы рөлін түсіндіру
4-тоқсан	Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер	5.2.2.7 – тарихи мұраны жеткізудегі жәдігерлердің рөлін сипаттау

Өлкетану, 6-сынып		
Тоқсан	Тақырып	Оқу мақсаты
1-тоқсан	Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы)	6.2.2.6 – жергілікті жер, қала, өзен, көл, тау атауларының шығу тарихын түсіндіру
2-тоқсан	Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері	6.2.2.7 – өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға үлесін қосқан шеберлерді айқындау
3-тоқсан	Бір халық – бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)	6.1.2.2 – өлкедегі әр түрлі ұлттардың тарихын, салт-дәстүрін сипаттау
4-тоқсан	Туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері	6.3.1.12 – туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлерінің ерлік істері мен еңбегін сипаттау

Өлкетану, 5-сынып		
Тоқсан	Тақырып	Оқыту мақсаты
1-тоқсан	Туристік маршруттар	7.2.3.5 – туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну
2-тоқсан	Жомарт жүрек	7.4.1.3 – өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру
3-тоқсан	Туған өлкенің шежіресі	7.4.1.4 – өлке дамуының маңызды кезеңдерін анықтау; 7.2.2.5 – өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру
4-тоқсан	Менің мектебімнің тарихы	7.2.2.6 – түрлі дереккөздер негізінде өз мектебінің тарихын анықтау

Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тоқсандағы бөлімдер мен бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркінде болғандықтан «Өлкетану» материалдарын әр сынып бойынша кіріктіріп оқыту ұсынылады.

Өлкетану мазмұнын интеграциялау – білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға, жергілікті тарихи сананы және азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған. Бұл мақсат практикалық бағыттағы жобалық әрекет арқылы жүзеге асырылады.

3-кесте «Қазақстан тарихы» пәніне «Өлкетану» курсының мазмұнын кіріктіру және зерттеу-жобалау жұмыстары

Өлкетану мазмұны	Мақсаты	Жобалық-зерттеу жұмыс түрі
Туған өлке тарихының негізгі кезеңдері	Өлке тарихын түсіну, тарихи сана қалыптастыру	«Менің ауылым/қалам тарихы» тақырыбында хронологиялық зерттеу жұмысы
Аймақтағы тарихи және мәдени ескерткіштер	Мәдени мұраны құрметтеу және сақтау	«Менің өлкемнің тарихи ескерткіштері» атты фотобуклет немесе онлайн карта жасау
Өлкенің табиғи байлықтары және экологиялық мәселелері	Табиғатқа жауапкершілікпен қарау дағдыларын дамыту	«Табиғатты қорғау — ортақ міндет» атты зерттеу жобасы (экологиялық жағдайды зерделеу)
Өлкенің танымал тұлғалары	Азаматтық және патриоттық ұстаным қалыптастыру	«Менің өлкемнің мақтанышы» (өмірбаяндық жоба немесе шағын деректі фильм)
Дәстүрлі қолөнер, музыка, салт-дәстүр	Ұлттық мәдениетті тану	«Өлкенің этномәдени келбеті» атты жоба (интервью, бұйымдар жинағы, көрме жасау)
Отбасылық немесе жергілікті тарихи дереккөздер (естеліктер, шежіре, фото, құжаттар)	Тарихи дерекпен жұмыс істеу білігін дамыту	«Менің отбасым — менің тарихым» жобасы (әңгіме, дерек жинау, презентация)

Зерттеу және жобалық жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері

1. *Тарих сабағында мини-зерттеулер мен жобаларды кезең-кезеңімен енгізу*

Бұл тәсіл білім алушылардың зерттеу дағдысын біртіндеп қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы:

5-сыныпта – қарапайым бақылау, отбасылық шежіре құрастыру;

6-сыныпта – шағын сұхбаттар, жергілікті оқиғалар жайлы мәлімет жинау;

7-сыныпта – дерекпен жұмыс істеу, салыстыру, тұжырым жасау. Сабақ құрылымында арнайы «зерттеу сәттері» бөлініп, бағытталған тапсырмалар беріледі.

2. *Жергілікті мұрағаттармен, өлкетану мұражайларымен ынтымақтастық орнату*

Бұл бағытта мұғалімдер жергілікті мәдени мекемелермен бірлесе жұмыс атқарады:

– Мұрағат құжаттарымен таныстыру арқылы дереккөздермен жұмыс жасау;

– Музей сабақ экскурсияларын ұйымдастыру;

– Мекеме қызметкерлерін мектепке шақырып, білім алушылармен кездесу өткізу. Мұндай жұмыс нақты деректермен жұмыс жасау мәдениетін қалыптастырады.

3. *Білім алушылардың ауызша тарих жинауы (ата-әжелерімен сұхбат, ауызекі естеліктер)*

Бұл әдіс:

- білім алушылардың отбасылық тарихи жадқа терең бойлауына;
- тарихи ойлау мен интерпретация қабілетінің дамуына септігін тигізеді.

Мұғалім білім алушыларға сұхбат құрылымын дайындауға көмектеседі, ал алынған деректерді жазбаша немесе мультимедиалық форматта рәсімдеуге бағыт береді.

4. *Экскурсиялар, жаяу серуен, деректі фильм көру және жобаны қорғау* Зерттеу процесі тек сыныпта емес, сабақтан тыс уақытта да жалғасады:

- Өлке бойынша тарихи орындарға экскурсиялар;
- Белгілі тұлғалардың өмірі туралы деректі фильм көру және олар бойынша рефлексия;
- Жобаны сынып алдында, ата-аналар алдында немесе мектепішілік іс-шарада қорғау. Бұл тәсіл білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

5. *Мектепішілік зерттеу көрмесі, постер сессиялар, «тарих күндері» фестивалі арқылы таныстыру*

Білім алушылардың зерттеу нәтижелерімен бөлісуі мотивацияны арттырады:

- Әр сынып өз жобасын постер немесе көрме түрінде дайындайды;
- «Тарих күндері» фестивалі шеңберінде сахналық қойылым, сторителлинг форматтары арқылы жергілікті оқиғалар мен тұлғалар туралы баяндайды;
- Ең үздік жобалар аудандық деңгейде таныстырылады. Мұндай формат білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға жол ашады.

Қазақстан тарихы (10–11 сыныптар)

Жалпы орта білім деңгейінде «Қазақстан тарихы» пәні білім алушылардың тарихи санасын қалыптастыру, азаматтық ұстаным мен отансүйгіштікті дамытуға бағытталған. Пән мазмұны тарихи процестердің тұтастығын сақтай отырып, өркениеттік, этникалық, саяси, әлеуметтік және мәдени даму жолдарын терең зерделеуге мүмкіндік береді.

Оқу пәнінің басты мақсаты – отандық тарихты жүйелі зерттеу арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, сын тұрғысынан ойлай алатын, тарихи деректермен жұмыс істей білетін, өз көзқарасын дәлелдей алатын және түрлі тарихи дереккөздерден алынған ақпараттарды тиімді қолдана алатын азамат тұлғасын қалыптастыру.

10–11-сыныптарда пән мазмұны құрылымдалған төрт негізгі бағытты қамтиды:

1. Өркениет: даму ерекшеліктері
2. Саяси-құқықтық және әлеуметтік процестер
3. Қоғамдық-саяси ой мен мәдениеттің дамуы
4. Білім мен ғылым эволюциясы [10]

Мазмұн тарихи концепттер (өзгеріс пен сабақтастық, себеп пен салдар, дәлел, интерпретация т.б.) арқылы құрылып, тарихи ойлау дағдыларын

дамытуды көздейді. Әсіресе, өлкетанулық зерттеу, тарихи реконструкция, жобалық жұмыс және дерекпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға басымдық берілген. Пән мазмұнында ұлттық идея мен тарихи жадтың, тұлғалық еркіндік пен азаматтық белсенділіктің өзара сабақтастығы сақталған. «Алаш», «Мәңгілік Ел», этносаралық қатынастар тарихы сияқты бөлімдер білім алушыларды тарихи ойлауға ғана емес, қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайды түсінуге де жетелейді.

ҚГБ бойынша бағдарламадағы ерекшелік – әр тоқсан соңында білім алушылар тарихи зерттеу жұмыстарын орындайды. Бұл – тарихты зерттеу мен түсіндірудің практикалық қырын меңгеруге, сондай-ақ дербес ой айтуға мүмкіндік береді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша жалпы орта білім беру деңгейіндегі үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әрбір оқу тоқсан соңында зерттеу жұмыста рының тақырыптары ұсынылады. Білім алушыларға белгіленген зерттеу тақырыбы аясында белгілі бір аспектіні тандау құқығы берілуі керек. Әрбір тоқсанда ұсынылған зерттеу жұмыстары жобалық-зерттеу сипатындағы жұмыстар ретінде ұйымдастырылуы мүмкін. Зерттеу жұмысының мақсаты өткен бөлім тақырыпта рының жекелеген аспектілері бойынша теориялық материалды қорытындылау, талдау және жүйелеу. Бұл зерттеу дағдылары, шығармашылық және сыни ойлау дағдылары, қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. «Құқық негіздері» пәндері бойынша зерттеу жұмыстарын орындау білім алушыларда құқықтық жағдайларды талдау, нормативтік құқықтық құжаттар негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. [3]

Қазақстан тарихы пәні бойынша зерттеу жұмыстарының мазмұны мен ерекшеліктері (10–11 сынып)

Жалпы орта білім деңгейінде «Қазақстан тарихы» пәнінің 10–11-сыныптарындағы оқу бағдарламасына зерттеу жұмыстары жүйелі түрде кіріктірілген. Әр тоқсан соңында білім алушылардың тарихи танымын тереңдетуге және тарихи ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған зерттеу тапсырмалары ұсынылады. Бұл тапсырмалар білім алушылардың пәндік білімді тек репродуктивті түрде меңгеріп қана қоймай, оны талдау, интерпретациялау және өз бетінше тарихи дәлелдер келтіру арқылы дербес пікір қалыптастыруына мүмкіндік береді.

3-кесте 10–11-сыныптар үшін «Қазақстан тарихы» пәні бойынша зерттеу жұмыстары

Сынып	Бөлім атауы	Зерттеу тақырыбы	Қысқаша сипаттама
10	Өркениет: даму ерекшеліктері	Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала	Өркениеттік үдерістердегі Ұлы Даланың орны мен үлесін тарихи деректер негізінде зерттейді.

	Этникалық және әлеуметтік процестер	Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы	Этникалық құрылым, әлеуметтік жіктелу, басқару мен билік формаларын зерделейді.
	Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы	Қазақ хандығынан бастап тәуелсіздікке дейінгі мемлекеттілік тарихы салыстырмалы талданады.
	Мәдениеттің дамуы	Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды	Қазақ халқының материалдық емес мәдени мұраларын зерттейді.
11	Өркениет: даму ерекшеліктері	Өртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктері	Қазақстан экономикасының даму сатыларын эволюциялық және институционалдық тұрғыда талдайды.
	Саяси-құқықтық процестер	Қазақстан этностары: тарихы мен тағдыры	Этносаралық қатынастар, саяси шешімдер мен көші-қон үдерістері қарастырылады.
	Қоғамдық-саяси ойдың дамуы	Қоғамдық-саяси ойдың біріктіруші рөлі	«Алаш» идеясы, тәуелсіздік тұжырымдары және заманауи қоғамдық пікірлер сабақтастығы талданады.
	Білім мен ғылымның дамуы	Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары	Білім алушылар өз өлкелеріндегі ғалымдар, ағартушылар немесе зиялылардың қызметін зерттейді.

Қазіргі білім беру парадигмасы білім алушыны тек ақпаратты қабылдаушы ғана емес, білімді өздігінен құра алатын субъект ретінде қарастыруды көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақстан тарихы» пәні бойынша зерттеу жұмыстары – тарихи сананы қалыптастырудың, дербес тарихи пайым жасаудың және функционалдық сауаттылықты дамытудың тиімді педагогикалық құралы болып табылады. Бұл зерттеу әрекеттері пәннің негізгі мақсаты мен міндеттерімен тікелей байланысты, өйткені олар тарихи құбылыстар мен процестерді ғылыми тұрғыдан зерделеуді, деректерді талдау мен салыстыруды, дәлел келтіру мен аргументация жасауды талап етеді.

Зерттеу жұмыстарының әдістемелік ерекшеліктері

1. Мақсатқа сәйкестік принципі. 10–11-сыныптарға арналған зерттеу жұмыстары оқу пәнінің негізгі мақсаттарымен толық үйлеседі. Атап айтқанда, бұл тапсырмалар білім алушыларда тарихи сана қалыптастыруға, азаматтық және патриоттық ұстанымдарын нығайтуға, тарихи деректер негізінде дәлел келтіру мен интерпретация жасау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Әр тоқсанда берілетін зерттеу жұмысы сол кезеңде қарастырылатын тарихи мазмұнмен тікелей байланысты. Мысалы, 10-сыныптағы «Ұлы Дала өркениеті» немесе «Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы» тақырыптары білім алушыны өзінің ұлттық болмысы мен тарихи тамырына терең үңілуге жетелесе,

11-сыныптағы «Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары» секілді тақырыптар білім алушының өлкетанушылық көзқарасын қалыптастырып, тарихи зерттеудің практикалық маңызын аша түседі.

Осылайша, зерттеу жұмыстары білім алушыны тек білім алушы ретінде ғана емес, ойлы, дәлелді көзқарасы бар зерттеуші ретінде қалыптастыруды көздейді. Бұл тәсіл оқу мақсаттарын мазмұнмен ғана емес, әрекет арқылы меңгертуге мүмкіндік береді.

2. Пәнаралық байланыс және сабақтастық. Қоғамдық-гуманитарлық бейіндік бағытта «Қазақстан тарихы» пәнінде жүзеге асырылатын зерттеу жұмыстары мазмұны жағынан «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндерімен тығыз байланыста құрылып, пәнаралық бірізділікті қамтамасыз етеді. Бұл үш пәннің зерттеу мазмұны тарихи, әлеуметтік және құқықтық құбылыстарды кешенді түрде түсіндіруге, білім алушыны кең тарихи-контекстуалдық ойлауға тәрбиелеуге бағытталған.

Мәселен, Қазақстан тарихындағы саяси-құқықтық процестерді зерттеу «Құқық негіздері» пәнінде құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам ұғымдарымен, ал «Дүниежүзі тарихы» пәнінде жаһандық тарихи контексттегі ұқсас құбылыстармен салыстырмалы түрде қарастырылады. Білім алушы бұл пәндер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, себеп-салдарлық байланыстарды түсіне отырып, өз зерттеуінде әртүрлі көзқарастар мен ғылыми аргументацияны қолдануға үйренеді.

Сондай-ақ, тарихи зерттеу дағдылары – дерекпен жұмыс, гипотеза құру, дәлел келтіру, қорытынды жасау – үш пәннің де зерттеу тапсырмаларына ортақ әдіснамалық негіз болып табылады. Бұл сабақтастық білім алушының біртұтас тарихи-құқықтық түсінігін қалыптастыруға мүмкіндік береді және олардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді тетігіне айналады.

3. Білім алушы белсенділігі мен қызығушылығын арттыру. Зерттеу жұмысында білім алушы – ізденуші, талдаушы және шешім қабылдаушы ретінде көрінеді. Бұл тәсіл Bloom таксономиясының жоғары деңгейлеріне (талдау, синтез, бағалау) сәйкес келеді. Қазақстан тарихы пәнінде жүйелі зерттеу жұмыстарының берілуі білім алушының оқу үдерісіндегі белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Әр тоқсандағы зерттеу тапсырмасы білім алушының дербес жұмыс жасауына, дереккөзбен өз бетімен жұмыс істеуіне, өз ойы мен тұжырымын негіздеуге, академиялық адалдықты сақтай отырып өз пікірін қорғауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы барысында білім алушы өз білімін ізденіс арқылы тереңдетіп қана қоймай, жеке қызығушылығына сәйкес зерттеу тақырыбын бейімдеп, шығармашылық ізденіс пен интеллектуалдық дербестікті жүзеге асырады. Сонымен қатар, ол командалық жұмыс пен өзара пікір алмасу арқылы ынтымақтастық мәдениетін, пікірталас кезінде сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, және өз жұмысын таныстыру арқылы презентациялық дағдыларын дамытады.

Тарихи дереккөздермен жұмыс. Білім алушының оқу әрекеті енді сырттан басқарылатын емес, ішкі мотивацияға негізделген тұлғалық ізденіс сипатына ие

болады. Бұл – құндылыққа бағытталған және құзыреттілікке негізделген білім берудің негізгі өлшемдеріне толық сәйкес келеді.

4. Тарихи дереккөздермен жұмыс Әр зерттеу тапсырмасы бастапқы (түпнұсқа) және қосымша тарихи дереккөздерді талдауға негізделеді. Бұл тарихи пайымның дәлдігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді.

Зерттеу жұмысының әдістемелік негізіндегі маңызды элементтердің бірі — тарихи дереккөздермен жұмыс істеу дағдысы. Қазақстан тарихы пәнінің мазмұны мен мақсаттарына сәйкес, білім алушылар дереккөздерді талдау арқылы тарихи шындықты интерпретациялауға, дәйекті қорытындылар жасауға және өз ұстанымын дәлелдеуге үйренеді.

Тарихи дереккөздермен жұмыс:

- ✓ білім алушылардың дерек пен интерпретацияны ажырату қабілетін қалыптастырады;

- ✓ бірнеше көзқарасты салыстыру, сенімділік пен бейтараптықты бағалау сияқты сыни пайым жасау дағдыларын дамытады;

- ✓ сөйлеу және жазу тілін дамытуға, ғылыми стильде тұжырымдауға септеседі;

- ✓ архивтік, ауызша, көрнекі және цифрлық дереккөздерді пайдалануға жағдай жасайды.

Білім алушылар мәтін, кесте, карта, фотоқұжат, тарихи фильм, мемуар немесе статистикалық деректер сияқты әртүрлі форматтағы дереккөздермен жұмыс істеу арқылы тарихтың көпәспекттілігін түсініп, оны қазіргі уақытпен байланыстыруға машықтанады. Бұл тәсіл зерттеушілік ойлаудың базалық дағдыларын қалыптастырады және тарихи сауаттылықты арттырады.

Академиялық адалдық. Зерттеу жұмыстары барысында білім алушылар ғылыми мәтінмен жұмыс істеу, дереккөзге сілтеме беру, пайым мен дәлел келтіру тәрізді академиялық сауаттылық қағидаттарын меңгереді. Зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда академиялық адалдық – білім алушылардың ғылыми мәдениетін қалыптастырудың іргетасы болып табылады. Бұл ұстаным Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнына тән негізгі құндылықтармен (адалдық, әділеттілік, жауапкершілік) тығыз байланысты.

Білім алушылардың зерттеу барысында дереккөздерге дұрыс сілтеме жасау, плагиаттан аулақ болу, деректерді бұрмаламау, деректерді тексеру мен интерпретацияда әділ болу сияқты академиялық дағдыларды меңгеруі – ғылыми жұмыстың сапалы әрі этикалық тұрғыдан дұрыс орындалуын қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру үшін:

- ✓ Мұғалімдер зерттеу жұмысының құрылымын, дереккөздермен жұмысты, пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеуді үйретуі қажет;

- ✓ Зерттеу тапсырмаларында дербес жұмысқа ынталандыру және топтық жұмыс кезінде авторлық үлесті анықтау тәсілдері қолданылуы керек;

- ✓ Интерпретациялық еркіндік пен дәлелді пайымдау арасындағы балансты сақтау маңызды.

Осы арқылы білім алушыларда тек тарихи таным ғана емес, сонымен қатар өмірлік маңызды академиялық және азаматтық құндылықтар да қалыптасады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні 10–11-сыныптар

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқыту тарихи сананы қалыптастыруға, білім алушылардың азаматтық ұстанымы мен әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Бұл пәнді оқыту білім алушылардың адамзаттың тарихи дамуы мен жаһандық үдерістерді терең ұғынуына, өткенді саралай отырып қазіргі әлемде өз орнын айқындауына жағдай жасайды.

Пәннің басты мақсаты – тарихи білімді оқу мен қоғамдық өмірде шығармашылықпен қолдана алатын, патриоттық және гуманистік құндылықтарды бойына сіңірген тұлға қалыптастыру. Оқу мазмұны дүниежүзі өркениеттерінің өзара ықпалы мен тарихи сабақтастығын түсінуге мүмкіндік береді.

Мазмұндық құрылымы мен тарихи концептілерге негізделуі

Пән мазмұны төрт ірі бөлімге топтастырылған:

1. Өркениет: даму ерекшеліктері
2. Этникалық және әлеуметтік процестер
3. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан
4. Мәдениеттің дамуы [11]

11-сыныпта бұл құрылым саяси-құқықтық процестер, қоғамдық ойдың дамуы, білім мен ғылым тақырыптарымен кеңейеді. Әрбір бөлім тарихи ойлауды дамытуға бағытталған түсініктермен (өзгеріс пен сабақтастық, себеп-салдар, дәлел, интерпретация, т.б.) және пәнаралық байланыстармен (география, құқық негіздері, философия) үйлестіріледі.

Зерттеушілік әрекетті ұйымдастыру ерекшеліктері

«Дүниежүзі тарихы» пәнінде зерттеу жұмыстары әрбір мазмұндық бөлімнен кейін ұсынылатын тақырыптар аясында ұйымдастырылады. Бұл зерттеулер жалпы сипатқа ие тақырыптармен шектелмей, білім алушыларға нақты аспектіні таңдауға еркіндік береді. Бұл тәсіл білім алушының қызығушылығы мен дайындығына қарай тақырыпты тереңірек игеруіне мүмкіндік береді және тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын дамытады.

Зерттеу тапсырмалары пәннің мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді, себебі олар:

- тарихи сананы қалыптастыруға;
- сыни ойлау мен тарихи дәлелдеу дағдыларын дамытуға;
- азаматтық ұстаным мен патриотизмге тәрбиелеуге;
- академиялық адалдыққа баулуға бағытталған.

Сонымен қатар, зерттеу әрекеті пәнаралық байланысты жүзеге асыру құралы болып табылады (мысалы, Қазақстан тарихы, Құқық негіздері, География, Әдебиет пәндерімен).

Зерттеу тақырыптары

10-сынып (әр тоқсан бойынша):

1. «Әлем тарихы контексіндегі өркениеттердің өзара ықпалдастығы мен байланыс тәсілдері»—білім алушылар әртүрлі өркениеттер арасындағы мәдени, экономикалық, діни байланыстарды зерттейді.

2. Дүниежүзілік тарихтағы этникалық және әлеуметтік процестер—көші-қон, әлеуметтік стратификация, халықтардың қарым-қатынасы, этностардың орны мен рөлі зерттеледі.

3. Әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешу жолдары—тарихтағы реформалар, революциялар, модернизациялық процестердің түрлі мысалдары қарастырылады.

4. Мәдениет — адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтарының көрінісі—өнер, дін, философия арқылы мәдени кодты зерттеу.

11-сынып (әр тоқсан бойынша):

1. Қазақстан табиғи-географиялық шектеулерін еңсерудің әлемдік тәжірибесіне негізделген келешек мүмкіндіктері — «әлем елдеріндегі аграрлық, инфрақұрылымдық, климаттық бейімделу тәжірибелерін зерттеу.

2. ХХІ ғасырдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары—халықаралық қауіпсіздік құрылымдары, БҰҰ, НАТО, аймақтық ынтымақтастық форматтары зерттеледі.

3. Тарихтағы тұлғаның рөлі — әлемдік тарихтағы көрнекті саясаткерлер, ойшылдар, реформаторлар үлгісінде зерттеу.

4. Жаһандану жағдайындағы ғылым мен техника салаларының болашағы—ғылыми революциялар, технологиялық серпілістер, қазіргі инновациялық трендтер.

Практикалық жүзеге асыру формалары

- шағын жоба жұмыстары, постерлік таныстырылымдар;
- зерттеу эсселері;
- мектепішілік ғылыми конференцияларға қатысу;
- құрылымы бар ғылыми жұмыс жазу (кіріспе, мақсат, әдіс, талдау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер).

10–11 сыныптарда «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша жүргізілетін зерттеу жұмыстары білім алушылардың тек тарихи білімін тереңдетіп қана қоймай, сонымен қатар функционалдық сауаттылығын, академиялық адалдықты, рефлексия мен жеке көзқарас білдіру қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл олардың болашақта жоғары білім алуға және қоғамдық өмірге белсенді араласуына негіз болады.

Әдістемелік ұстанымдар мен пәнаралық байланыс

Зерттеу жұмыстары ғылыми дәлдік пен дерекке негізделу, тарихилық пен себеп-салдарлық байланыс, салыстырмалы және контекстуалды талдау; білім алушы белсенділігін арттыру және жеке көзқарасты дәлелдей білу сияқты әдістемелік принциптерге негізделеді.

Зерттеу әрекетін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері:

Зерттеу тапсырмаларын тиімді жүзеге асыру үшін педагог құрылымдалған әдіснамалық модельге сүйенуі тиіс. Бұл модель төмендегі кезеңдерді қамтиды:

1. *Зерттеу тақырыбын өзектендіру*— білім алушыларға зерттеу тақырыбының тарихи маңызы мен қазіргі қоғаммен байланысы түсіндіріледі.

2. *Мәселелі сұрақ қою*—мұғалім зерттеу тақырыбына қатысты проблемалық сұрақ (driving question) қалыптастырады. Бұл сұрақ тарихи себеп-салдар, интерпретация немесе салыстыруға негізделуі тиіс.

3. *Гипотеза мен болжам жасау*—білім алушы өз болжамын ұсынады, ол кейін зерттеу деректерімен тексеріледі.

4. *Деректерді жинау және талдау* білім алушылар тарихи дереккөздермен, карталармен, естеліктермен немесе архивтік құжаттармен жұмыс жүргізеді.

5. *Интерпретация және аргументация*—білім алушы тарихи құбылыстарға түрлі көзқарастарды ескере отырып, өз интерпретациясын ұсынады және дәлелмен негіздейді.

6. *Қорытынды және презентация* – зерттеу қорытындысы академиялық форматта (презентация, баяндама, рефлексив эссе) ұсынылады. Мұнда білім алушының дербес көзқарасы мен зерттеушілік тәсілі бағаланады.

4-кесте. Оқу процесіндегі тарихи-зерттеу принциптері

Принцип	Оқу процесінде іске асырылуы
Ғылымилық	Зерттеу жобалары нақты тарихи фактілерге, дереккөздерді сын тұрғысынан талдауға, ғылыми әдіснамаға негізделеді.
Тарихилық	Әр зерттеу жобасы тарихи контексте қарастырылады, тарихи дамудың үдерісі мен өзгерістердің себептері ашылады.
Дәлелділік	Білім алушы өз тұжырымдарын субъективті пікірмен емес, нақты деректер мен тарихи фактілер негізінде дәлелдеуі тиіс.
Объективтілік	Тарихи деректерді интерпретациялау кезінде әртүрлі көзқарастар мен ғылыми ұстанымдар ескеріледі, балансты көзқарас қалыптастырылады.
Интегративтілік	Зерттеу жұмыстарына өзге пәндерден (құқық, дүниежүзі тарихы, әдебиет, география) мәліметтер мен әдістер кіріктіріледі.
Мәселелілік	Зерттеу сұрағы немесе мәселесі нақты қойылады, оны шешу үшін талдау, салыстыру және қорытынды жасау талап етіледі.
Сыни ойлау дағдыларын дамыту	Білім алушылар тарихи фактілерді талдау, салыстыру, бағалау және интерпретациялау дағдыларын меңгереді.
Құндылықтық-мақсаттық бағыттылық	Зерттеу жұмыстары азаматтық сана, патриотизм және тарихи мұраға құрмет секілді құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады.
Академиялық адалдық	Дереккөздерге дұрыс сілтеме беру, плагиаттан аулақ болу, басқа авторлардың идеяларына этикалық тұрғыда қарау мәдениеті қалыптастырылады.
Рефлексиялық ұстаным	Білім алушы зерттеу үдерісін, қиындықтарды, нәтижелер мен шешім қабылдау жолдарын ой елегінен өткізіп, өз дамуын бағалауға үйренеді.

«Құқық негіздері» пәні, 9-сынып

«Құқық негіздері» пәні құқықтық сауатты, азаматтық белсенді және әлеуметтік жауапты тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Пән мазмұны білім алушылардың құқықтық түсініктерді меңгеріп қана қоймай, өз құқықтары мен міндеттерін практикалық тұрғыдан қолдану, құқықтық ойлау, заңды

интерпретациялау, және сын тұрғысынан баға беру қабілеттерін дамытуға бағытталған. Осыған сәйкес зерттеу әрекеті пәннің ішкі құрылымымен және мақсат-міндеттерімен тығыз байланысты.

«Құқық негіздері» оқу пәнінің базалық білім мазмұны: Құқық және мемлекет, Конституциялық құқық, Азаматтық құқық, Еңбек құқығы, Отбасы құқығы, Әкімшілік құқық, Қылмыстық құқық бөлімдерін қамтиды.

Ұзақ мерзімді жоспардағы тақырыптар проблемалық сұрақтар түрінде құрастырылған. Оның басты себебі – кез келген тақырып білім алушыларды бірден ойландырады және білім алушыларды сын тұрғысынан ойлауға, проблемалық сұрақ қоюға, өздігінен талдау жасау дағдыларын дамытуға жәрдемдеседі.

Зерттеу әрекетін ұйымдастыру арқылы:

- құқықтық ұғымдарды өмірлік жағдаяттармен байланыстыру;
- азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің белгілерін бағалау;
- жеке және қоғамдық мүдделерді үйлестіруді түсіну;
- құқықтық жағдаяттарды нақты кейстер негізінде талдау жүзеге асырылады. [9]

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Құқық негіздері» оқу пәнінің мазмұны құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға, демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын түсінуге бағытталған.

10-11-сыныпта «Құқық негіздері» пәнінің мазмұны білім алушыларға түрлі құқық салаларының ерекшеліктері мен мәнін түсіндіруді тереңдетеді.

«Құқық негіздері» оқу пәні құқық нормалары, заңдар мен нормативтік құқықтық актілер арқылы қамтамасыз етілетін процестерді бағалау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау, талдау үшін білім алушылардың қажетті құқықтық ойлау дағдысын дамытуды қарастырады. Аталған оқу пәнінің аксиологиялық қызметі құқықтық сауаттылықты, құқықтық сана-сезім құндылықтарын қалыптастыруға негізделген.

10–11 сыныптарға арналған «Құқық негіздері» пәні бойынша жобалық-зерттеу жұмыстары

Зерттеу жұмысын жүргізудің мақсаты: теориялық материалды зерттеу тақырыптарының жеке аспектілері бойынша жүйелеу, терең талдау жасау және жалпылау.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарда әр оқу тоқсанының соңында «Зерттеу жұмысы» сабағын өткізу қарастырылған. Тұлғаның танымдық белсенділігін, шығармашылық, жобалық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін *қоғамдық-гуманитарлық бағытта* әр тақырыптық бөлімнен кейін келесі зерттеу жұмысы тақырыптары берілген. [12]

Жобалық және зерттеу жұмыстары құқықтық білім берудің практикалық бағытын күшейтіп, білім алушылардың сыни ойлау, талдау, салыстыру, аргументациялау, құқықтық нормаларды қолдану және интерпретациялау қабілеттерін дамытады. Әрбір зерттеу жұмысы нақты тарау мазмұнымен байланыстырыла құрылады және білім алушылардың белсенді әрекетіне негізделеді.

10-сынып:

1. «Мемлекет пен құқық формаларының эволюциясы». Бұл жұмыста білім алушылар құқық пен мемлекеттің даму сатыларын салыстыра зерттейді. Тарихи-құқықтық деректер, диаграмма-кестелер, хронологиялық шолу мен нормативтік анықтамалар негізінде эволюциялық ерекшеліктерге талдау жасайды.

2. «Жария құқық салаларының ерекшеліктерін сипаттау». Жоба барысында білім алушылар ҚР Конституциялық, әкімшілік, экологиялық және қылмыстық құқық салаларының құрылымын, міндеттерін және өзара байланысын жүйелі зерттейді. Нормативтік актілермен, құқықтық терминологиямен және нақты мысалдармен жұмыс жүргізіледі.

3. «Жеке құқық – адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуының кепілдігі». Жеке құқық саласының (азаматтық, еңбек, отбасы, тұтынушы құқықтары) азамат өміріндегі мәні мен рөлін ашу үшін білім алушылар өмірлік жағдаяттар мен заң нормаларын байланыстыра отырып зерттеу жүргізеді. Құқықтық жағдаяттарға шешім ұсыну, аргументтелген пікір білдіру арқылы тәжірибелік бағытта орындалады.

4. «Құқыққа қатысты процестер қадамдарының сипаттамасы». Қылмыстық, азаматтық және әкімшілік процестердің кезеңдері, негізгі қағидаттары мен субъектілері сипатталады. Білім алушылар рөлдік ойын, процестік диаграмма және функционалдық үлгі арқылы құқық қолдану тәжірибесін модельдейді.

5. «Адам құқықтарын қорғау жөніндегі қазіргі заманғы халықаралық ұйымдар». Бұл тақырыпта білім алушылар БҰҰ, Еуропалық адам құқықтары жөніндегі сот, ЮНИСЕФ секілді ұйымдардың құрылымы мен қызметін зерттейді. Жұмыс барысында халықаралық құжаттармен жұмыс, салыстырмалы талдау және презентация жасау әдістері қолданылады.

11-сынып:

1. «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының құқық жүйесі және мемлекеттік органдар жүйесі». Білім алушылар Қазақстандағы құқық жүйесі мен билік тармақтарының құрылымын зерттейді. Схема, инфографика және заңнамалық база арқылы нақты құрылымдық талдау жасайды.

2. «Мемлекеттік билік пен басқару органдарының қызметін реттеудегі жария құқықтың рөлі». Жария құқықтың, әсіресе сайлау, әкімшілік және жер құқығының мемлекеттік басқарудағы орны талданады. Білім алушылар нақты заң баптарын талдау, құқықтық кейстерді сипаттау және құқықтық инфографика жасау арқылы өз жұмысын ұсынады.

3. «Жеке меншік құқықты қорғауды қамтамасыз етудегі жеке құқықтың рөлі». Бұл зерттеу келісімшарттар, мұрагерлік және авторлық құқықтар негізінде жеке мүліктің қорғалуы мәселесін қарастырады. Құқықтық кеңес, практикалық ұсыныстар және жағдаяттық шешімдер жасауға бағытталған.

4. «Қазақстан Республикасында азаматтық құқықтарды қорғау әдістері» Азаматтық құқықтарды қорғаудың түрлі жолдары (сот, медиация, ювеналды әділет) зерттеліп, білім алушылар рөлдік модельдеу және құқықтық аргументация арқылы өз шешімдерін ұсынады.

5. «Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде халықаралық құқық нормаларын іске асыру». Қазақстанның халықаралық құқық нормаларын ұлттық заңнамаға енгізу және олардың орындалуын зерттеуге негізделген бұл тақырыпта білім алушылар халықаралық келісімдермен жұмыс жасап, талдамалық баяндама немесе құқықтық шолулар әзірлейді.

Жобалық-зерттеу тақырыптары оқу процесінде білім алушылардың зерттеушілік мәдениетін, құқықтық ойлау қабілетін және азаматтық ұстанымын дамытуда маңызды рөл атқарады. Жұмыстар рефлексия мен пікірталасқа, дәлелдеме мен тұжырымға құрылып, білім алушыларды өмірмен байланысты өзекті мәселелерді құқықтық тұрғыда шешуге дағдыландырады.

Қазіргі білім беру үдерісі білім алушылардың тек пәндік білімін меңгеріп қана қоймай, олардың зерттеушілік дағдыларын, дербес ойлауын және әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін қалыптастыруды көздейді. Осы тұрғыда тарих пәндері мен «Құқық негіздері» пәні зерттеу қызметін жүзеге асыруға кең мүмкіндік береді. Бұл пәндерде жүргізілетін жобалық-зерттеу жұмыстары білім алушылардың сыни және тарихи ойлау қабілетін, құқықтық сана-сезімі мен азаматтық ұстанымын қалыптастырудың пәрменді құралы ретінде қарастырылады.

10-11 сыныптарда тарих және құқық салалары бойынша зерттеу жұмыстары параллель ұйымдастырылып, мазмұндық жағынан өзара толықтырып отырады. Зерттеу нысаны, дереккөздер типі, әдістері мен нәтиже түрі бойынша айырмашылықтары болғанымен, бұл пәндерде жүргізілетін зерттеу жұмыстары пәнаралық интеграцияға да кең мүмкіндік береді. Мұндай интеграция білім алушылардың білімді тек меңгеріп қоймай, оны өмірлік жағдайларда қолдана білу, әртүрлі көзқарастарды саралай отырып өз ұстанымын қалыптастыру дағдыларын дамытуға бағытталады.

5-кесте. Зерттеу жұмыстарының пәнаралық ерекшеліктері (Тарих және Құқық пәндері)

Критерий	Тарих пәндері	Құқық негіздері пәні
Зерттеу нысаны	Өткен оқиғалар, тарихи тұлғалар, кезеңдер, процестер, дереккөздер	Қазіргі құқықтық қатынастар, заңнамалық нормалар, құқық салалары, құқықтық жағдаяттар
Зерттеу әдістері	Тарихи-салыстырмалы, хронологиялық, интерпретативті, нарративтік, дереккөздерді сараптау	Кейс-талдау, нормативтік құжатпен жұмыс, құқықтық интерпретация, аргументация және дәлелдеу
Дереккөздер түрі	Тарихи құжаттар, естеліктер, хроникалар, карталар, фото, ауызша тарих	Конституция, кодекстер, заңдар, құқықтық актілер, ресми сайттар, құқықтық жағдаяттар
Білім алушы қызметінің сипаты	Тарихи деректерді зерделеу, себеп-салдарды анықтау, өткен оқиғалардан сабақ шығару	Құқықтық норманы түсіну, қолдану, құқықтық позицияны дәлелдеу және қорғау
Нәтиже түрі	Эссе, реферат, зерттеу постері, тарихи хронология, баяндама	Кейс-рефлексия, құқықтық пікір, нормативтік талдау, құқықтық жоба немесе кеңес

Бағалау критерийлері	Дереккөздермен жұмыс, хронологиялық дәлдік, логикалық пайымдау, интерпретация	Құқықтық дәлел, заң нормасына сілтеме, шешімнің заңдылығы мен дәлдігі
Мақсаттық бағыты	Тарихи сананы, ұлттық бірегейлікті, дерекпен жұмыс мәдениетін қалыптастыру	Құқықтық сауаттылықты, азаматтық жауапкершілікті, құқықты қолдану дағдыларын дамыту

Құқық негіздері пәніндегі зерттеу жұмыстарында нормативтік құжаттарды қолданудың әдістемелік ерекшеліктері

1. Зерттеу барысында заң актілері (Конституция, кодекстер, заңдар, қаулылар, жарлықтар) тікелей зерттеу объектісі ретінде алынады. Мұғалім білім алушыға нақты нормативтік актінің құрылымымен (бап, тармақ, тармақша) танысуға және оны кәсіби тілде талдауға үйретеді. Мысалы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының» негізгі баптарын талдап, сыныпшылық құқықтық пікірсайыс өткізу.

2. Құқықтық нормаларды табу және талдау дағдысын қалыптастыру. Білім алушылар нормативтік құжаттан нақты мәселе бойынша құқықтық норманы (ережені) өз бетінше іздеп табуды үйренеді. Бұл – құқықтық ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыратын негізгі дағды.

Мысал: «Еңбек шарты жасөспірімдермен қалай жасалады?» сұрағына ҚР Еңбек кодексінен бапты тауып, оның негізінде қорытынды жасау.

3. Нормативтік-құқықтық құжатты интерпретациялау (түсіндіру)

Мұғалім білім алушыны заң тіліндегі күрделі нормаларды қарапайым тілде түсіндіруге, мысал келтіру арқылы интерпретациялауға бағыттайды. Бұл құқықтық мәтінді түсінуге, құқықтық логиканы дамытуға көмектеседі.

Мысал: ҚР Конституциясының 14-бабы («Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең») мазмұнын күнделікті өмірмен байланыстыра түсіндіру.

4. Норманы практикалық жағдаятпен байланыстыру

Зерттеу барысында білім алушылар нақты өмірлік жағдаятқа қатысты қандай заң қолданылатынын анықтап, норма → жағдаят → шешім схемасы бойынша талдау жүргізеді. Бұл тәсіл құқықтық нормаларды қолдануға үйретеді.

Мысал: Тұтынушы құқықтарының бұзылуы туралы жағдаят беріліп, ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңынан шешім табу.

5. Құқықтық нормаларды салыстыру және салыстырмалы құқықтық талдау

Жоғары деңгейдегі зерттеу жұмыстарында білім алушылар әртүрлі заңнамалардағы (мысалы, ҚР мен басқа елдердегі) бір мәселеге қатысты құқықтық нормаларды салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.

Мысал: «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі: Қазақстан мен Германия заңнамасындағы айырмашылықтар».

6. Нормативтік базамен жұмыс істеу құралдарын пайдалану

Мұғалім білім алушыны ашық құқықтық дереккөздермен жұмыс істеуге үйретеді:

– Adilet.zan.kz – заңдар мен кодекстер базасы;

- ҚР Конституциясы сайттары, электронды үкімет порталдары;
- Құқықтық ақпарат орталықтары.

«Құқық негіздері» оқу пәнінде зерттеу жұмысын жүргізу барысында нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдану – білім алушылардың құқықтық сауаттылығын, заң мәтінімен жұмыс істеу және оны қолдану дағдыларын қалыптастырудың тиімді тәсілі. Бұл әдіс құқықты тек теория емес, қоғамдық өмірде қолданылатын нақты құрал ретінде ұғынуға мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдарында зерттеу әрекетін ұйымдастыру бағытындағы тәжірибелер

Білім беру ұйымдарында зерттеу әрекетін ұйымдастыру бағытындағы озық тәжірибелер 2023–2025 жылдары Академия ұйымдастырған республикалық ғылыми-практикалық семинарлар барысында кеңінен ұсынылды. Аталған іс-шаралар кезінде еліміздің түрлі өңірлерінен келген пән мұғалімдері өз білім алушыларының орындаған жеке зерттеу жобаларын, өлкетанулық постер-көрмелерін, шағын тарихи реконструкцияларын және мәліметтерге негізделген презентацияларын таныстырып, әдістемелік модельдермен бөлісті.

Мұндай мысалдар:

- білім алушылардың зерттеу қабілеті мен тарихи деректермен жұмыс жасау дағдыларының қалыптасуын;
- педагогтердің жергілікті контекске негізделген мазмұнды қолдану шеберлігін;
- зерттеу әрекетін пәнге кіріктірудің әртүрлі формалары мен тәсілдерінің бар екенін көрсетеді.

Бұл тәжірибелер зерттеу қызметін оқу процесіне тиімді және кезеңмен ендірудің әдіснамалық негіздері мен ресурстық мүмкіндіктері бар екенін дәлелдейді.

Зерттеу қызметін оқу процесіне кіріктірудің пәрменділігі өңірлік педагогтердің практикасынан көрініс табады. 2024 жылдың 27 қыркүйегінде Жошы Ұлысының 800 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық семинар аясында өткен «Тарихи зерттеу – үздіксіз ізденіс» секциялық алаңында әртүрлі өңірлерден келген тарих пәні мұғалімдері білім алушылардың зерттеу жобалары бойынша нақты тәжірибелерімен бөлісті.

Атап айтқанда, Жезқазған қаласы №9 мектеп-интернатының тарих пәні мұғалімі Джанасбаева Акмарал Бердиракимовна білім алушылардың жобалық жұмысын цифрлық мүмкіндіктерді қолдану арқылы саралау және бағалау әдістерімен таныстырды. Бұл тәсіл білім алушылардың дерекпен жұмыс істеу, визуализация жасау және тұжырым қалыптастыру дағдыларын дамытуда тиімді болды; Жаңаарқа ауданы О.Жұмабеков атындағы мектептің мұғалімі Ахатова Күнімжан Истелеуовна ғылыми жоба жазу үдерісі арқылы білім алушылардың зерттеушілік, құрылымдау және дәлелдеу қабілеттерін қалыптастыру жолдарын ұсынды.

Білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруда да зерттеуге негізделген әдістер мен пәнаралық тәсілдер

кеңінен қолданылуда. 2024 жылдың 15 мамырында өткен «Орта білім беруде білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы шеберлік сыныбы барысында Алматы қаласы Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназияның құқық негіздері пәнінің мұғалімі, педагог-шебер, «Үздік педагог» атағының иегері Асанбекова Гүлмира Сағатқызы құқықтық сауаттылықты арттырудағы құндылыққа негізделген, зерттеуге бағытталған тәсілдердің маңызын нақты мысалдар арқылы көрсетті.

Мұғалімнің тәжірибесінде құқықтық жағдаяттарды модельдеу (mock trial, case-study); білім алушылардың өз құқықтары мен міндеттерін өмірлік жағдайларда қолдану бойынша зерттеу тапсырмаларын орындауы; құқықтық дереккөздермен жұмыс жүргізу арқылы сыни және этикалық ойлауды қалыптастыру бағыттары кеңінен енгізілген.

Бұл тәжірибе құқық негіздері пәнінің мазмұнын тек теориялық сипатта ғана емес, құқықтық мәдениеттің құндылықтық және функционалдық қырларын дамыту құралы ретінде де жүзеге асыруға болатынын дәлелдейді.

Зерттеу қызметінің білім беру жүйесіне интеграциялануы тек дәстүрлі әдістермен шектелмей, цифрлық технологиялармен және заманауи білім беру трендтерімен тығыз байланыста дамып келеді. 2025 жылғы 28 наурызда өткізілген «Цифрлық технологиялар мен инновациялар: білім беру жүйесінің жаңа дәуірі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар бұл бағыттағы үздік педагогикалық тәжірибелерді көрсетуге мүмкіндік берді.

Семинарда ұсынылған жұмыстар зерттеу қызметін цифрлық ортада тиімді ұйымдастыру жолдарын айқындады. Атап өтсек, Бахит Бексұлтан (Жамбыл обл., Шу ауданы) «Big Data және тарих» тақырыбында үлкен деректерді талдау арқылы өткенді зерттеу мен болашақты болжау әдістерін таныстырды; Букенов Ерлан Жұмабекұлы (СҚО, Саумалкөл) тарих пәні контекстінде оқу контентін цифрландыру құралдарын тиімді пайдаланудың үлгісін көрсетті; Ахметова Бағила Серікбаевна (Қызылорда обл.) тарих сабақтарында жасанды интеллект технологияларын енгізу арқылы оқыту процесін жандандыру тәсілдерін ұсынды; Орынбасарова Эльмира Орынбасарқызы (Binom school) тарихи концепттер арқылы білім алушыларға «Алаш тағылымын» меңгертудің құрылымдалған әдісін баяндады; Құрманғалиев Қайыргелді және Шаяндин Ақылбек (Астана және Қосшы қалалары) бәсекелестік орта құру арқылы білім алушылардың талдау және дәлелдеу дағдыларын дамыту үлгілерін көрсетті; Молдахалықова Шамшат Төлендіқызы (Жамбыл обл., Байзақ ауданы) білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған QALQAN веб-хостингін таныстырды.

Бұл практикалық мысалдар зерттеу қызметінің цифрлық оқыту экожүйесіне кіріктірілу мүмкіндігі мен нәтижелілігін нақты дәлелдейді. Сонымен қатар, олар білім алушылардың цифрлық сауаттылығын, зерттеушілік қабілетін, тарихи деректермен жұмыс жасау дағдыларын және азаматтық жауапкершілігін жүйелі түрде дамытудың жаңа тәсілдерін айқындайды.

Тарихи зерттеу әрекеті білім алушылардың бойында тек академиялық дағдыны ғана емес, сонымен бірге ұлттық рух, тарихи жады және құндылықтық

бағдар қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұл ұстаным 2025 жылдың 3-мамырында өткен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның «Батырлар институты: ұлттық рух пен құндылықтар сабақтастығы» атты №2 тәжірибелік алаңында кеңінен көрініс тапты.

Аталған секцияда еліміздің түрлі аймақтарынан келген пән мұғалімдері өз білім алушыларының батырлық тақырыбына арналған зерттеу-постер жобаларын көпшілікке ұсынып, қорғау форматында қорғады. Ұсынылған жобалар келесі бағыттарды қамтыды:

- Өңірлік батырлардың өмірі мен ерлігі (мысалы, Жарма өңірінің тұлғалары, Көкжал Барақ, Василий Шулятиков);

- Ұлы Отан соғысы және қазіргі батырлықтың сабақтастығы (Қасым Қайсенов, Изғұтты Айтықов, Төлеуғали Әбдібек);

- Ұлттық жадыдағы ерекше бейнелер (Сапура Мәтенқызы, Халида, Кейкі батыр, Қабанбай);

- Батырлық пен патриотизмді қазіргі білім алушы санасына сіңіру тәсілдері (интерактивті постерлер, шығармашылық реконструкциялар, цифрлық құралдарды пайдалану).

Бұл жұмыстар білім алушылардың өлкелік дереккөздермен, ауызша тарихпен, отбасылық мұрағаттармен және архивтік материалдармен жұмыс істеуін талап етті. Зерттеу процесінде білім алушылар өз бетінше сұхбат алу, дерек жинау, визуалды материал әзірлеу, қорытынды жасау сияқты әрекеттерді игеріп, постер және презентация қорғау форматында өз зерттеуін ұсынды.

Осы тәжірибе зерттеу әрекетін тек мазмұндық немесе академиялық мақсатта ғана емес, сонымен қатар құндылықтық тәрбиемен және азаматтық сана қалыптастырумен байланыстырудың тиімді тәсілі екенін көрсетті. Батырлар институтына бағытталған зерттеу жобалары арқылы білім алушылар тарихты жеке тұлғалар тағдыры арқылы ұғына отырып, өз елінің, өңірінің, ұрпағының жалғасындай сезіну қабілетін дамытады.

Буктрейлер – цифрлық форматтағы зерттеу: патриоттық тәрбие мен тарихи танымның сабақтастығы

2025 жылдың 3 мамырында өткен «Батырлар институты: ұлттық рух пен құндылықтар сабақтастығы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның №3 тәжірибелік алаңында «Ұлы Жеңістің 80 жылдығы: Батырлар рухы мен ерліктері» тақырыбында буктрейлерлер қорғау жұмыстары ұйымдастырылды. Бұл алаңда еліміздің әр аймағынан келген пән мұғалімдері мен олардың білім алушылары кіші зерттеу топтарында жұмыс жүргізіп, батырлар туралы кітаптар мен тарихи естеліктер негізінде әзірлеген буктрейлерлерін республикаға таныстырды.

Буктрейлер – бұл белгілі бір тарихи кітап, тұлға немесе ерлікке арналған визуалды бейнебаян, оның көмегімен білім алушылар тек тарихи деректі баяндап қана қоймай, оған деген өзіндік көзқарасын, түсінігін және интерпретациясын ұсынды. Жобалар барысында білім алушылар

- тарихи деректер мен көркем әдебиетті салыстырып талдады;
- батыр тұлғалардың өмір жолын зерттеді;

- отбасылық мұрағат, ауызша тарих пен деректі фильмдерді пайдаланды;
- заманауи цифрлық құралдармен (видео, слайд, аудио, анимация) интерактивті буктрейлер дайындады.

Жұмыстардың мазмұны «Ерлік ел есінде», «Қазақтың қанатты қыздары», «Хиуаз Доспанова», «Бауыржан Момышұлы», «Майдангер атам», «Аты аталмаған қаһармандар» сияқты тарихи және патриоттық тақырыптарды қамтыды. Бұл зерттеулер білім алушылардың ұлттық жады мен тарихи санасын қалыптастыруға, цифрлық және зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту мен ұлттық рух пен батырлықты заманауи медиатілде жеткізу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Осы алаңда жүзеге асырылған жұмыстар зерттеу әрекетін көркем-шығармашылық, дереккөздік және цифрлық интеграция арқылы жүргізудің табысты үлгісі ретінде бағаланды. Бұл формат тарих пен әдебиетті, медиа мен тұлғалық тәрбиені біріктірудің тиімді тетігі бола алады.

Құндылыққа бағытталған тәжірибелік оқытудың ерекшеліктері («Құқық негіздері» пәні мысалында)

«Құқық негіздері» пәні бойынша білім алушылардың құқықтық санасы мен мәдениетін дамытуда практикалық және зерттеуге негізделген әдістер маңызды рөл атқарады. Бұл бағытта 2025 жылы өткен республикалық ғылыми-практикалық семинарда бірқатар тәжірибелі педагогтер өздерінің шығармашылық ізденістерін ортаға салды.

Сағынғалиев Даурен Наурызбайұлы (Алматы қ., №140 мектеп-гимназия) Білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін сабақта құқықтық дереккөздерді талдау тәсілін тиімді қолданады. Ол ҚР Конституциясы, Азаматтық және Қылмыстық кодекстерден алынған нақты баптарды күнделікті өмірмен байланыстыра отырып, білім алушылардың құқықтық ойлау қабілетін арттыратын тапсырмалар әзірлеген. Білім алушылар құқықтық құжаттармен жұмыс істей отырып, нақты құқықтық нормаларды талдайды, дереккөздерді салыстырады, тұжырым жасайды.

Сыдыкова Нуржамал Орынқановна (Астана қ., №59 мектеп-лицей) Қоғамдық-гуманитарлық пәндерге ортақ кейс-технологияны қолдану арқылы білім алушыларға өмірлік құқықтық жағдаяттарды шешуді үйретеді. Оның сабағында білім алушылар «құқық бұзушылық», «әлеуметтік әділеттілік» секілді ұғымдарды құндылықтар тұрғысынан талдайды.

Сатиев Амангелді Кенелович (Көкшетау қ., НЗМ) Оқытудың тәжірибеге бағытталған технологияларын қолдану арқылы «Құқықтық эксперимент» үлгісін ұсынды. Мысалы, білім алушылар симуляциялық сот процестерін, құқықтық пікірсайыстар мен рөлдік ойындарды пайдалана отырып, құқықтық нормаларды нақты жағдаяттарда қолдануды үйренеді.

Симуляциялық сот процесі, рөлдік ойындар зерттеушілік циклдің барлық кезеңін қамтиды: сұрақ қою, дерекпен дәлелдеу, қорытынды жасау.

Күлмұханова Роза Жаскеновна (Қарағанды қ., Г.Потанин атындағы мектеп) «Құқық негіздері» пәнін оқытуда құндылықтарға негізделген тапсырмалар құрастырып, оларды әртүрлі оқу деңгейлеріне бейімдеген. Білім

алушылар тапсырмалар арқылы жеке және қоғамдық мүдделерді тепе-теңдікпен бағалау, заң мен ар-ожданның арақатынасын ұғыну секілді ұғымдарды меңгереді. Құндылықтарға негізделген тапсырмалар білім алушының дәлелдер мен құндылықтарды байланыстырып, аргументтер құру қабілетін дамытады.

Қасенова Гүлмира Талғатқызы (Quantum STEM School) Пәндік мазмұнды STEM тәсілдерімен кіріктіре отырып, цифрлық платформаларда құқықтық жобалар жасау, инфографика мен презентация арқылы құқықтық ақпаратты ұсыну бағытында жұмыстар жүргізген. Бұл білім алушылардың құқықтық сауаттылығымен қатар, цифрлық және зерттеу құзыреттілігін қатар дамытуға ықпал етеді. STEM әдістерін қолдану: ақпарат жинау, құқықтық жобалар құрастыру, визуализация арқылы зерттеуді құрылымдауды үйретеді.

Бұл мысалдар құқықтық пәндерде құндылықтарға негізделген, тәжірибеге бағытталған оқытудың әртүрлі форматтарын көрсетуімен құнды. Мұғалімдердің авторлық әдістері мен тапсырмалары білім алушылардың құқықты тек ереже ретінде емес, өмірлік бағдар, азаматтық ұстаным ретінде қабылдауына ықпал етеді.

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда зерттеушілік қызметті ұйымдастыру – білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен азаматтық белсенділігін дамытуда шешуші рөл атқарады. Семинарда ұсынылған педагогтердің тәжірибесі көрсеткендей, құқықтық дереккөздермен жұмыс, кейс талдау, тәжірибелік жағдаяттарды модельдеу және цифрлық құралдарды қолдану білім алушылардың сын тұрғысынан ойлауын, дәлел келтіру қабілетін, дерекпен жұмыс істеу машығын дамытады. Мұндай тәсілдер білім алушылардың білімді жай меңгеріп қоймай, оны шынайы өмірлік жағдаяттарда қолдануына, құқықтық құндылықтарды тануына және азаматтық жауапкершілікті сезінуіне ықпал етеді. Осылайша, пән мазмұнына кіріктірілген зерттеушілік әрекет білім алушы тұлғасының жан-жақты дамуына мүмкіндік береді және құқықтық мемлекеттің саналы азаматын қалыптастыруға бағытталады.

2 «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ», «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ», «ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру білім берудің қазіргі талаптарына сәйкес оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. МЖМБС мен үлгілік оқу бағдарламаларында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыру, тарихи сананы, құқықтық мәдениетті және азаматтық жауапкершілікті арттыру негізгі мақсаттардың бірі ретінде белгіленген. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу және жобалау жұмыстары білім алушылардың тек білімді меңгеруін ғана емес, оны тәжірибелік жағдайда қолдану қабілетін қамтамасыз ететін әдістемелік тетік ретінде қарастырылады.

Ғылыми негізде зерттеу жұмыстары білім алушылардың дереккөздерді талдау, интерпретациялау, салыстыру және дәлелді қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Жобалау жұмыстары, өз кезегінде, шығармашылық ойлау, топтық ынтымақтастық, әлеуметтік мәнді идеяларды жүзеге асыру қабілеттерін жетілдіреді. Мұндай әрекеттер білім беру процесін зерттеушілік-ізденушілік сипатқа көшіріп, білім алушыны білімді дайын күйінде қабылдаушыдан, сыни тұрғыда қайта қараушы деңгейіне көтереді.

Осы бөлімде «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемелік негіздері ұсынылады. Пән мұғалімдері үшін әзірленген ұсынымдар оқу процесінде зерттеу мен жобалау әрекеттерін жүйелі түрде енгізу, олардың кезеңдерін нақтылау және бағалау өлшемдерін белгілеу мақсатында құрастырылды.

Әдістемелік ұсынымдарды пайдалану барысында мұғалімдерге келесі міндеттер ұсынылады:

1. Оқу бағдарламасындағы тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес келетін зерттеу және жобалау жұмыстарының түрлерін анықтау;
2. Жұмыстың мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін және бағалау критерийлерін алдын ала жоспарлау;
3. Білім алушылардың жас ерекшелігі мен дайындық деңгейін ескере отырып, тапсырмаларды кезең-кезеңімен ұйымдастыру;
4. Дереккөздермен жұмыс істеудің, ақпаратты талдаудың және жобалық өнімді рәсімдеудің нақты талаптарын белгілеу;
5. Зерттеу және жобалау жұмыстарының нәтижелерін қорғау, талқылау және рефлексия жүргізу рәсімдерін енгізу.

Осы тәжірибелік бөлімде пән педагогтеріне оқу пәндерінен зерттеу және жобалау жұмыстары бағдарлама мазмұнына сәйкес өлкетану бағытында, оқу мақсаттары арқылы және 10-11-сыныптарда ҚГБ бойынша әр тоқсан соңында

берілген тақырыптар аясында жүзеге асыруға арналған нақты ұсынымдар берілді.

Осылайша, зерттеу және жобалау жұмыстарының әдістемелік ұйымдастырылуы мұғалімнің сабақтағы және сыныптан тыс іс-әрекетінде біртұтас жүйе құрып, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, тарихи ойлауын және құқықтық мәдениетін дамытуға бағытталады.

Осы тәжірибелік бөлімде пән педагогтеріне нақты әдістемелік ұсынымдар беріледі. Ұсынымдар оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес өлкетану бағытымен, оқу мақсаттары арқылы және 10–11-сыныптардағы қорытынды бағалау (ҚГБ) талаптарымен үйлестірілген. Әр тоқсан соңында берілетін тақырыптар негізінде зерттеу және жобалау жұмыстарының үлгілері көрсетіліп, мұғалімдерге оларды оқу процесіне енгізудің кезеңдік жолдары ұсынылған.

Зерттеу әрекетін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері

(10–11 сынып, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша «Қазақстан тарихы» пәні үшін)

Зерттеу тапсырмаларын оқу үдерісінде тиімді ұйымдастыру үшін педагог құрылымдалған әдіснамалық модельге сүйенуі қажет. Мұндай модель білім алушының зерттеу қызметіне кезең-кезеңімен тартылуын, оның тарихи ойлауын, дерекпен жұмыс істеу мәдениетін және академиялық адалдық ұстанымын қалыптастыруды көздейді.

Зерттеу әрекетін ұйымдастыру келесі әдіснамалық кезеңдерге негізделеді:

1. Зерттеу мәселесін анықтау және тұжырымдау

Білім алушылар өздігінен немесе мұғалімнің көмегімен зерттеу тақырыбы аясында өзекті тарихи мәселені, сұрақты немесе проблеманы тұжырымдайды. Бұл сұрақтар нақты, зерттелетін тарихи кезеңмен байланысты және сыни тұрғыдан талдауды талап етуі тиіс. *Мысалы: «Қазақ хандығының құрылуы ұлттық мемлекеттілік ретінде неліктен маңызды болды?»*

2. Зерттеу мақсатын, міндеттерін және болжамын белгілеу

Зерттеу жұмысының мақсаты білім алушының зерттеу сұрағына жауап табуға бағытталады. Осы мақсатқа жету үшін бірнеше нақты міндеттер қойылады (дерек жинау, салыстыру, интерпретациялау, қорытынды жасау).

3. Ақпарат көздерін іздеу және іріктеу

Білім алушылар тарих пәніне сай түпнұсқалық деректер, қосымша әдебиет, электронды дереккөздер, мұрағаттық құжаттар, естеліктер, визуалды деректер және құқықтық құжаттармен жұмыс жасайды. Педагог бұл кезеңде ақпараттың шынайылығын, дерек пен дәйектің ғылыми маңыздылығын талқылауға бағыт береді.

4. Деректерді талдау және интерпретациялау

Тарихи деректерді салыстыру, контекстік талдау жасау, әртүрлі көзқарасты ескере отырып қорытынды жасау – осы кезеңнің негізгі мақсаты. Бұл сатыда білім алушы тарихи концептілерге (себеп-салдар, маңыздылық, интерпретация, сабақтастық және т.б.) сүйене отырып, дәлелді пайым жасайды.

5. Қорытынды шығару және тұжырым ұсыну

Білім алушы зерттеу нәтижесінде нақты қорытынды жасап, өз ұстанымын дәлелдейді. Бұл тұжырымдар нақты тарихи фактілермен және деректермен негізделуі керек.

6. Зерттеу жұмысын рәсімдеу және ұсыну

Білім алушылар өз зерттеу жұмысын академиялық стандарттарға сай рәсімдейді (жоспар, сілтеме жүйесі, дәйексөздер мен библиография). Қорғау барысында ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті, визуализация құралдарын қолдану (презентация, инфографика) дамытылады.

7. Рефлексия және кері байланыс

Зерттеу жұмысы аяқталған соң білім алушы өз әрекетін саралап, қиындықтар мен жетістіктерін бағалайды. Мұғалім кері байланыс беру арқылы білім алушының даму аймағын нақтылап, алдағы жұмыс бағыттарын ұсынады.

Әдістемелік қолдану ерекшеліктері:

- Бұл құрылым инклюзивті және дараландырылған оқыту принциптерімен де үйлеседі;

- Зерттеу жұмыстары пәнаралық байланысқа негізделеді, мысалы, «Қазақстан тарихы» пәні мазмұны «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «География», «Әдебиет» пәндерімен тоғысады;

- Әрбір тоқсанның соңында берілетін зерттеу тапсырмасы білім алушының пәнді терең түсінуін, тарихи сана мен азаматтық ұстанымын дамытуға бағытталған жүйелі құрал ретінде ұсынылады.

6-кесте. «Қазақстан тарихы» пәнінде зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастыру моделі (өлкетану материалдарын кіріктіру негізінде, 5–7 сынып)

Кезең	Мазмұны	Ұйымдастыру формалары	Нәтижесі
1. Дайындық кезеңі	Тақырыпты таңдау (туған өлке тарихы, ескерткіштер, тұлғалар); зерттеу сұрағын қою; гипотезаны анықтау	Мұғаліммен бірлескен талқылау; карталармен, фотоқұжаттармен жұмыс; тақырыпты айқындау үшін ой талқы	Зерттеу мақсаты мен міндеттері тұжырымдалды; проблематика анықталды; білім алушылардың уәжі қалыптасты
2. Дерек жинау кезеңі	Мұрағаттармен, музейлермен, өлкетану әдебиеттерімен жұмыс; ауызша сұхбаттар (туыстар, куәгерлер, өлкетанушылар); фото және бейнематериалдарды талдау	Экскурсиялар, жергілікті жерге жаяу бару; сұхбат алу; топтық жұмыс	Фото, жазбалар, артефактілер, сұхбаттар жиналды; білім алушылар далалық-зерттеу дағдыларын игерді
3. Талдау кезеңі	Жиналған деректерді жүйелеу және жіктеу; себеп-салдар байланыстарын анықтау;	Топтық жұмыс; ой талқы; АКТ қолдану (электронды кестелер,	Кестелер, диаграммалар, карталар дайындалды; білім алушылар бастыны қосалқыдан ажыратуды және логикалық

	салыстырмалы кестелер мен сызбалар жасау	диаграммалар, карталар)	қорытынды жасауды үйренді
4. Жобалау кезеңі	Қорытындыларды тұжырымдау; ұсынылатын өнім форматын таңдау (эссе, макет, бейнежоба, постер); зерттеу өнімін дайындау	Мәтін жазу; мультимедиялық материалдарды әзірлеу; макет немесе постер жасау	Зерттеу өнімі дайын (брошюра, буклет, постер, бейнепрезентация); жобалау және шығармашылық дағдылар дамыды
5. Қорғау және таныстыру	Жобаны көпшілік алдында қорғау; мектепішілік көрме немесе фестиваль ұйымдастыру; ұжымдық талқылау	Мектеп конференциясы; «Тарих күні» фестивалі; постер-сессиялар	Көпшілік алдында сөйлеу тәжірибесі алынды; коммуникативтік дағдылар дамыды; рефлексия жүргізілді; сарапшылық және ұжымдық бағалау алынды

Ұсынылған кесте «Қазақстан тарихы» пәні курсына (5–7 сыныптар) өлкетану материалдарын кіріктіру негізінде зерттеу және жобалық қызметті ұйымдастырудың кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын моделін бейнелейді.

Кестені практикада пайдалану жолдары:

Жұмысты жоспарлау. Мұғалім кестедегі кезеңдерді күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау немесе сыныптан тыс іс-әрекет жоспарларын құру барысында басшылыққа ала алады. Әрбір кезең зерттеу циклі логикасына сәйкес келеді және тапсырмаларды уақыт бойынша (бір аптадан бастап бүкіл оқу модуліне дейін) бөлшектеуге мүмкіндік береді.

Оқу процесін ұйымдастыру. «Мазмұн» бағанында оқу тапсырмаларын құрастыруға арналған бағдарлар берілген, ал «Ұйымдастыру формалары» бағанында білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай бейімдеуге болатын әдістемелік тәсілдер көрсетілген. Мұғалім сыныптың дайындық деңгейіне қарай формаларды (жеке жұмыс, жұптық немесе топтық жұмыс) өзгерте алады.

Педагогтің рөлі. Дайындық кезеңінде мұғалім кеңесші ретінде әрекет етеді, білім алушыларға тақырыпты нақтылауға және зерттеу сұрағын тұжырымдауға көмектеседі. Деректер жинау кезеңінде ол үйлестіруші рөлін атқарып, балаларды дереккөздерге (мұрағат, мұражай, кітапхана) бағыттайды. Анализ кезеңінде мұғалім жүйелеу мен логикалық өңдеу әдістерін меңгеруге жәрдемдеседі.

Бақылау және қолдау. Кестені чек-лист ретінде пайдалануға болады: мұғалім барлық негізгі қадамдардың орындалу деңгейін қадағалайды. Мысалы: «Тақырып анықталды ма?», «Материал жиналды ма?», «Қорытындылар жасалды ма?». Бұл бақылауды жеңілдетіп, білім алушылар үшін жұмыстың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Нәтижелілік. «Нәтижелер» бағаны әрбір кезең бойынша бағалау критерийлерін белгілейді:

- дайындық – мақсат пен міндеттер тұжырымдалған;
- деректер жинау – түрлі материалдар жиналған;
- талдау – кестелер, диаграммалар, сызбалар дайындалған;
- жобалау – дайын зерттеу өнімі бар;

– қорғау – көпшілік алдында таныстырылым өткізілді, кері байланыс алынды. Бұл модель «білім алушы – зерттеуші» рөлін дамытып, тарихи ойлау, деректермен жұмыс істеу және патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

«Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыруда кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру барысында «Адал азамат» бағдарламасында айқындалған құндылықтарды оқу процесіне кіріктіру мұғалімнің кәсіби міндетінің маңызды бөлігі болып табылады [4]. Зерттеу және жобалау жұмыстары оқу процесінде тек пәндік білімді меңгертудің құралы ғана емес, сонымен бірге білім алушылардың азаматтық, құндылықтық және әлеуметтік құзыреттерін қалыптастырудың тиімді тәсілі болып табылады. Сондықтан жобалық және зерттеушілік тапсырмаларға «Адал азамат» бағдарламасында айқындалған негізгі құндылықтарды кіріктіру мұғалімдердің әдістемелік жұмысының басты бағыттарының бірі болуы тиіс.

7-кесте. Адал азамат» бағдарламасында айқындалған негізгі құндылықтарды зерттеу жұмысын ұйымдастыруда кіріктіру

Құндылықтар	Ұсынымдар	Ұйымдастыру
Тәуелсіздік және патриотизм	Зерттеу тақырыптарын таңдауда білім алушыларға туған өлкенің тарихын, ұлттық мәдени мұраны, тарихи тұлғалардың қызметін зерделету ұсынылады.	Мектеп музейімен, жергілікті өлкетану орталығымен, архивпен байланыс орнату арқылы зерттеу материалдарын жинауды ұйымдастыру.
Бірлік пен ынтымақ	Білім алушыларға бірлескен жобалар арқылы ынтымақ пен өзара сыйластық құндылықтарын меңгерту маңызды. Жобалық жұмыстарды топтық форматта ұйымдастыру арқылы білім алушыларды ынтымақтастыққа, ортақ нәтижеге жету жолында бір-біріне қолдау көрсетуге үйрету ұсынылады.	Топтық жұмыс нәтижесін постер, бейнеролик немесе презентация түрінде ұсыну арқылы ынтымақтың шығармашылық жемісін көрсету.
Әділдік пен жауапкершілік	Бұл құндылық құқықтық ойлауды, әділеттілік принципін және жеке жауапкершілікті дамытуға бағытталған. Құқық негіздері пәнінде әділ сот тәжірибесі, құқықтық нормалардың әділдік қағидаттарын жүзеге асыруы, тарихи және заманауи кейстерді талдау ұсынылады.	«Сот процесі» рөлдік ойынын ұйымдастырып, білім алушыларға әртүрлі құқықтық рөлдерді бөліп беру арқылы әділдік принципін тәжірибеде көрсету.
Заң және тәртіп	Құқықтық мәдениет пен заңға құрмет сезімін қалыптастыру зерттеу-жобалау жұмыстарының	Жергілікті құқық қорғау органдары өкілдерін шақырып,

	негізгі бағытының бірі болуы тиіс. Зерттеу жұмыстарында білім алушыларға заң үстемдігі мен құқықтық мәдениетке байланысты жобалар орындату маңызды.	пікірталас сабақтарын ұйымдастыру.
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	Еңбекке құрмет және кәсіби біліктілікке ұмтылу құндылығы білім алушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. қушыларға адал еңбек пен кәсіби жетістік арасындағы байланысты көрсетуге бағытталған жобаларды ұсыну. Жобалық жұмыстарда білім алушыларға адал еңбек пен кәсіби шеберлікке қатысты тақырыптар ұсынылуы қажет.	Ата-аналармен немесе жергілікті мамандармен бірлескен сұхбаттар өткізіп, кәсіби біліктіліктің маңызын зерттеу.
Жасампаздық және жаңашылдық	Бұл құндылық білім алушылардың жаңа идеяларды ұсынуына, шығармашылық және инновациялық қабілеттерін дамытуға бағытталады. Жобаларды орындау барысында білім алушыларды жаңа идея ұсынуға, заманауи технологияларды пайдалануға ынталандыру ұсынылады.	Жобаларды мультимедиялық өнімдер (бейнеролик, подкаст, инфографика) түрінде қорғау арқылы білім алушылардың инновациялық қабілеттерін дамыту.

Зерттеу мен жобалау жұмыстарының барлық кезеңдерінде – тақырып таңдау, деректер жинау, талдау, нәтижені ұсыну барысында – осы құндылықтарды ескеру мұғалімдерге оқу-тәрбие процесінің бірлігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Әр жобаның соңында рефлексия жүргізіп, білім алушылардың зерттеу барысында қандай құндылықтарды сезінгенін және қалай түсінгенін талқылау ұсынылады. Кестеде көрсетілген құндылықтар бойынша ұсынымдар мұғалімге нақты әдіс-тәсілдер мен үлгілік тапсырмаларды әзірлеуді қажет етеді. Олар зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыруда басшылыққа алынып, пән мазмұнын «Адал азамат» құндылықтарымен кіріктіруге мүмкіндік жасайды. Осылайша, «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын кіріктіру зерттеу және жобалау қызметінің тек танымдық емес, сонымен қатар тұлғалық және тәрбиелік нәтижелерге жетуін қамтамасыз етеді.

Тарих пәндерінен зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру білім алушылардың пәндік, метапәндік және тұлғалық құзыреттіліктерін қалыптастырудың маңызды педагогикалық құралы ретінде қарастырылады. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері білім алушылардың тарихи және құқықтық санасын дамытуға, қоғамдағы әлеуметтік-құқықтық қатынастарды түсінуге, дереккөздермен жұмыс жүргізу және алынған ақпаратты талдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу пәндері жүйесінде ерекше орын алады.

Осы әдістемелік ұсынымдарда оқу процесінде зерттеу жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері, зерттеу сұрағын құрастыру әдістері, тарихи және құқықтық дереккөздермен жұмыс жүргізудің талаптары, жобалық жұмыстың құрылымы мен оны рәсімдеу тәртібі қарастырылады.

Зерттеу және жобалауды оқу процесіне бірізді және жүйелі енгізу білім алушылардың ақпаратты талдау, интерпретациялау, дәлелді тұжырымдар жасау, шешім қабылдау сияқты жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл олардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға, ұлттық тарихи мұраға, құқықтық мәдениет пен демократиялық құндылықтарға құрметпен қарауын қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұсынылып отырған әдістемелік материал жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне оқу процесінде зерттеу және жобалау жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру барысында әдістемелік қолдау көрсетуге арналған.

Батыс Қазақстан облысы, Сырым аудандық білім беру бөлімінің «Қ.Мырзалиев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ, тарих пәні мұғалімі, педагог-шебер Арыстанов Муқат Қайыржанұлының іс-тәжірибесінен

«Менің мектебім - менің мақтанышым» зерттеу жұмысы

Пән	Қазақстан тарихы
Сынып	7
Бөлім:	4-тоқсан. Өлкетану
Сабақтың тақырыбы	Менің мектебімнің тарихы
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	7.2.2.6 түрлі дереккөздер негізінде өз мектебінің тарихын анықтау
Сабақтың мақсаты	✓ түрлі дереккөздер (кітапхана, мұражай, баспасөз, сұхбат алу, интернет ресурсы т.б.) негізінде өз мектебінің құрылу тарихын анықтайды; ✓ өз мектебінің оқу-ағарту саласына қосқан үлесін бағалайды.

Зерттеу/жобалау жұмысының ұйымдастырудың мақсаты:

Зерттеу жұмысы 4-оқу тоқсанындағы «XIX ғасыр - XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті» бөліміндегі «XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі», «Ы. Алтынсарин – жаңашыл педагог» тақырыбының оқу мақсаттарымен байланысты жүзеге асырылады. Зерттеу жұмысы барысында түрлі дереккөздер (кітапхана, мұражай, баспасөз, сұхбат алу, интернет т.б.) арқылы өз мектебінің құрылу тарихын анықтайды және өз мектебінің қазақ елінің оқу-ағарту ісіне қосқан үлесін бағалайды.

Білім алушы қандай дағдыларды дамытады?

Зерттеу жұмысы барысында білім алушылардың өз бетімен ізденушілік, топтарда бірлесіп ынтымақтаста жұмыс жүргізу дағдылары және АКТ меңгеру құзіреттіліктері дамиды.

Бұл тақырып не себепті зерттеуге лайық?

Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы Жымпиты ауылында орналасқан Қадыр Мырзалиев атындағы орта мектептің бір ғасырдан астам тарихы бар. Мектептің тарихы XIX ғасырдың соңында патша үкіметінің тұсында құрылған алғашқы іргелі мектеп ретінде бастау алады. Осы мектепте ақын, Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әлі оқып, білім алған. Ақынның 60 жасқа толу құрметіне орай 1994 жылы оның есімі берілген. Сонымен қатар, мектебімізде XX ғасырда еліміздің тарихы мен мәдениетінде орын алған атақты тұлғалар Алаш зиялысы Жаһанша Досмұхаммедов, ақын-жазушылар Хамза Есенжанов, Жұбан Молдағалиев т.б. сынды біртуар тұлғалар оқыған. Алашорда үкіметінің жұмысына қатысы бар деген айыптаулармен 1937 жылдары мектепте сабақ берген Ыбраш Букин, Қалымбетов Білал т.б. ұстаздар ату жазасына ұшыраған. Мектебімізден білім алған «Хабар» агенттігінің төрағасы Кемелбек Ойшыбаев, «Бином» мектептерінің желісінің директоры Қадырова Шолпан, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының алғашқы жеңімпазы, Астана ІТ Университетінің директоры Жакиев Нұрхат т.б. көптеген шәкірттеріміз еліміздің әр саласында қызмет атқарады.

Зерттеу жұмысын ұйымдастыру білім алушылардың өз мектебінің бай тарихын зерттеу арқылы оған деген мақтаныш сезімін арттырумен қатар, олардың Қазақстанның адал, білімді, бәсекеге қабілетті азаматтары болып қалыптасуына, ел дамуына үлес қосатын тұлға болуға деген ұмтылысын күшейтеді.

Зерттеу жұмысы сипаттамасы: «Менің мектебім - менің мақтанышым» зерттеу жұмысы барысында сынып білім алушылары төрт топқа бөлініп, бірнеше бағытта жұмыс жүргізді. Зерттеу жұмысының тапсырмалары жылдың басында, болмаса 4-тоқсанның басында білім алушыларға таныстырылды. Зерттеу жұмысының нәтижелерін қорғау оқу жылының соңғы өлкетану сабағы мен қайталау сабақтарында жүзеге асырылады. Әр топқа іздену, зерттеу жұмыстары үшін мынадай тапсырмалар беріледі:

1 топ – «Мектеп тарихы сыр шертеді» атты қысқаша кітапша жасау. Кітапшада қамтылуы тиіс мәліметтер:

- мектептің құрылу тарихы;
- мектеп атауының шығу тарихы;
- мектеп тарихына қатысты фотосуреттер, мұражай, мұрағаттық деректер;
- кітапшаның түсіндірмесі ретінде қосымша бейнероликтің QR-кодын беруге болады.

2 топ – «Ұстаздар - ұлы жандар» атауымен презентация, фотоальбом, скрапбук т.б. дайындау. Онда мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

- мектептің алғашқы ұстаздары;
- мектептің ең атаулы ардагер ұстаздары (өздерінің ардагер-ұстаз ата-әжелері болса қамтуға болады);

– Тәуелсіз Қазақстанның білім саласына ерекше үлес қосқан ұстаздар (Ы.Алтынсарин төсбелгісі иегерлері, республикалық «Үздік педагог» сайысының жеңімпаздары т.б. ұстаздар туралы мәлімет).

3 топ – «Ұядан ұшқан тарихи тұлғалар» скрапбук дайындау. Мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

– тарихтың түрлі кезеңінде мектебімізде оқып білім алған ел тарихына белгілі тұлғалар болуы керек;

– тұлғалардың фотосуреті, мектепте оқыған жылдары, жеткен жетістіктері;

– мектеп туралы жазған, айтқан сөздері, болмаса шағын сұхбаттарының қысқаша бейнеролигінің QR-коды берілуі керек.

4 топ – «Дарынды шәкірт – мектеп мақтанышы» атты скрапбук немесе презентация дайындау. Мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

– білім саласы бағытында республикалық, халықаралық жетістікке жеткен білім алушылар;

– спорт саласы бағытында республикалық, халықаралық жетістікке жеткен білім алушылар;

– өнер саласы бағытында республикалық, халықаралық жетістікке жеткен білім алушылар;

– фотосуреттері, дипломдары, білім алушы туралы мәлімет, мүмкіндік болса кейбір білім алушымен сұхбаттасқан бейнеролик QR-коды берілуі керек.

Зерттеу жұмысы барысында мұғалім тарапынан білім алушыларға бағыт-бағдар жасалынып отырды. Оқу жылының басында негізгі дереккөз ретінде ең алдымен аудандық және мектеп мұражайларына сынып білім алушыларымен саяхат жасалды, әр топ білім алушылары өздеріне қажетті мәліметтерді жазып алып отырды. Содан кейін, кітапханадағы аудан, облыс, республика өміріне арналған энциклопедиялық анықтамалық кітаптары, интернет ресурстары, баспасөз мақалаларынан қосымша мәліметтерді ізденіп, өздеріне берілген жұмыстарды орындады. Білім алушылар өз беттерімен скрапбук дайындауға Canva.com сайтымен жұмыс жүргізіп, ұялы телефонмен бейнероликтер түсіру, болмаса YouTube сайтындағы бейнероликтерді монтаждауды жүзеге асырды. Жұмыс барысында ұстаз тарапынан білім алушыларға үнемі қолдау жасалынып, жұмыс барысын бақылау жүргізілді. Жұмыстың қорытындысы ретінде әр топтың білім алушылары жылдың соңында «Менің мектебімнің тарихы» тақырыбындағы өлкетану сабағында және қайталау сабақтарында өз жұмыстарын сынып алдында қорғады.

Білім алушылардың зерттеу жұмыстары барысында жүзеге асырылған жұмыс нәтижелерінің кейбір үлгілері QR-кодтарды сканерлеу арқылы көруге болады.



«Мектеп тарихы сыр шертеді»



Скрапбук үлгілері

Зерттеу жұмыстары білім алушылардың өз мектебінің бай тарихын терең танып-білуіне деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Мектепте білім алған тарихи тұлғалар мен ұстаз-ардагерлер туралы мәліметтермен танысу барысында білім алушылар олардың есімдерін ерекше құрметпен атап, «Бұл – менің әжем», «Бұл – менің атам» деген сөздерді жиі айтады. Мұндай эмоционалдық байланыс білім алушылардың өз білім ордасына деген мақтаныш сезімін күшейтеді.

Сонымен қатар, мектептің республика көлемінде жетістіктерге жеткен түлектерінің фотосуреттері орналастырылған мектеп мұражайын аралау білім алушыларға терең мотивациялық әсер береді. «Мен де болашақта олимпиада жеңімпазы болып, осы жерде менің де фотосуретім тұрады» деген армандарын сеніммен білдірген білім алушылардың көп болуы зерттеу жұмыстарының тұлғалық даму мен құндылықтық бағыттылықты қалыптастырудағы маңызын айқын көрсетеді.

Ізденіс жұмыстарын жүргізуде, *scrapbook* (бұл әртүрлі материалдарды (фотосуреттер, құжаттар, жазбалар, билет қиындылары, газет қиындысы, безендіру элементтері және т.б. жинақтап, оларды шығармашылық түрде рәсімдеп сақтайтын *альбом* немесе *жинақ*) әзірлеуде Canva.com сайтымен жұмыс жүргізуді өз беттерімен терең меңгереді. Әрине, алғашқы кезде Canva.com сайтымен жұмысын меңгеруде информатика пәні ұстаздары тарапынан сабақ кезінде қосымша курстар беріліп, сонымен қатар YouTube арнасынан өз беттерімен сайт жұмысын үйренуге мүмкіндік берілді.

Әр топ өзара ынтымақтастықта жұмыс жүргізіп, зерттеу жұмысының нәтижелерін қорғау кезінде білім алушылар әр топтың жұмыстарын «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы өзара бағалау жұмыстары жүргізілді. Білім алушылар өз мектебінің тарихын терең меңгеріп қана қоймай, болашақ мамандықтарын таңдауларына да қадам жасалды.

Өлкетану сабағындағы «Менің мектебім – менің мақтанышым» зерттеу жұмысы білім алушыларға болашақта жүргізілетін ғылыми жобалар сайысына қатысуға мүмкіндік берді. Аталған жұмыстар Батыс Қазақстан облыстық «Тілдерді дамыту басқармасының» ұйымдастыруымен өтетін «Мен тұратын көшенің тарихы» жобасында 7 сынып білім алушысы Жақсыбек Айару – I орынға ие болды (сілтеме <https://youtu.be/mIPmx9Ou92U?feature=shared>). «Дарын» РҒПО ұйымдастыруымен өткен «Тарихи тұлға ұрпағымыз»

байқауында 8-сынып білім алушысы Қайыржан Сумайра «Алғыс хатқа» ие болса, «Менің кіші Отанымның тарихы» жобалар байқауының «Кіші Отанымның символы» бағыты бойынша 9 сынып білім алушысы Есенжанова Сабина – III орын иеленді (сілтеме <https://youtu.be/qtSpc-rluBQ>) . Тәуелсіздік күніне арналған «Мен репортермін» республикалық байқауының облыстық кезеңінде 10-сынып білім алушысы Муратов Мансур – II орынға ие болды (сілтеме <https://youtu.be/gpqAnofidyI>). 2025 жылы 8 сынып білім алушысы Есқали Аидамен бірге «1937 жылы қуғынға ұшыраған Жымпитылық мұғалімдер ісі» тақырыбында ғылыми зерттеу жұмыстарын бастап (сілтеме <https://zhaikpress.kz/kk/regionnews/zhympitydagy-mugalimder-isi/>), баспасөз бетінде мақалалар жарияланды (сілтеме <https://zhaikpress.kz/kk/regionnews/mektep-tarixy-el-tarixy/>) Мектеп атауының тарихына байланысты жинақталған деректер «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Бірегей» тележобасында көрініс тапты (сілтеме <https://www.youtube.com/watch?v=XK-eyzYjTsQ> 18:00-18:40 минуты аралығы). Жоғарыда көрсетілген білім алушылардың зерттеу жұмыстарын 5-7-сыныптардағы «Өлкетану» тақырыптарының кез-келген бағытына пайдаланып, жүзеге асыруға болады.

«Өлкетану» сабағында білім алушылардың бойында патриоттық сезімді ояту үшін шағын жобалау, зерттеу жұмыстарын жүргізу маңызды. Тарихты білу – ол ең алдымен өзіңнің туған жеріңнің тарихын білуден, зерттеуден басталады. Білім алушылармен жүргізілген шағын ғана зерттеу жұмысы болашақта үлкен ғылыми зерттеу жобаларына айналды.

Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, «Қ.Жұмалиев атындағы Қаратөбе мектеп-гимназиясы» КММ-нің тарих пәні мұғалімі А.Баймұлдинаның іс-тәжірибесінен

Тарих сабақтарындағы білім алушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру танымдық белсенділікті дамытудың маңызды шарты болып табылады. Әдістемелік ұсынымдағы зерттеу жұмысы екі бағытты қамтиды. Алғашқысы білім алушылардың сабақ шеңберіндегі оқу - зерттеу жұмысына деңгей тапсырмалары алынды. Сабақтан тыс зерттеу жұмысында білім алушылар таныстырылым дайындайды. Таныстырылым тақырыптары алдын-ала білім алушыға беріледі.

10-сыныптағы «Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала» зерттеу тақырыбы бойынша білім алушылардың тарихи танымын тереңдетуге және тарихи ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған зерттеу тапсырмалары ұсынылып отыр. Бұл тапсырмалар білім алушылардың талдау, интерпретациялау және өз бетінше дәлелдер келтіру арқылы өзіндік пікір қалыптастыруына мүмкіндік жасайды.

Екі бағыттан тұратын зерттеу жұмысының нәтижесінде білім алушылар әлемдік өркениетке Ұлы Дала тұрғындарының қосқан үлесінің маңыздылығын, әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Даланың қайталанбас орнын анықтайды.

«Қазақстан тарихы» пәнінен 10-сыныпта оқу бағдарламасына енгізілген зерттеу жұмысының тақырыптары бойынша жүйелі, нәтижелі жұмыс жүргізуде әдістемелік ұсыным үлгісі бойынша білім алушы қызметін тиімді ұйымдастыруға болады.

Мысалы, Зерттеу тақырыбы: Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала

I. Зерттеу тақырыбы бойынша білім деңгейін анықтау тапсырмалары:

1. Орталық Азия саяси-географиялық аймақ ретінде қазіргі кезеңде қай мемлекеттерді қамтиды?

1.
2.
3.
4.
5.

2. Қола дәуірінің археологиялық мәдениеттерін уақытымен сәйкестендіріңіз

1	Б.з.б. ХҮІІ-ХҮІ ғғ.	А	Сынтасты мәдениеті
2	Б.з.б. ХХІ-ХҮІІІ ғғ.	В	Петров мәдениеті
3	Б.з.б. ХҮІІ-ХІІІ ғғ.	С	Федоров мәдениеті
4	Б.з.б. ХҮ-ХІІ ғғ.	Д	Беғазы-Дәндібай мәдениеті
5	Б.з.б. Х-ҮІІІ ғғ.	Е	Алакөл мәдениеті

3. Сипаттамаларды оқып, қайсысы ежелгі өркениет ошақтары екенін анықтаңыз.

А) Бұл мәдениет Әмударияның төменгі ағысындағы Бактрияға таралды. Екі негізгі қаласы- Ү Намазга-депе мен Алтын –депенің мықты қорғандары, сарайлары, ғибадатханалары бар. (Маргуш);

В) Бұл аймақта халық тығыз қоныстанды және олардың өз жазуы болды, негізінен саудамен және қолөнершілікпен айналысты. Кейіннен арабтар жаулап алған соң Самарқанд Мәуереннахрдың, кейін Әмір Темір империясының астанасы болды. (Соғды);

С) Соғдының солтүстігі мен Шыршық және Ангрен өзендерінің алқабын, сондай –ақ Сырдарияның оң жағалауын қамтитын тарихи өңір. Бұл аймақ қазіргі Ташкент пен Шымкент қалалары орналасқан жер. Б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында өңірде 30-ға жуық шаһар болған. (Шаш).

4. Ұлы Даланың маңызды тарихи-мәдени ерекшеліктерін бір сөйлеммен сипаттаңыз

Географиялық орны	Тарихи алаңы	Халқы	Ықпал аймақтары
-------------------	--------------	-------	-----------------

--	--	--	--

5. Көшпелілікке анықтама беріп, маңызды белгілерін көрсетіңіз.

6. Скифтердің Алдыңғы Азияға жорықтарының жағымды салдары қандай?

7. «Ортаазиялық қалалық өркениеттің Ежелгі Месопотамия өркениеттерімен деңгейі тең» деп қарастыруға бола ма? Неліктен? Түсіндіріңіз.

8. Аталған екі археологиялық мәдениетті салыстырып, ортақ белгілерін табыңыз

	Афанасьев мәдениеті	Қарасұқ мәдениеті
Қоныстану орны		
Шаруашылық түрі және мал құрамы		
Баспана мен қоныс түрі		
Жерлеу салты		
Ортақ белгілер		

5. Көшпелілердің әлемдік материалдық мәдениетке қосқан үлесін мысалдармен дәлелдеңіз.

А) Андрондық әскери арбалар -

В) Сақтардың қарулары -

С) Пазырық кілемі -

Д) Киіз үй -

6. Деректі оқып, сұраққа жауап беріңіз.

Сақтардың қолданбалы өнерлерінің басты түрлері – ою-өрнектер. Олар «аң стилі» өнерімен қатар өзара тығыз байланыста дамыды. Алайда олар тері, киіз, ағаш сияқты ұзақ сақталмайтын материалдарға салынуына байланысты қазіргі уақытқа дейін сақталмаған. Тек кейбір ою-өрнектер обалардың астына су кетіп, мәңгі мұз болып қатып жатқандықтан сақталып, бізге жеткен. Ондай өрнектермен өрнектелген бұйымдар Алтайдың Пазырық, Берел обаларында кездеседі. Сақ заманындағы ою-өрнектердің геометриялық, өсімдік тәріздес, зооморфтық, рәміздік түрлері сақталған. Геометриялық өрнектер алғашында қола дәуірінде пайда болған. Олар көзелердің сыртында жасалған. Зооморфтік ою-өрнектер аң стилінің сюжеттеріне негізделіп жасалған. Мұнда жануарлардың бейнесі бейнеленген.

Қазақ жерінде бейнелеу өнерінің жаппай тараған бір түрі – жартастарға салынған суреттер (петроглифтер). Олар – сақ дәуірінен қалған құнды ескерткіштердің бірі. Алматы облысындағы «Таңбалы тас», Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Қойбағар» секілді ескерткіштер – соның айғағы.

Геродот былай дейді: «Олардың әрқайсысы ағаштың астында өмір сүреді. Қыста ағаш кез келген сәтте тығыз ақ киізбен жабылады, ал жазда жабусыз қалдырылады». Киіз үйге қажетті заттарды сақтардың өздері жасап отырған. Мәселен киіз үйге қажетті, яғни оған жабатын киіз, байлайтын арқан, басқұр, ағаш-сүйектері(шаңырақ, уық, кереге, бақан) шіі т.б. болған. Ал ағаштан жасалатын бұйымдарды жасау үшін темір балта, шот, сүргі т.б. құралдарды өздері жасай білген. Археологиялық зерттеулерден жерленген патшаларының бастарына ағаштан тұрғызылған (қарағай) үй тәрізді төртбұрышты күмбездерге қарағанда (Бесшатыр) сақтар ағаштан да үй жасай білген. Бұдан олардың жартылай отырықшылық өмір сүргенін көреміз. Геродот пен Гипократтың деректеріне қарағанда, төрт дөңгелекті арба үстіне қондырған киіз үйлерде де көшіп-қонып жүргендерін жазған. Ал археологиялық қазба жұмыстарының кезінде оңтүстік, шығыс және солтүстік аудандарында тұрақты тұрғын үйлер ашылып, ал оңтүстікте шикі кірпіштен салынған үйлер, солтүстікте және шығыста бөренелерден салынған үйлер белгілі болған. *e.history.kz*.

1. Сақ киіз үйінің ең басты ерекшелігі қандай?
2. Аң стилінің пайда болуының алғышарттары
3. Жартастарға салынған суреттер нені білдіреді?

Нәтиже: Егер білім алушы сұраққа дұрыс жауап берсе, мұғалім 1 ұпай, қате жіберсе 0 ұпай қояды. Ұпайлар қосындысы бойынша деңгейі анықталады. 10-8 балл – оңтайлы деңгей; 7-6 балл – қолайлы, 5-4 ұпай – сыни

ТАӨ	Білім жүйесінің құрамдас бөліктерін ассимиляциялау										Балл саны	%	Қорытынды
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10			

II. Зерттеу жұмысына алдын-ала ұсынылған тақырыптар:

(білім алушы тоқсан басында бекітілген тақырыпқа сай таныстырылым дайындайды)

- «Андрондық арбалы жауынгер мен сақ садақшысы»
- «Сақ өнеріндегі аңдық стилі»
- «Ғұндардың полихромдық өнері»
- «Қазақстан петроглифтері»
- «Орталық Азияның ертедегі дәстүрлі өркениет тарихы жазба деректерде»
- «Қазақстанды археологиялық зерттеу тарихы»
- «Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары»
- «Ботайлықтар –Еуразиядағы тұңғыш жылқы өсірушілер»
- «Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ерекшеліктері»
- «Ұлы Даладағы ерте көшпелілік-скифтер, сақтар және сарматтар»

«Сақ қорғанынан табылған ерекше олжа»

«Пазырық мәдениеті» т.б.

Зерттеу жұмысының барысы

№	Таныстырылым бөлімдері	Мазмұны	Анықтама
1. Жұмыс 8-10 бет Power Point қосымшасымен жасалуы тиіс 2. Титул бетінде жұмыс тақырыбы мен пайдаланылған әдебиеттер көрсетілуі қажет			
1	Кіріспе	1. жоспар құру 2. зерттеу жұмысының өзектілігін анықтау 3. ғылыми және практикалық міндеттерді шешуге қолдану 4. алдағы уақыттағы маңызын қорытындылау	1-3 бет - фактілердің анық болуы - аргументтердің дәйектілігі - сенімді ақпарат құралдарынан болуы
2	Негізгі бөлім	1. зерттелетін мәселені сипаттау 2. зерттелетін мәселені талдау 3. мәселенің жан- жақты қарастыру	4 бет - тарихи фактілер мен деректердің нақтылығы және оларды ұсынудың креативтілігі
3	Қорытынды бөлім	1. тақырыпқа өзіндік тұжырым жасау - ұсыныстар; - өзіндік бағалау;	1-2 бет ғылыми айналымға енгізілген мәліметтерді ұсыну

Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің «Қасым Аманжолов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Дакешева Акзила Батырғалиевнаның іс-тәжірибесінен

«Өлкетану» сабақтарында зерттеу және жобалау жұмысын жоспарлау тәсілдері.

Қазіргі білім беру жүйесі педагог мамандардан үздіксіз білім жетілдіруді, «өмір бойы оқуды» талап етеді. Педагогикалық қызметімізде жыл өткен сайын шәкірттеріміздің сабақ үстінде өз ойларын толыққанды жеткізе алмауы, нақты сұрақтарға бір-екі сөзбен жауап беруі, пікір алмасу кезінде мәтін мазмұнымен ғана шектелуі, жаттандылықтың орын алуы тәжірибемді жетілдіруге серпін берді. Бұл өзекті мәселе білім алушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын арттыруға, ұсынылған білімді жадында ұзағырақ сақтауға, шығармашылық, іскерлік, көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыруға септігін тигізген зерттеу және жобалау жұмыстары арқылы шешімін тапты.

Осы ретте мемлекетіміздің қалыптасуындағы айтулы оқиғаларды, шежірелі өлкеміздің өткені мен бүгінін, тарихи-мәдени мұрасын, әр заманның озық ойлы азаматтарының ескірмейтін есімдеріне құрмет көрсету, білім алушылардың азаматтық көзқарасын қалыптастыру, алынған білімнің өмірде қажеттілігіне көз жеткізу, тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақтастық, әділдік және

жауапкершілік, жасампаздық және жаңашылдық, еңбекқорлық және кәсібилік құндылықтарын дарыту күнделікті сабақтармен бірге пәнге кіріктірілген өлкетану материалдарын оқытуда жалғасын тапты.

Өлкетану сабақтарында білім алушылармен зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру алгоритмі

7-сыныпқа арналған өлкетану сабақтарын өз тәжірибемде төмендегідей жоспарлаймын:

✚ Сабақтың бастапқы кезеңінде тақырыпты болжау жүзеге асады. «Поэзия минуты», «Бұл күн – тарих бетінде», «Білгенге маржан» айдарлары бойынша білім алушылардың сыни ойлауына, пәнаралық байланыстың орнауына жағдай жасалады.

-Өмірде адам таңдамайды баласын
Үйлестіріп оны тағдыр қосады
Өмірде адам таңдамайды анасын
Сүйеді оны, еш адамға қимайды
Туған жерді таңдамайды тағы да
Кіндігінің қаны тамған қастерлі
Тау ма, ой ма, сор ма, әлде бағы ма
Сүйеді оны іздеместен басқа елді.

Ақұштап Бақтыгереева

- Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы менің жасыл өлкем.

Өтебай Тұрманжанов

- Күн-дерек:18-сәуір – қандай күн ретінде танылған? Халықаралық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау күні

Берілген тапсырма арқылы білім алушылар бұл сабақта туған жерге саяхат құратынын түспалдайды.

- «Құбылған әлем жарысы, ақылды жанның табысы» қанатты сөздерінен кезекті тақырыптың тұлғаларға арналатындығын, ал «Әркімге ыстық атажұрты, бабасы, ел тарихы, шежіресі, даласы» деген жерлес ақын Қадыр Мырза Әлінің жыр өрнектерінен келесі сабақтың туған жердің тарихына қатыстылығын болжай алады.

- Нені ұмыттық, қастерлейміз нені біз?

Салмағы бар ой айтамын, сеніңіз.

Мектебінді терең білгің келсе егер

Әскери-данқ музейіне келіңіз – деген үндеуден қорытынды сабақтың білім ошағының тарихын зерттеуге бағытталатыны түсінікті.

Осыдан кейін мәселенің өзектілігін ашу, құндылығын анықтау мақсатында «Біз кімбіз? Қайда? Не үшін? Не істеу керек?» ретімен жиіктемелі сауалды құрастырамыз.

**Зерттеу
Жиіктемелі сұрақ жасау**

Қайда? Переметный ауылында

Біз кіміз?
Қасым
Аманжолов
мектебінің
оқушылары

МӘСЕЛЕ:
**Біз, Қасым Аманжолов мектебінің оқушылары,
Переметный ауылында тарихи-мәдени ескерткіштерді
келер ұрпаққа сақтау үшін тұрғындардың
жауапкершілігін қалай арттыра аламыз?**

Не үшін?
Тарихи-мәдени
ескерткіштерді
келер ұрпаққа
сақтау үшін

Не істеу керек? Тұрғындардың жауапкершілігін қалай арттыра аламыз?

Осылайша, құрастырылған сұрақтар білім алушылардан сансыз идеялар алатын ілмек іспетті үлкен күшке ие болады.

Сонымен қатар қарқынды түрде жұмысты жүргізу үшін білім алушылармен бірлесіп «Алтын ереже» бекітіледі.



Уақытқа бағынамыз! Бір-бірімізді тыңдаймыз! Жұмысты бірге орындаймыз!

✚ Сабақтың ортасында топ ішінде тапсырмаларды бөлу, ізденісті жүзеге асыру, дереккөздерді салыстырмалы талдау, қорғау жүзеге асады. Осы ретте туристік жорықта кездесетін әр объектіге «Анықтама картасын» толтыру зерттеу жұмысын нәтижеге бағыттайды:

Объект атауы	Қасым Аманжоловқа арналған мүсін	
Салынған мерзімі	18 қаңтар 2018 жыл	
Орналасқан жері	Переметный ауылы, Бейбітшілік көшесі 1А, ақын атындағы мектеп ауласында қойылған.	
Архитекторы	Асқар Бақтығалиұлы	
Маңызы	«Оралым, менің Оралым», «Ақын өлімі туралы аңыз» секілді жалынды өлеңдердің авторының 1932-1936жж Оралда өмір сүргенін айшықтайды.	

Ресімдеу және қорғау дескрипторлары:

- Туристік маршрут сызбасын құрастырады;

- Маршруттың әр аялдамасын сипаттауда анықтама карточкасын қолданады

✚ Сабақтың соңында зерттеу және жобалау жұмыстарына баға беру, ой қорыту жүргізіледі. Нәтижелі рефлексияға жетелеу алдағы зерттеу сабақтарын жоспарлауға, өзгерістер енгізуге септігін тигізеді.

Зерттеуге негізделген оқу тапсырмаларының сипаттамасы

7- сыныптағы әр оқу тоқсаны соңындағы өлкетанулық сабақтардың сапалы өтуі негізгі пән бойынша оқу материалын меңгертуде қолданылған тапсырмалармен тығыз байланысты.

1-тоқсан соңындағы «Туристік маршруттар» сабағын «7.2.3.5 – туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну» оқу мақсатымен жоспарлау үшін оған дейін өтілген «Қазақ – жоңғар соғыстары» бөлімінің «7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау» оқу мақсатымен картада хронологиялық реттілікпен шайқастардың туристік маршрутын құру жұмысы ұсынылады. Ал «XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы» бөлімінің «7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау» оқу мақсатын орындауда Әбілқайыр және Абылай хандардың мәмілегерлік байланыстарын маршрут-сызба түрінде дәйектеу ұтымды болады. Берілген тапсырмалар білім алушылардың картаны қолданып, жер-су атауларының, көршілес мемлекеттердің орналасуын бағдарлап, тарихи оқиғаларды талдауына септігін тигізеді.

Сайып келгенде, туған жеріндегі тарихи-мәдени орындарға арналған маршрутты құрастыру оңайырақ түсері анық. Осы орайда білім алушыларға күнделікті жүріп өтетін жолдарын, яғни оқитын мектебі мен тұрғылықты мекен-жайы аралығында туристік жорық сызбасын түсіру тапсырмасын беру сабақ уақытының аясында қолжетімді болады. Түсінікті болу үшін ұстаз ретінде



өзімнің жұмысқа келетін «Бейбітшілік көшесіндегі Қасым Аманжоловқа арналған ескерткіш – Гагарин көшесіндегі «Ана мен бала» саябағы – «Домбыра» мүсіні» маршрутымды таныстырып өтемін, көше атауының шығу тарихы мен әр объектінің салынған жылы, архитекторлары, тарихи маңызына тоқталамын. Сонымен қатар сабақ үстінде тиісті ресурстармен қамтамасыз ету, кітаптар,

баспасөз материалдарының көрмесін жасау, ғаламтор материалдарына сілтеме беру арқылы қолдау жүргізіледі. Білім алушылар өзінің өмірімен байланысты ақпаратты игеруге құлшыныспен кірісіп, ЖИ мүмкіндіктерін пайдаланып,

көрнекі-иллюстративті түрде қорғауды сапалы жүргізеді. Осы орайда пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме жасауға дағдыландырылған жөн. Дайындалған жұмыстар «Аялдама», «Галлереяны шарлау» (www.emaze.com), «Қабырғаға қарап оқу» әдістерімен таныстырылады.

Жобалау жұмысын бағалау ұстаз тарапынан жүргізіліп, «Мықты жолсілтеуші топ» аталымын беру арқылы ынталандырылады, әрі кейін топ жұмыстары олардың тікелей қатысуымен сыныптан тыс шараларда, түрлі деңгейдегі өлкетанулық сайыстарда қолданылатын болады.

Білім алушылар тарапынан сабаққа рефлексия «Қ-қиыны; Қ-қызықтысы; Қ-құндысы» ретімен беріледі. Осылайша, білім алушылардың жауапкершілікпен жасалынған бірлескен жобалау жұмыстары туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін оятары хақ.

2-тоқсан соңындағы «Жомарт жүрек» өлкетанулық сабағын «7.4.1.3–өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру» оқу мақсаты бойынша жоспарлауда бұрын өтілген тақырыптарды «Автор орындығы», «РАФТ» (рөл-айтылатын аудитория-жеткізу формасы-тақырыбы/автор сөзі), «TEDx», «Stand-up» форматымен рөлдік ойындар түрінде қызықты етіп өткізуге болады. Мысалы, «XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті» бөлімінің «7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау» оқу мақсаты бойынша білім алушылар Ақтамберді, Бұқар, Үмбетей жыраулар, Тәтіқара ақын, шежірешілер жөнінде «Сюжеттік кесте» толтырады.

Кім?	Не істеді?	Қаншалықты маңызды?

Кейін «Мен, Көмекей әулиемін,...» ретімен бірінші жақтан критерийлерге сай баяндау жүргізеді. Ұстаз тарапынан сол кезеңге тән аспаптар, киім үлгілерін білім алушыларға беру және рөлді дереккөздердің аудио, бейне тыңдалымымен, портреттермен, ЖИ жандандырумен сүйемелдеу ұтымды болады. Жіті жоспарланған сабақ білім алушылардың қызығушылығын арттырып, ізденісін шыңдап, киноға түскен актер ретінде өмір бойына есінде қалары сөзсіз.

«Отарлау және ұлт-азаттық күрес» бөлімінде «7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру» оқу мақсаты бойынша Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлының рөліне ену ұсынылады.

Бағалау критерийлерін осы ретпен құрастыру білім алушылардың ұлт-азаттық қозғалысты толыққанды зерделеуіне мүмкіндік береді:

- көтерілістің түйінді оқиғаларын хронологиялық ретімен сипаттайды;
- әр кезеңдегі көтеріліс басшысының ұйымдастырушылық қызметін талдайды.

Сабақ соңында кинопремия форматында «Ең үздік рөл» аталымымен марапаттау жүргізіледі.

Жоғарыда жоспарланған тапсырмаларға бейімделген шәкірттеріме қорытынды өлкетану сабағында туған жерінің жомарт жүректі жандарының

қызметін бағалау оңайға түсетіні мәлім. Осы орайда зерттеу жұмысы кезінде қоғам қайраткерінің «Жеке іс-парағын» толтыру дәлелді фактілерді іздестіруге көмектеседі:

Аты-жөні	Дүзбатыр Нұржан Тоғызбайұлы	
Жылдар	Қоғамдық-саяси қызметі	Өлкені дамытуға қосқан үлесі
2010-2015 жж	«Ауыл тынысы» газетінің редакторы	Бәйтерек ауданындағы құлпытастарды зерттеп, ғылыми айналымға енгізді
2015-2017 жж		
2017-2020 жж		
21-2025 жж		

Қорғалым «Жомарт жүрек» аталымына лайықты кандидаттарды іріктеумен ерекшеленеді. Сабақ соңында «Атадан қалған асыл сөз» (Қорқыт) рефлексиясы алынады:

- Өткен күн – тарих: бұрыннан білетінімді пайдалана алдым
- Бүгінгі күн – сый: жаңа деректермен таныстым
- Келер күн – құпия: тақырыпты толығырақ білгім келеді

Қорытындылай келе, бұл өлкетанулық ізденіс арқылы білім алушыларым адал еңбек пен кәсіби біліктіліктің әрқашан өз жемісін беретініне көз жеткізеді, мамандық таңдауына бағдар алады, сонымен қатар қоғамға риясыз қызмет ету, туған өлкесінің өркендеуіне тигізер үлесі хақында ой қорытады.


3-тоқсан соңындағы «Туған өлкенің шежіресі» тақырыбын «7.4.1.4 – өлке дамуының маңызды кезеңдерін анықтау; 7.2.2.5 – өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру» оқу мақсаттарына жетуді жоспарлау кезінде «төңкерілген сынып» әдісімен алдын-ала тапсырмаларды бөліп беруге болады. Дереккөз ретінде берілген жергілікті ғылыми мұрағат материалдарын, БАҚ мақалаларын салыстырмалы талдау, хронологиялық ретімен жүйелеу дағдылары қалыптасады. Бұл ретте ғылыми жобаларды ресімдеу тәртібін сақтауға басымдық берген жөн.

Алдын-ала берілген бағалау критерийлері бойынша зерттеу-жобалауға дайындық 2-3 апта бұрын басталады:

- тарихи оқиғалар хроникасын құрады;
- өлке дамуының маңызды кезеңдерін ажыратады;
- ғылыми жобаны талапқа сәйкес ресімдейді;
- креативті түрде қорғайды.

Әдетте семинар, конференция, дөңгелек үстел түріндегі дәстүрлі емес сабақтар эмоция сыйламасы, есінде қалмасы анық. Ал топ ішінде қабілеттеріне қарай телехабар жүргізушісі, сценарист, режиссер рөлдерін бөліп беріп, ізденіс нәтижесін «Жаңалықтар шарайнасы», бейнесюжет, деректі фильм, «ТВ шоу», подкастта сұхбат алаңын құру түрінде кеңінен таратуға болады.

Бұл ретте көрермендер сарапшылар рөлінде қорытынды жұмысты мұқият зерделеп, үлестірілген буфаторийлердің бірін көтеру арқылы баға береді, «Жанды микрофон» әдісімен таңдауын дәйектейді:




Сонымен, шәкірттерім өткеннен сабақ алып, заманауи ауыл келбетін дамыту бағыттарын ұсынады, өлкенің бастан кешкен тарихи кезеңдерімен тығыз байланысты өз әулетінің шежіресін тереңірек тануға талпынысы артады.

4-тоқсан соңындағы қорытынды сабақ «Менің мектебімнің тарихы» тақырыбының «7.2.2.6 – түрлі дереккөздер негізінде өз мектебінің тарихын анықтау» оқу мақсатын жүзеге асыруға арналады. Бұл ретте мектеп музейіне саяхат ұйымдастырып, түрлі деректерді іздестіру жұмыстары жүргізіледі. Білім алушылар топ ішінде міндеттерін бөліп алып, мектеп тарихының кезеңдерін, зейнеткер ұстаздарын, дарынды шәкірттерін, жетістіктерін зерттейді.

Алдын-ала берілген бағалау критерийін ескеріп, стикерлерге жазба түсіреді:

- мектеп тарихын құрайтын елеулі оқиғаларды хронологиялық ретімен ұсынады;
- мектеп тарихын анықтауда дереккөздерге сілтеме жасайды.

Зерттеу жұмысының нәтижесі «Экскурсия», «Жарнама», «Сендіру пирамидасы» түрінде қорғалады.



Жобалау жұмысын өзара бағалауда «Тыныс белгілерін» қою әдісі қолданылады:

?	сұрақтарымыз бар, түсіну қиынға соқты
.	бәрі түсінікті болды
!	керемет, экскурсия ерекше болды

Осылайша, соңғы өлкетану сабағы білім алушыларға өзінің оқып жатқан мектебінің 15 жылдан астам тарихын тануға, аудан көлемінде білім ордасының ерекшелігін анықтауға, өмірінде білімнің алатын орнын саралауға, мектеп өміріне белсенді қатысу жауапкершілігін арттыруға, тіптен мектепті дамытуға қатысты түйінді идеяларын ұсынуға жетелейді.

Әдістемелік ұсыныстар:

Өлкетану сабақтарында зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізу кезінде нәтижеге жету үшін ескеру керек жайттар:

- Сабақ кезіндегі зерттеу тапсырмалары бөлінген уақытқа сәйкес қолжетімді болуы керек;
- Білім алушылардың жас ерекшелігі мен мүмкіндігіне сәйкес таңдалғаны дұрыс;
- Білім алушылардың өз бетімен жұмыстана алуы үшін нақты критерийлер мен дескрипторлар ұсынылуы қажет;
- Топ мүшелерінің қызметтері бекітілуі тиіс;
- Ұстаз тарапынан асқан қырағылықпен ұдайы бақылау, қажет кезде бағыт-бағдар беру, шынайы қолдау жүзеге асырылуы керек;
- Бағыттаушы мұғалімнің зерттеу аясындағы дереккөздерді, сенімді сілтемелерді ұсынуы жұмыстың сапасына әсер етеді.

Қорытындылай келе, сабақ кезінде жүзеге асқан зерттеу жұмыстары толықтырылып, кейін «Менің кіші Отаным», «Менің Отаным – менің бастамам» шығармашылық байқаулары мен «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетанулық сайыстарында өз жемісін беріп келеді. Жұлделі орындарды иеленген бірнеше жұмыстармен <https://www.youtube.com/@akzilahistory4226> каналынан танысуға болады.

Шығармашылық қан түйіршіктерін жіпке тізгендей еңбек етуді қажет ететіні анық. Осы орайда педагогикалық қызметінде қытай данасы Конфуцийдің «естігенімді ұмытамын, көргенімді есте сақтаймын, өз істегенімді меңгеремін» деген қанатты сөздерін басшылыққа алған шығармашыл ұстаздардың әрбір шәкіртінің ізденіс, зерттеушілік қабілеттерін шыңдау арқылы интеллектуалды ұлт, элитарлы білім иесін дайындау жолында жемісті еңбек ететініне сенімдімін.

Әдебиеттер:

1. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы
2. Өлкетану. Батыс Қазақстан облысы. – Астана:»Арман-ПВ», 2018. – 202 б.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану (оқу құралы) Алматы, 2015.
4. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы бойынша мектеп тренерлерін оқыту бағдарламасы, 2016.
5. «Қазақстан тарихы» мен «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша

«Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 2018.

6. SHELL NXPLORERS халықаралық бағдарламасының «Мәселелерді шешуші» жұмыс дәптері, 2021 ж.

10-сыныпта Қазақстан тарихы пәнінен «Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы» тақырыбындағы зерттеу жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

1. Зерттеу мақсаты дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылым мен этностық қатынастардың ерекшелігін анықтау.

Ру-тайпалық жүйе, жүздер, билік институттары мен әлеуметтік топтардың өзара байланысын түсіндіру.

Қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуының тарихи маңызын көрсету.

2. Зерттеу міндеттері

1. Қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын (ру, тайпа, жүз, хандық билік) сипаттау.

2. Әлеуметтік жіктелуді (ақсүйектер, қара сүйек, билер, батырлар, жыраулар, т.б.) талдау.

3. Дәстүрлі басқару институттарын (хан, би, ақсақалдар кеңесі) зерделеу.

4. Дәстүрлі қоғамдағы құқықтық қатынастарды (әдет-ғұрып, «Жеті жарғы») зерттеу.

5. Этноәлеуметтік ұйымдасу мен ұлттық бірегейлік арасындағы байланысты анықтау.

3. Зерттеу әдістері

Тарихи-салыстырмалы әдіс – қазақ қоғамын басқа көшпелі және отырықшы қоғамдармен салыстыру.

Жүйелік талдау – этностық, әлеуметтік, саяси және құқықтық қырларын кешенді қарастыру.

Дереккөздермен жұмыс – шежірелер, халық ауыз әдебиеті, заң жинақтары («Жеті жарғы»), ғалымдардың еңбектері.

Жобалық әдіс – білім алушылар шағын ғылыми жоба, постер, инфографика немесе презентация жасайды.

Интерактивті әдістер – пікірталас («Қазақ қоғамының ең мықты тұсы қайсы?»), рөлдік ойын («Билер кеңесі»), миға шабуыл.

Моделдеу әдісі – қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын схема, диаграмма түрінде бейнелеу.

4. Ұйымдастыру кезеңдері

1. Дайындық кезеңі

Зерттеу сұрақтарын құру (мысалы: «Қазақ қоғамының бірлігін сақтауда ру-тайпалық жүйе қандай рөл атқарды?»).

Дереккөздерді жинақтау (тарихи деректер, әдеби шығармалар, ғалымдар еңбектері).

2. Негізгі кезең

Топтық зерттеу бағыттары:

«Қазақ қоғамындағы билік жүйесі»	«Жеті жарғы – құқықтық жүйенің негізі»	«Ру-тайпа және жүздер құрылымы»	«Қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтар»
Әр топ постер, схема, презентация немесе мақала дайындайды.			

3. Қорытынды кезең

Зерттеу нәтижесін қорғау (баяндама, пікірталас, жоба қорғау).

Талдау, сұрақ-жауап, сыни ойлау дағдыларын дамыту 1. Зерттеу мақсаты

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылым мен этностық қатынастардың ерекшелігін анықтау.

Ру-тайпалық жүйе, жүздер, билік институттары мен әлеуметтік топтардың өзара байланысын түсіндіру.

Қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуының тарихи маңызын көрсету.

2. Зерттеу міндеттері

Қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын (ру, тайпа, жүз, хандық билік) сипаттау.

Әлеуметтік жіктелуді (ақсүйектер, қара сүйек, билер, батырлар, жыраулар, т.б.) талдау.

Дәстүрлі басқару институттарын (хан, би, ақсақалдар кеңесі) зерделеу.

Дәстүрлі қоғамдағы құқықтық қатынастарды (әдет-ғұрып, «Жеті жарғы») зерттеу.

Этноәлеуметтік ұйымдасу мен ұлттық бірегейлік арасындағы байланысты анықтау.

3. Зерттеу әдістері

Тарихи-салыстырмалы әдіс – қазақ қоғамын басқа көшпелі және отырықшы қоғамдармен салыстыру.

Жүйелік талдау – этностық, әлеуметтік, саяси және құқықтық қырларын кешенді қарастыру.

Дереккөздермен жұмыс – шежірелер, халық ауыз әдебиеті, заң жинақтары («Жеті жарғы»), ғалымдардың еңбектері.

Жобалық әдіс – білім алушылар шағын ғылыми жоба, постер, инфографика немесе презентация жасайды.

Интерактивті әдістер – пікірталас мысалы: «Қазақ қоғамының ең мықты тұсы қайсы?» рөлдік ойын «Билер кеңесі», миға шабуыл.

Моделдеу әдісі – қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын схема, диаграмма түрінде бейнелеу.

Ұйымдастыру кезеңдері

Дайындық кезеңі

Зерттеу сұрақтарын құру (мысалы: «Қазақ қоғамының бірлігін сақтауда ру-тайпалық жүйе қандай рөл атқарды?»).

Дереккөздерді жинақтау (тарихи деректер, әдеби шығармалар, ғалымдар еңбектері).

Негізгі кезең

Топтық зерттеу бағыттары:

«Қазақ қоғамындағы билік жүйесі»

«Жеті жарғы – құқықтық жүйенің негізі»

«Ру-тайпа және жүздер құрылымы»

«Қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтар»

Әр топ постер, схема, презентация немесе мақала дайындайды.

Қорытынды кезең

Зерттеу нәтижесін қорғау (баяндама, пікірталас, жоба қорғау).

Талдау, сұрақ-жауап, сыни ойлау дағдыларын дамыту Зерттеу жолдары

1. Дереккөздермен жұмыс

Археологиялық қазбалар (қорғандар, қоныстар).

Жазба ескерткіштер (Орхон-Енисей жазбалары, Қорқыт ата кітабы).

Шетелдік саяхатшылар еңбектері (Геродот, Рубрук, Ибн Баттута).

Заманауи зерттеушілердің ғылыми еңбектері.

2. Тақырыптық топтық зерттеу

«Ұлы Жібек жолы және мәдени алмасу»

«Көшпелі әскери өнер және әлемдік тактикаға ықпал»

«Түркі өркениетінің рухани мұрасы»

«Ұлы Дала тұлғаларының әлемдік ғылым мен мәдениетке қосқан үлесі»

3. Интерактивті әдістер

Пікірталас, рөлдік ойын («Ұлы Дала елшілері», «Жібек жолы саудагерлері»).

Миға шабуыл (мысалы: «Егер Ұлы Жібек жолы болмағанда...»).

4. Заманауи цифрлық әдістер

Инфографика, тарихи карта жасау.

Онлайн мұражай, 3D турларды пайдалану.

Видеодереккөздерден талдау.

Зерттеу жолдарының тиімділігі

– Дереккөздермен жұмыс – білім алушылар тарихи шынайылықты сезінеді, сыни ойлау қалыптасады.

– Топтық зерттеу – бірлескен еңбекке баулиды, әркім өз қабілетіне сай үлес қосады.

– Жобалық әдіс – шығармашылық пен зерттеушілік дағдыларды дамытады, білім алушылардың жеке қызығушылығына сәйкес нәтиже береді.

– Салыстырмалы талдау – өркениеттер арасындағы байланыстарды түсінуге, тарихи сананы кеңейтуге ықпал етеді.

– Интерактивті әдістер – білім алушыны тек тыңдаушы емес, зерттеуші әрі қатысушы етеді.

– Цифрлық әдістер – ХХІ ғасыр талабына сай зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді, ақпаратты көрнекі және тартымды етеді.

5. Күтілетін нәтижелер

Білім алушылар дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымын толық түсінеді.

Ру-тайпа, жүз, билер институты, құқықтық жүйе сияқты ұғымдарды тарихи деректер негізінде талдайды.

Шығармашылық зерттеу дағдылары қалыптасады.

Ұлттық тарихқа деген қызығушылық пен құрмет артады.

6. Тиімділігі

Дереккөздермен жұмыс – білім алушы тарихи ойлау мен деректі талдауға үйренеді.

- Жобалық әдіс – білімді шығармашылықпен қолдануға жағдай жасайды.
- Интерактивті әдістер – тарихи оқиғаларды шынайы сезінуге мүмкіндік береді.
- Моделдеу әдісі – күрделі әлеуметтік құрылымды көзбен көріп, жеңіл түсінуге көмектеседі.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту — білім берудің заманауи міндеттерінің бірі. Бұл бағыттағы менің педагогикалық ұстанымым — білім алушыны білім алушыдан білім жасаушы деңгейіне жеткізу. Яғни, олар тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, өздігінен мәселе қойып, зерттеп, қорытынды шығара алатын тұлға ретінде қалыптасуы қажет.

Әдістемелік ұстанымдар:

1. Білім алушы белсенділігіне негізделген оқыту – зерттеушілік дағдыны қалыптастыруда білім алушының белсенді танымдық әрекеті басты орында. Сабақта білім алушыларды бақылау, сұрақ қою, болжау жасау, деректер жинау мен талдау сияқты әрекеттерге жүйелі түрде бағыттау ұсынылады.

2. Пәндік мазмұн арқылы зерттеуге ынталандыру – білім алушылар зерттеушілік жұмыстарын пәндік материалдармен байланыстыра отырып жүргізеді. Мысалы тарих сабағында тарихи тұлға немесе оқиғаға қатысты деректерді салыстыру, тарихи процестерді талдау, салыстырмалы зерттеу, Кейс-зерттеу зерттеулерді жүргізуге болады.

3. Сұрақ қоюға үйрету – зерттеу жұмысының негізі дұрыс қойылған сұрақтан басталады. Мен білім алушыларға “Неліктен?”, “Қалай?”, “Қандай дәлел бар?” деген сияқты танымдық сұрақтар қоюды үйретемін. Бұл олардың сыни және логикалық ойлау қабілетін дамытады.

4. Жеке және топтық жұмыстарды ұштастыру – зерттеушілік жұмыстарды жекелей орындау арқылы білім алушы өз мүмкіндігін көреді, ал топтық зерттеу кезінде ынтымақтастық, пікір алмасу, идеяны дәлелдеу, рөлдерді бөлісу сынды маңызды дағдыларды дамытады.

5. Рефлексия мен қорытынды жасауға баулу – әр зерттеу соңында білім алушылар өз жұмысына талдау жасап, қандай қиындық болғанын, не үйренгенін, келесі жолы нені ескеру керек екенін анықтайды. Бұл – үздіксіз дамудың кілті.

Ұсынылатын тәсілдер:

Жобалық жұмыс әдісі – білім алушыларға белгілі бір мәселені зерттеп, шағын жоба ретінде ұсыну тапсырылады. Бұл әдіс дерек жинау, талдау, сұрыптау, презентация жасау дағдыларын дамытады.

Кейс-стади (жағдайды талдау) – нақты бір жағдай немесе мәселені зерттеу арқылы білім алушы логикалық шешім қабылдауға машықтанады.

Интервью, сауалнама жасау – зерттеу жүргізу барысында білім алушылар нақты деректер алу үшін сауалнама жүргізіп немесе сұхбат алу тәжірибесін меңгереді.

Сыни ойлау технологиясының элементтерін SWOT талдау жасау, STEEPLE-талдауы әдісі, ПТМС- формуласы, құжаттық талдау әдісі, жазбаша құжатты талдауға арналған аналитикалық жұмыс парағы, PESTLE талдауын, «ЕНАРА» стратегиясы, (5R) маңыздылық кестесі, HIPP формуласы, GREAT формуласы, IDEA формуласы сияқты әдістер арқылы ақпаратты талдауға бағыттау ұсынылады.

Дүние жүзі тарихы пәнінде зерттеу элементтерін қолдану — білім алушылардың тарихи деректермен жұмыс істеу, сыни ойлау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Тарих сабағында зерттеу әрекеттері көбіне тарихи тұлғалар, оқиғалар, себеп-салдарлық байланыстар мен дереккөздерге талдау арқылы жүзеге асады. Педагогтерге «Дүниежүзі тарихы» пәнінен төменде нақты тақырыптар аясында зерттеу формалары көрсетілген.

«Әлем тарихы контексіндегі өркениеттердің өзара ықпалдастығы мен байланыс тәсілдері» тақырыбы – білім алушылардың тарихи процестерді жан-жақты, салыстырмалы түрде зерттеуіне мүмкіндік беретін кең ауқымды тақырып. Бұл бағытта қолдануға болатын зерттеу түрлері әртүрлі, төменде олардың негізгі түрлері мен қолдану мысалдары берілген:

1. Салыстырмалы зерттеу (компаративті талдау)Мақсаты: Екі немесе одан да көп өркениеттің өзара ықпалы мен ортақ элементтерін, айырмашылықтарын анықтау.Қолдану мысалы:

- Ежелгі Грекия мен Рим өркениеттерінің саяси құрылымдары мен мәдениетінің өзара әсерін салыстыру.

- Ислам өркениеті мен Еуропа елдері арасындағы ғылыми байланыстар (мысалы, ортағасырдағы ғылым мен медицинадағы ықпал).

2. Тақырыптық зерттеу (терең зерттеу)

Мақсаты: Белгілі бір тарихи құбылыс немесе байланыс формасын тереңірек қарастыру.

Қолдану мысалы:

- Ұлы Жібек жолы арқылы мәдени және экономикалық ықпалдастықты зерттеу.

- Қайта өрлеу дәуіріндегі ислам әлемінің білім жүйесінің Еуропаға әсері.

3. Дереккөздерді талдау (сапалық зерттеу)

Мақсаты: Тарихи құжаттар, жазбалар, суреттер, карталар, хаттар, жылнамалар т.б. арқылы өркениеттердің байланыс іздерін анықтау.

Қолдану мысалы:

- Марко Полоның, Ибн Баттутаның жазбаларын зерттеу арқылы Шығыс-Батыс байланысын ашып көрсету.

- Археологиялық деректер (монеталар, жазбалар, құрылыс үлгілері) арқылы сауда және мәдени алмасуларды дәлелдеу.

4. Кейс-зерттеу (жекелеген жағдайды зерттеу)

Мақсаты: Белгілі бір тарихи оқиға немесе үдеріс негізінде өркениеттік ықпалдастықты көрсету.

Қолдану мысалы:

- Андалусиядағы исламдық мәдениеттің христиан Еуропасына әсері.

- Моңғол империясы кезіндегі Шығыс пен Батыс арасындағы сауда және дипломатиялық байланыстар.

5. Жобалық зерттеу (шығармашылық зерттеу жұмысы)

Мақсаты: Белгілі бір тақырып аясында кешенді зерттеу жасап, оны презентация, постер, бейнеролик т.б. арқылы ұсыну.

Қолдану мысалы:

- »Ұлы Жібек жолының өркениеттерге ықпалы» тақырыбында карта, бейнематериалдар және инфографикамен жұмыс жасау.

- »Бір тауар — бірнеше өркениет» (мысалы, жібек, дәмдеуіш, кітап) тақырыбында зерттеу жүргізу.

6. Хронологиялық зерттеу (уақыт бойынша байланысқа талдау)

Мақсаты: Өркениеттер арасындағы ықпалдастықтың тарихи кезеңдерге қалай өзгеріп отырғанын зерттеу.

Қолдану мысалы:

- Орта ғасырлар мен Қайта өрлеу дәуіріндегі ислам әлемінің Еуропаға ықпалын салыстырып зерттеу.

- XV-XVII ғасырлардағы Еуропа мен Азия елдері арасындағы саяси-сауда байланыстарының эволюциясы.

Қорытынды:»Өркениеттердің өзара ықпалдастығы мен байланыс тәсілдері» тақырыбына зерттеу жүргізу барысында білім алушылар әртүрлі зерттеу формаларын қолдана алады: салыстыру, талдау, дерекпен жұмыс, жобалау және хронологиялық шолу. Мұғалім бұл зерттеу түрлерін білім алушылардың дайындық деңгейіне, тақырыптың күрделілігіне және қолжетімді ресурстарға байланысты түрлендіре алады.

«Әлем тарихындағы этникалық және әлеуметтік процестер» зерттеу сабағында IDEA- әдісі бойынша білім алушылар зерттеу жүргізе отырып, салыстырмалы кесте, функционалдық сауаттылыққа арналған сұрақтарға жауаптар жазады.

«Әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешудің тәсілдері» зерттеу сабағында мемлекеттің басқару формасына байланысты зерттеу сұрақтарына жауаптар дайындайды, мемлекет формалары мен саяси аумақтық түрлеріне қатысты салыстырмалы кестені орындайды, әлемді жаулап алушы тұлғаларды анықтап, олардың басқару мен жаулаушылық жорықтарына PEST – талдау жасайды, Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстарды салыстыру кестесін орындайды.

«Мәдениет адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтардың бейнесі ретінде» зерттеу сабағында термин сөздермен анықтамалық кесте, мәтінмен жұмыс, салыстырмалы талдау топтық немесе жұптық жұмыстар орындайды. Осы тапсырмаларды орындай отырып білім алушы зерттеу жұмыстарына дағдыланады, сыни ойлау талдау, өз бетінше ақпаратпен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. Ақпаратты оқып, өз бетінше қорытынды шығара алу, дәлелдер келтіре алу, деректерді жинақтау және өңдеу, мәселені түсіну жауапкершілікпен орындау қабілеттері де қалыптасады. Мұғалімнің негізгі міндеті дайын білім беру ғана емес, зерттеу жұмыстарына білім алушыны бағыттау болып табылады.

10-сынып. Дүние жүзі тарихы.

Зерттеу жұмысының жоспары (I тоқсан)

Пән	Дүние жүзі тарихы
Сынып	10а сынып
Тақырып	«Әлемдік тарих тұрғысындағы өркениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпал ету тәсілдері»
Мақсаты	Әлемдік тарих контекстінде өркениеттер арасындағы өзара әрекеттестіктің тарихи, мәдени, саяси және экономикалық аспектілерін зерттеу арқылы олардың өзара ықпал ету жолдарын анықтау, өркениеттердің дамуындағы байланыстар мен алмасулардың маңызын ашу.
Міндеттері	Зерттеу жұмысының міндеттері: 1. Әлемдік өркениеттердің негізгі ерекшеліктері мен даму кезеңдерін талдау; 2. Әр түрлі өркениеттер арасындағы байланыстар мен өзара әрекеттестік түрлерін жүйелеу (сауда, соғыс, дипломатия, дін, ғылым, мәдениет және т.б.); 3. Тарихтағы ең ірі өркениетаралық ықпалдастық мысалдарын (мысалы: Шығыс пен Батыс, ислам мен христиан өркениеттері, Қытай мен Еуропа, Ұлы Жібек жолы) сараптау; 4. Өркениетаралық өзара ықпал етудің оң және теріс салдарын бағалау; 5. Қазіргі заман тұрғысынан өткендегі өркениетаралық ықпалдастықтың маңызын анықтау және оның бүгінгі жаһандану үдерісіндегі рөлін көрсету.
Зерттеу жұмысының өзектілігі:	Қазіргі жаһандану жағдайында өркениеттер арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың маңызы артып келеді. Әлемдік тарихта өркениеттердің бір-бірімен әрекеттесуі – мәдени, саяси және экономикалық дамудың негізгі қозғаушы күштерінің бірі болды. Бұл өзара ықпалдастықтар кейде бейбіт алмасу мен ынтымақтастық арқылы, кейде қақтығыс пен соғыс нәтижесінде жүзеге асты. Өркениеттер арасындағы тарихи байланыстарды зерттеу арқылы қазіргі әлемде орын алып отырған геосаяси, мәдени және діни қақтығыстардың тарихи негіздерін түсінуге болады. Сонымен қатар, тарихтағы өркениетаралық байланыстардың тәжірибесі қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешуде (экологиялық дағдарыс, мәдени әртүрлілік, халықаралық қатынастар) маңызды рөл атқара алады.
Бөлім	I тоқсан. Зерттеу сабағы
	✓ Өркениет ұғымы және оның тарихи дамудағы рөлі

	✓ Зерттеу тақырыбының өзектілігі ✓ Зерттеу мақсаты мен міндеттері		
I бөлім	Өркениеттер ұғымы және тарихи даму кезеңдері 1.Ежелгі өркениеттер: Мысыр, Месопотамия, Үнді, Қытай 2.Антикалық Грекия мен Рим өркениеттерінің мұрасы 3.Орта ғасырлардағы өркениеттік тоғысу: Ислам әлемі, Батыс Еуропа, Византия		
II бөлім:	Өркениеттердің өзара әрекеттестік мысалдары 1.Жібек жолы және сауда арқылы ықпал ету 2.Ислам өркениетінің Батыс Еуропаға әсері (ғылым, медицина, философия) 3.Қайта өрлеу дәуірі мен антикалық мұраның қайта жаңғыруы 4.Ұлы географиялық ашылулар және мәдени алмасу		
III бөлім:	Өркениеттер арасындағы қақтығыс пен келісім мысалдары 1.Діни соғыстар мен мәдениетаралық түсініспеушілік 2.Мәдени интеграция және бейбіт ықпалдасу формалары 3.Колониализм мен оның салдары		
Кіріспе	Адамзат тарихы әртүрлі өркениеттердің қалыптасуы, дамуы және өзара ықпалдасуы нәтижесінде өрбіді. Әрбір өркениет – белгілі бір аймақтағы халықтың тарихи, мәдени, діни және ғылыми дамуының жиынтығы. Тарих бойында өркениеттер бір-бірімен түрлі жолдармен — сауда, соғыс, дипломатия, діни миссиялар және мәдени алмасу арқылы байланысқа түсіп отырды. Осы өзара әрекеттестік адамзат дамуына серпін беріп, көптеген жетістіктерге қол жеткізуге ықпал етті. Бұл зерттеу жұмысында өркениеттердің өзара әрекеттесу формалары мен олардың бір-біріне тигізген ықпалы қарастырылады. Сонымен қатар, тарихтағы нақты мысалдар арқылы өркениеттер арасындағы мәдени алмасудың, ғылыми жетістіктердің таралу жолдары мен бүгінгі әлемге әсері талданады. Тақырыптың өзектілігі — қазіргі жаһандану жағдайында өркениетаралық диалог пен ынтымақтастықтың ерекше маңызға ие болуында.		
Кезеңдері/ уақыты	Теориялық бөлім	Бағалау	
Сабақтың басы 5 мин	1.Өркениет ұғымы және оның тарихи дамудағы рөлі Өркениет — бұл адамзат қоғамының материалдық және рухани дамуының белгілі бір тарихи деңгейін білдіретін күрделі ұғым. Ол қоғамның әлеуметтік құрылымы, мәдениеті, ғылымы, техникасы, діні, құқықтық жүйесі және экономикалық дамуымен тығыз байланысты. «Өркениет» термині латынның civitas («қала», «қалалық қоғам») сөзінен шыққан. Бұл ұғым алғашында қалалық өмір салты мен мәдениетті варварлықтан	Бағалау критерийлері	
7 мин		Критерий	Ұпай
		1.Терминдерге анықтама бере алуы	1
		2.терминдерге нақты мысалдар келтіре алуы	1

Сабақтың ортасы	ажырату үшін қолданылған. Кейінірек өркениет ұғымы адамзат дамуының барлық саласын қамтитын кең мағыналы ғылыми категорияға айналды.	Бағалау критерийлері <table><tr><th>Критерий</th><th>Ұпай</th></tr><tr><td>Мәтіндегі ақпаратты табу</td><td>1</td></tr><tr><td>ҰЖЖ қызметін ашып, дәлеле келтіру</td><td>1</td></tr><tr><td>Өркениет жетістіктерін талдауы</td><td>1</td></tr><tr><td>Өркениет жетістіктерінің таралуына мысалдар келтіріп, талдау</td><td>1</td></tr></table>	Критерий	Ұпай	Мәтіндегі ақпаратты табу	1	ҰЖЖ қызметін ашып, дәлеле келтіру	1	Өркениет жетістіктерін талдауы	1	Өркениет жетістіктерінің таралуына мысалдар келтіріп, талдау	1
Критерий	Ұпай											
Мәтіндегі ақпаратты табу	1											
ҰЖЖ қызметін ашып, дәлеле келтіру	1											
Өркениет жетістіктерін талдауы	1											
Өркениет жетістіктерінің таралуына мысалдар келтіріп, талдау	1											
7 мин	1.Өркениеттің негізгі белгілері: 1. Жазудың пайда болуы; 2. Қалалардың дамуы және мемлекеттік басқару жүйесінің қалыптасуы; 3. Әлеуметтік жіктелу мен еңбек бөлінісі; 4. Ғылым мен білімнің дамуы; 5. Мәдениеттің, өнердің, діннің және құқықтың дамуы. Өркениеттің тарихи дамудағы рөлі: Өркениеттер — адамзат тарихының қозғаушы күші. Әрбір өркениет өзіне тән мәдениет, дүниетаным, технология мен басқару формасын қалыптастырып, бүкіл адамзаттың ілгерілеуіне ықпал етті. Мысалы: Месопотамия – алғашқы жазу мен заң жүйесін қалыптастырды (Хаммурапи заңдары). Ежелгі Египет – архитектура мен математикада үлкен жетістіктерге жетті. Антикалық Грекия мен Рим – философия, демократия, құқық пен инженерияның негізін салды.											
7 мин	Ислам өркениеті – ғылым, медицина, астрономия және математикада әлемдік жетістіктерге жетті.											
10 мин	3.Өркениет түрлері 1.Дәстүрлі өркениет (ауыл шаруашылығы, көшпелі шаруашылық) 2.Индустриалды 3.Постиндустриалды Өркениеттер әрекеттестігіндегі мысалдар 4.Өркениеттердің бір-бірімен өзара әрекеттесуі адамзат тарихында маңызды рөл атқарды. Бұл әрекеттестік түрлі формада – бейбіт мәдени алмасу, сауда, діни ықпал, ғылым-білімнің таралуы немесе соғыс және жаулап алулар арқылы жүзеге асты. Төменде өркениетаралық ықпалдастықтың тарихи тұрғыдан маңызды нақты мысалдары берілген. 1. Ұлы Жібек жолы (Б.з.д. II ғ. – б.з. XV ғ.) Өркениеттер: Қытай, Үндістан, Орта Азия, Таяу Шығыс, Еуропа											

	Өрекеттестік түрі: Сауда, мәдени алмасу, дипломатия Мәні: Жібек, қағаз, шай, дін (буддизм, ислам), идеялар мен технологиялар Шығыстан Батысқа, Батыстан Шығысқа тарады. Нәтиже: Бұл жол адамзат тарихындағы ең ірі мәдени және экономикалық көпірге айналды. 2. Эллинизм дәуірі (Александр Македонскийдің жорықтары, б.з.д. IV ғ.) Өркениеттер: Грек және шығыс (Парсы, Үнді, Мысыр) Өрекеттестік түрі: Соғыс, мәдени синтез Мәні: Грек мәдениеті мен философиясы Шығыс елдеріне тарады, ал жергілікті мәдениеттермен бірігіп, жаңа эллинистік мәдениет пайда болды. Нәтиже: Ғылым, өнер, сәулет саласында жаңа бағыттар қалыптасты (мысалы, Александрия кітапханасы мен мектебі). 3. Ислам өркениетінің Еуропаға ықпалы (VIII–XIII ғғ.)	
--	---	--

Практикалық бөлім

1-тапсырма. Терминдермен жұмыс

Термин	Түсіндірме	Мысал келтіру
Өркениет		
Мәдениет		
Эллинизм		
Жазу жүйесі		
Қалалық өркениет		

2-тапсырма. Төмендегі өркениеттердің пайда болған уақытын және жетістіктерін хронологиялық кестеге құрыңыздар

Өркениеттер атауы	Қалыптасқан уақыты	Орналасқан аумағы	Ерекшелігі мен жетістігі
Месопотамия			
Ежелгі Египет			
Ежелгі Қытай			
Ежелгі Грекия өркениеті			

Бағалау критерийлері

1. Өркениеттердің қалыптасқан уақытын анықтай алуы -1

2. Өркениеттердің орналасқан аумағын картадан табуы, жазуы-1

3. Ерекшелігі мен жетістігіне дәлелдер келтіруі-1

Бағалау критерийлері

1. тарихи мысалдар келтіре алуы -1

2. Өркениеттердің әрекеттестік аумақтарын табуы-1

3. Өрекеттестік түрлерін жазуы-1

4. Нәтижесі мен ықпалына дәлелдер келтіруі-1

Ислам өркениеті					
5. Ақпаратты сараптау және талдау 1. Қалай ойлайсыз, өркениеттер арасындағы өзара байланыс болмаса, адамзат даму деңгейі қандай болар еді? 2. Мәтінде келтірілген тарихи мысалдар бүгінгі ғылым мен технологияға қалай әсер етті деп ойлайсыз? 3. «Өркениеттер байланысы – бейбіт дамудың негізі» деген пікірмен келісесіз бе? Неліктен?					
3-тапсырма.Зерттеу мен талдау А) «Өркениет» және «әрекеттестік» ұғымдарына қысқаша анықтама беріңіздер. Ә)Мысалдық зерттеу.Төмендегі тарихи мысалдарды бірін немесе бірнешеуін таңдап, мынадай аспектілер бойынша мысалдық зерттеу жасаңыздар					Бағалау критерийлері 1.Өркениеттер арасында өзара әрекеттестік жағдайларын ашады -1 2. Өркениет араларындағы негізгі факторларды талдайды-1 3.Қазіргі заманға ықпалын ашып, мысалдар жазады-1
Тарихи мысал	Қандай өркениеттер әрекеттесті	Әрекеттесу түрі	Нәтижесі/ ықпалы		
Ұлы Жібек жолы	Қытай,Үндістан Парсы,Еуропа т.б	Сауда, Мәдени	Діннің таралуы, технология таралуы т.б		
Ислам мен Батыс					
Моңғол шапқыншылығы					
Эллинизм					
Б)Талдау. 1.Өркениеттер арасында өзара әрекеттестік қандай жағдайларда пайда болады? 2.Өркениет аралық байланысқа әсер ететін негізгі факторлар? 3.Бұл ықпалдастық қазіргі заманға қандай әсер қалдырды? С) Функционалдық сауаттылыққа арналған сұрақтар 1. Қазіргі заманмен байланыстыруға арналған сұрақтар: 2. Қазіргі жаһандану дәуіріндегі өркениетаралық өзара ықпалдастықтың қандай түрлерін байқайсыз? 3.Тарихтағы өркениетаралық байланыстар бүгінгі халықаралық қатынастарға қалай үлгі бола алады?					

4.Өркениеттер қақтығысы мен диалогы арасындағы айырмашылықты нақты мысалмен түсіндіріңіз.		
4-тапсырма. Мәтіндік талдау Өркениеттер арасындағы өзара байланыс – адамзат тарихында маңызды рөл атқарған үдеріс. Ежелгі және орта ғасырлардағы өркениеттер – мысалы, Қытай, Үндістан, Араб халифаты, Еуропа – бір-бірімен түрлі жолдар арқылы байланыс орнатты. Солардың ішінде Ұлы Жібек жолы ерекше маңызға ие болды. Бұл тек сауда жолы ғана емес, сонымен бірге мәдениет, дін, ғылым және технологиялардың таралу жолы болды. Мысалы, Қытайда ойлап табылған қағаз араб елдері арқылы Еуропаға жетті. Ал үнді математиктері ашқан нөл саны мен ондық жүйе араб ғалымдарының арқасында әлемге танылды. Ислам әлемінің ғалымдары Ежелгі Грекия мұраларын араб тіліне аударып, кейін Еуропалық Ренессанс дәуіріне жол ашты. Өркениеттер арасындағы мұндай өзара әрекеттестік – бейбіт даму мен ілгерілеудің негізі. Қазіргі жаһандану дәуірінде бұл сабақтар өте маңызды, себебі әртүрлі халықтар мен мәдениеттер арасындағы түсіністік пен құрмет – тұрақты дамудың кепілі. Тапсырмалар мен сұрақтар (функционалдық сауаттылық үшін): 1. Мәтінді түсіну және ақпаратты табу 1. Мәтін бойынша Ұлы Жібек жолы қандай функция атқарған? 2. Қағаз қай өркениеттен шықты және қайда таралды? 3. Нөл саны мен ондық жүйе кімдер арқылы дүниежүзіне таралды?		Бағалау критерийлері 1.Өз ойларын жазып, өз мысалдарын келтіреді -1 2. Мәтінде келтірілген тарихи оқиғаларды бүгінгі күнмен салыстырып, өз идеяларын айтады-1 3.Өз пікірлерін айтып, нақты дәлелдер келтіреді -1
3 мин	Кері байланыс: Табыс сатысы» әдісі: сатының суреті, сатының 1 - баспалдағы Мен..... БІЛЕМІН 2 - баспалдағы Мен..... ТҮСІНЕМІН, 3 - баспалдағы Мен..... ЖАСАЙ АЛАМЫН (Үйге тапсырма беріледі, сабақ аяқталады)	Табыс сатысы әдісі бойынша сабаққа кері байланыс береді

Батыс Қазақстан облысы дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты, тарих пәнінің мұғалімі
Темешев Думан Наушаевичтің іс-тәжірибесінен

Зерттеу және жобалау жұмысын ұйымдастыру тәжірибесі

Білім беру ұйымының атауы	Абай атындағы ОДБАММГИ	
Пәні:	Дүние жүзі тарихы	
Бөлім:	1-бөлім. Өркениет: даму ерекшеліктері	
Сынып: 10	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Зерттеу жұмысы: «Әлемдік тарих тұрғысындағы өркениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпал ету тәсілдері»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	10.1.1.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «өркениет», «өркениет типі» терминдерін қолдану 10.1.3.4 әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау	
Сабақтың мақсаты	Өртүрлі өркениеттердің даму ерекшеліктерін салыстырып, олардың бір-біріне тигізген ықпалын анықтайды; Білім алушыны дербес ізденіске, деректермен жұмыс істеуге, тарихи құбылыстарды талдап, сараптамалық ойлау қабілетін дамытуға үйренеді; Әлемдік діндердің даму кезеңдерін анықтап, ықпалдастық арқылы қазіргі әлемдегі интеграциялық процестерді түсінуге негіз қалайды.	

Зерттеу барысында білім алушы мына дағдыларды дамытады:

- Зерттеушілік дағдылар: деректер жинау, сұрыптау, дереккөздерді салыстыру;
- Сыни ойлау: тарихи фактілерді талдап, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, өзіндік пікір қалыптастыру;
- Ақпараттық сауаттылық: карталар, дереккөздер, құжаттар мен иллюстрациялармен жұмыс істеу;
- Коммуникативтік дағдылар: зерттеу нәтижесін баяндау, дәлелдеу, топ алдында қорғау;
- Шығармашылық дағдылар: ақпаратты жүйелеп, диаграмма, кесте, презентация түрінде ұсыну;
- Әлеуметтік дағдылар: топтық жұмыста өзара пікір алмасу, бірлесіп қорытынды жасау.

Бұл зерттеу жұмысы білім алушыға білімді игертумен қатар, зерттеу, талдау, сыни ойлау дағдыларын дамытатындықтан және қазіргі әлемді түсінуге мүмкіндік беретіндіктен өте лайық тақырып болып табылады[1].

«Әлем тарихы контексіндегі өркениеттердің өзара ықпалдастығы мен байланыс тәсілдері» тақырыбы бойынша білім алушыларға терең ойлануға, салыстыру жасауға және зерттеу қабілеттерін дамытуға көмектесетін тапсырмалар беру өте тиімді. Төменде сол тақырыпқа сай бірнеше тапсырма түрі ұсынылады:

Жеке зерттеу жұмысы: *«Вавилон – өркениеттер тоғысқан қала»*

«Византия мен мұсылман әлемінің мәдени байланыстары»

«Теңіз жолдары мен отарлық кезеңдегі өркениеттік ықпалдар «

Дескриптор:

1-2 бет зерттеу жұмысы

Дереккөздерге сүйенеді

Карталар, суреттер қолдануға болады
«Талдау картасы» әдісі. Топтық жұмыс.

Білім алушылар топта берілген мәтінмен танысып, аналитикалық талдау жасайды, жұмыс нәтижесін жариялайды.

1-топ. «Көне философиялық ілімдер»

2-топ. «Әлемдік діндер мен өркениеттердің дамуы»

3-топ. Қазіргі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдар

Дескриптор:

Жүйелі түсінік береді;

Тақырыптар бойынша тұжырым жасайды

Картамен жұмыс (Географиямен байланыс)

Тапсырма: «Өркениеттер байланыстары»

Дескрипторы:

Жібек жолы, Теңіз жолдары, Дала жолы сияқты сауда бағыттарын картаға түсіру

Қандай қалалар мен аймақтар арқылы өткені көрсетіледі

Әр жол бойындағы мәдени, діни және экономикалық алмасуларға мысалдар беріледі [3].

Білім беру ұйымының атауы	Абай атындағы ОДБАММГИ	
Пәні:	Дүние жүзі тарихы	
Бөлім:	2-бөлім. Этникалық және әлеуметтік процестер	
Сынып: 10	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Зерттеу жұмысы: «Әлем тарихындағы этникалық және әлеуметтік процестер»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	10.2.1.1 – этникалық процестердің ерекшеліктерін талдау; 10.2.2.1 – әлеуметтік құрылымдағы өзгерістер мен сабақтастықты түсіндіру;	
Сабақтың мақсаты	Этникалық процестердің ерекшеліктерін талдайды; Әлеуметтік құрылымдағы өзгерістер мен сабақтастықты түсіндіреді	

Зерттеу барысында білім алушы келесі дағдыларды дамытады:

Зерттеу дағдылары: тарихи деректерді табу, талдау, салыстыру;

Сыни ойлау: этникалық және әлеуметтік процестердің себеп-салдарын түсіндіру;

Ақпараттық дағды: карталармен, шежірелермен, тарихи құжаттармен жұмыс істеу;

Коммуникативтік дағды: зерттеу нәтижесін ауызша/жазбаша жеткізу, дәлелдеу;

Әлеуметтік дағдылар: этностардың көптүрлілігін түсініп, толеранттылықты дамыту.

Бұл зерттеу жұмысы пән мазмұны мен оқу мақсаттарына сай келеді, білім алушыға зерттеу, сыни ойлау, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамытады. Тақырып – этностардың қалыптасуы мен әлеуметтік өзгерістерді

түсіндіруге мүмкіндік беретіндіктен зерттеуге лайық, ал мұғалім оны білім алушылардың тарихи ойлау қабілетін арттыру мақсатында ұйымдастырады.

«Дүние жүзі тарихындағы этникалық және әлеуметтік процестер» – білім алушыларға көші-қонның, әлеуметтік құрылымның және этностардың тарихтағы орнын түсінуге мүмкіндік береді. Мұнда халықтардың қозғалысы, мәдени өзара әрекеттестігі, әлеуметтік стратификация (қабаттасу), ұлттар мен этностардың ықпалы сынды аспектілер қамтылады[1].

Төменде осы тақырыпқа нақты және мазмұнды тапсырмалар түрлері ұсынылады:

Кесте толтыру: «Этностардың орны мен рөлі»

Кесте үлгісі:

Этнос / Халық	Қай аймақта өмір сүрді	Қай кезеңде	Тарихи рөлі/ықпалы	Қазіргі ықпалы
Түркі халықтары	Орталық Азия	VI–XV ғғ.	Мәдениет, тіл, мемлекет құру	Түркі әлемі интеграциясы
Славяндар	Шығыс Еуропа	V–X ғғ.	Қоныс аудару, мемлекет құру	Еуропа мемлекеттері

Дескриптор:

-Этностардың орны мен уақытын, ықпалын анықтайды;

- маңыздылығын сипаттайды;

Эссе / Пікірталас: «Этностардың тарихи процестердегі рөлі»

Эссе тақырыптары:

- «Этностар арасындағы бейбіт қарым-қатынастың тарихи мысалдары»
- «Көші-қон –мәдени байытудың көзі ме, әлде қақтығыстың себебі ме?»
- «Этникалық әртүрлілік – мемлекеттің күші немесе әлсіздігі?»

Пікірталас форматында өткізуге де болады– екі топ қарама-қарсы пікірді қорғайды.

Зерттеу жобасы: «Ұлы көші-қондар және олардың салдары»

Дескрипторы:

Білім алушылар тарихи көші-қон процестерін зерттеп, олардың этникалық және әлеуметтік құрылымға қалай әсер еткенін түсіндіреді.

Тақырыптар мысалы:

- Әлемнің этникалық картасы: өткені мен бүгіні
- Ұлы қоныс аудару дәуірі (б.з. IV–VII ғғ.): герман тайпалары, ғұндар
- Этностардың бейбіт қарым-қатынастарының тәсілдері (халықаралық интеграция)

• XX ғасырдағы миграциялық толқындар (мысалы, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі босқындар)

Форматы: Презентация, постер, эссе, видео[3].

Білім беру ұйымының атауы	Абай атындағы ОДБАММГИ
Пәні:	Дүние жүзі тарихы
Бөлім:	3-бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан

Сынып: 10	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Зерттеу жұмысы: «Әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешудің тәсілдері»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	10.3.1.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін қолдану 10.3.2.11 Версаль-Вашингтон және Ялта-Потсдам жүйелерінің тиімділігін және олардың қазіргі заманға әсерін бағалау	
Сабақтың мақсаты	Тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін қолданады; Версаль-Вашингтон және Ялта-Потсдам жүйелерінің тиімділігін және олардың қазіргі заманға әсерін бағалайды	

Бұл зерттеу жұмысы пән мазмұны мен оқу мақсатымен толық сәйкес келеді. Білім алушыда зерттеу, талдау, проблеманы шешу, пікірталас жүргізу сияқты дағдылар дамиды. Тақырыптың өзектілігі – қазіргі қоғаммен тығыз байланысында, ал мұғалім оны ұйымдастыру арқылы білім алушыларды тарихи білімді өмірлік тәжірибеде қолдануға бағыттайды[2].

«Әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешудің тәсілдері» тақырыбы бойынша білім алушыларға терең ойлануға, салыстыру жасауға және зерттеу қабілеттерін дамытуға көмектесетін тапсырмалар беру өте тиімді. Төменде сол тақырыпқа сай бірнеше тапсырма түрін ұсынылады. :

Дерекпен жұмыс: тарихи құжатты талдау

Мысал:

- «Ұлы Жасақ»(Яса) арнайы заңдар жинағының үзіндісі
- Азаматтық кодекс немесе Наполеонның кодексі
- Томас Джефферсонның реформалық сөздері

Дескриптор:

1. Құжаттан қандай мәселелер көтерілгенін анықтау
2. Қандай шешім ұсынылғанын көрсету
3. Қоғамға әсерін бағалау

Салыстырмалы талдау кестесі:

Критерий	Версаль-Вашингтон	Ялта-Потсдам
Құрылуы		
Тиімділігі		
Қазіргі заманға әсері		

Дескрипторы:

Интербеллум кезеңін, дүниежүзілік соғыстардан кейінгі екі жүйені салыстыру.

Мәтінмен танысып, мемлекеттің пайда болу теорияларын кестеге толтыру ұсынылады:

Теория атауы	Авторлары	Негізгі мазмұны
Теологиялық (қос қылып)	Фома Аквинский	Мемлекеттің пайда болуы мен құрылуы тек құдайдың қалауымен жүзеге асады.
Қоғамдық келісім	Т.Гоббс, Дж.Локк	Адамдар өздерінің құқықтарының белгілі бөлігін мемлекетке тапсырады, мемлекет олардың қауіпсіздігі мен мүлкін сақтауға міндетті...

Дескрипторы: Мемлекет құрылуының негізгі теорияларын сипаттайды[3].

Білім беру ұйымының атауы	Абай атындағы ОДБАММГИ	
Пәні:	Дүние жүзі тарихы	
Бөлім:	4-бөлім. Мәдениеттің дамуы	
Сынып: 10	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Зерттеу жұмысы: «Мәдениет – адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтарының көрінісі»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	10.4.2.1 қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін «абстракционизм», «модернизм», «постмодернизм», «авангардизм», «футуризм», «кубизм», «сюрреализм», «экспрессионизм», «гиперреализм», «хайтек» терминдерін қолдану 10.4.2.4 өзгерістер пен сабақтастықтарды анықтай отырып, қазіргі кездегі өнердің даму тенденцияларын анықтау	
Сабақтың мақсаты	Қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін «абстракционизм», «модернизм», «постмодернизм», «авангардизм», терминдерін қолданады; Өзгерістер пен сабақтастықтарды анықтай отырып, қазіргі кездегі өнердің даму тенденцияларын анықтайды	

Зерттеу барысында білім алушы келесі дағдыларды дамытады:

- Зерттеушілік дағдылар: мәдени мұра үлгілерімен жұмыс жасау, деректерді жинау және талдау;
- Сыни ойлау: мәдени құбылыстардың мәнін ашып, адамзатқа тигізген ықпалын бағалау;
- Коммуникативтік дағдылар: өз ойын дәлелді жеткізу, пікірталас жүргізу, презентация жасау;
- Эстетикалық және құндылықтық сана: рухани-адамгершілік мұраға құрметпен қарау;
- Шығармашылық дағдылар: зерттеу нәтижесін кесте, эссе, жоба түрінде рәсімдеу.

Бұл тақырып не себепті зерттеуге лайық?

Мәдениет – адамзаттың рухани тарихының айнасы, ол арқылы қоғамның құндылықтары көрінеді;

Қазіргі жастардың адамгершілік, толеранттылық, рухани дүниесін дамытуда маңызды;

Бұл тақырып білім алушыларға мәдениетті тек өнер ретінде емес, құндылықтар жиынтығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Мұғалім бұл жұмысты неге ұйымдастырды?

Білім алушылардың мәдениет тарихына қызығушылығын арттыру үшін;

Оларды рухани-адамгершілік құндылықтарды бағалауға және құрметтеуге тәрбиелеу үшін;

Зерттеу арқылы білім алушылардың өзіндік ойлау, шығармашылық және талдау қабілеттерін дамыту үшін;

Қазіргі қоғамда мәдени мұраның маңызын түсіндіріп, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыру үшін[2].

Тақырып өте терең әрі адамзат өркениетінің рухани өзегіне бағытталған: «Мәдениет – адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтарының көрінісі». Бұл бөлімде білім алушылар өнер, адамзаттың мәдени мұрасын сақтау жолдарын, философия арқылы әртүрлі мәдениеттердің құндылықтарын зерттейді.

Төменде осы тақырыпқа беруге болатын кей тапсырмалар топтамасын ұсынылады. . Бұл тапсырмалар білім алушылардың шығармашылық, сыни ойлау және талдау дағдыларын дамытуға бағытталған:

Мини-экспозиция жасау (топтық тапсырма)

Тақырып: «Мәдениеттің айнасы» көрмесі

Дескрипторы:

Әр топ бір өркениеттің рухани-мәдени құндылықтарын көрсететін бұрыш немесе шағын көрме жасайды;

Ұлттық киім, музыкалық аспаптар, өнер үлгілері, философиялық ойлар

Көрмені қорғау кезінде әр элементтің мәнін түсіндіреді

«Өнер галереясын» рөлдік ойын элементтерімен таныстыру.

Мұғалім білім алушыларға жұптарға бөлініп, өздерін сарапшылар ретінде елестетуді және келесі тапсырманы орындауды ұсынады. Мұғалім білім алушыларға бейнелеу өнерінде келесі бағыттар бейнеленген иллюстрацияларды ұсынады - абстракционизм, модернизм, постмодернизм, авангардизм, футуризм, кубизм, сюрреализм, экспрессионизм, гиперреализм. Білім алушылардың міндеті картиналарды мұқият қарастыру, бұрын алған білімдерін пайдалана отырып, стильді анықтау.

Мұғалім білім алушыларға бір өнер туындысын (суретін) тандап, жоспар бойынша өнер туындысына талдау жасауды ұсынады:

а) өнер туындысының атауы және оның авторы (авторлары);

ә) бүгінде бұл жұмыс қайда (мұражай, қала, ел);

б) туындыны жасау үшін пайдаланылған материал;

в) шығармада не көремін;

г) маған қандай әсер береді?;

д) бұл туындыны қандай стильге жатқызуға болады? Бұл стильдің қандай ерекшеліктерін туындыда көруге болады?

е) жұмыс қашан жасалды? Туындыда құру дәуірінің қандай ерекшеліктері көрініс тапты? Жасалған уақыты туралы не айтады?

Дескрипторы:

Өнер туындыларын сипаттау немесе талдау үшін сын есімдер мен сөздіктерді пайдалана отырып, эссе түрінде өнер туындыларын талдауды рәсімдеу[3].

Білім алушының сыни ойлауын дамыту үшін, дербес жұмыс дағдыларын қалыптастыру үшін зерттеу сипатындағы жұмыстарды жалғастыру маңызды. Өріптестерге ұсынарым тақырып таңдауда икемді болу, дереккөздерді түрлендіру, әдіс-тәсілдерді әртараптандыру. Қорыта келе зерттеу сипатындағы жұмыстарды жалғастыру – білім алушыны тек білім алушы емес, ойланушы, зерттеуші, жауапты тұлға ретінде қалыптастырудың жолы.

Әдебиеттер:

1. Р.Қайырбекова, С.В.Тимченко, З.А.Джандосова «Дүниежүзі тарихы» 10 сынып, 1-бөлім А., «Мектеп»,2019ж.

2. Р.Қайырбекова, С.В.Тимченко, З.А.Джандосова «Дүниежүзі тарихы» 10 сынып, 2-бөлім А., «Мектеп»,2019ж.

3. Ж.Жұматаева «Дүниежүзі тарихы әдістемелік нұсқау» 10 сынып, А., «Мектеп», 2019ж.

11-сынып Дүниежүзі тарихы бойынша зерттеу жобаларын ұйымдастыру (әдістемелік ұсынымдар)

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, М.Мәметова атындағы №27 мектеп-лицейі, тарих және құқық пәні мұғалімі Шайхиева Камила Сатыбалдықызының іс -тәжірибесінен

Мақсаты: 11-сынып білім алушыларына тарихи және қоғамдық маңызды тақырыптарда зерттеу жобаларын орындауға бағыт-бағдар беру, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту және пәндік білімді өмірмен байланыстыра қолдануын қамтамасыз ету. Төменде әр тоқсанда өткізуге ұсынылған зерттеу жұмыс тақырыптары бойынша ұсынымдар жеке-жеке берілген. Әр тақырыпқа пәндік мазмұн, зерттеу мақсаты мен міндеттері, оқу дағдылары, орындалу тәсілдері және күтілетін нәтиже сипатталады.

Тақырып:Қазақстан табиғи-географиялық шектеулерін еңсерудің әлемдік тәжірибесіне негізделген келешек мүмкіндіктері - «әлем елдеріндегі агралық ,инфрақұрылымдық , климаттық бейімделу тәжірибелерін зерттеу»(Пән: Дүниежүзі тарихы, 11-сынып, I тоқсан)

Тақырыптың мазмұны мен мақсаты: Бұл зерттеу жобасы Қазақстанның табиғи-географиялық шектеулерін (мысалы, жер аумағының кеңдігі, теңізге тікелей шыға алмауы, қатал климаттық аймақтар) еңсеруде әлем елдерінің тәжірибесін зерделеуге бағытталған. Білім алушылар жаһандық мысалдарды зерттеу арқылы өз елінің келешектегі мүмкіндіктерін бағалауды үйренеді. Жобаның мақсаты – әлемдегі аграрлық, инфрақұрылымдық және климаттық бейімделу тәжірибелерін талдау арқылы Қазақстанның тұрақты даму жолдарын ұсыну. Бұл жұмыс оқу бағдарламасындағы жаһандану және тұрақты даму бөлімдерімен байланыстырып жоспарланады. Зерттеу сұрақтары: «Әлемнің түрлі елдері табиғи-географиялық қиындықтарды қалай жеңді? Қазақстан осы

тәжірибелерден қандай сабақ ала алады?». Пәндік байланыс: Дүниежүзі тарихы және география пәндері (әлем елдерінің тәжірибесін қарастыру), сондай-ақ Қазақстан тарихының қазіргі заманғы кезеңімен ұштастыру (Қазақстанның стратегиялық жоспарлары). Дамытылатын дағдылар: сыни талдау, дерекпен жұмыс, салыстырмалы талдау, шығармашылық ұсыну, ақпаратты графикалық түрде бейнелеу.

Зерттеу жұмысының сипаттамасы: Білім алушыларға алдын ала зерттеу тапсырмасы беріледі: әлемнің әр аймағынан 2-3 елдің мысалын алып, олардың табиғи шектеулерді жеңудегі жетістіктерін сипаттау. Мысалы, судың тапшылығы мен шөлейт жерлерге қарамастан ауыл шаруашылығын дамытқан Израиль мемлекетінің тәжірибесі қарастырылады. Израиль озық суару технологиялары мен генетикалық селекцияның арқасында шөлді аймақтарда да аса өнімді егін шаруашылығын жолға қойған. Нәтижесінде Израильдің әр сиыры орташа 13 000 литр сүт береді, бұл көрсеткіш Солтүстік Америкада ~10 000 литр, Еуропада ~6 000 литр шамасында ғана Сол сияқты, бір гектар израильдік жылыжайда 300 тонна қызанақ өсірілсе, әлемдік орташа өнімділік 50 тонна шамасында. Бұл деректер шөлейт және құрғақ климатта да инновация арқылы жоғары өнімділікке қол жеткізуге болатынын дәлелдейді

Білім алушылар сондай-ақ жер ресурсы шектеулі шағын елдердің аграрлық жетістіктерін талдайды. Мысалы, Нидерланд корольдігі аумағы шағын әрі халқы тығыз орналасқанына қарамастан, қазіргі таңда әлемдегі екінші ірі ауылшаруашылық өнім экспорттаушысы атанып отыр Голландия вертикалды фермерлік, тұқым шаруашылығы және роботтандырылған жылыжайлар сияқты заманауи агротехнологияларды кең қолданудың арқасында мол өнім алып, азық-түлік өндіруде жаһандық модельге айналды. Айталық, Нидерландта шыны жабық жылыжайлар жылына шамамен 1 акр жерде 10 акр далаға тең өнім өсіруге мүмкіндік береді, ал 0,5 галлон суды пайдаланып 1 фунт қызанақ өсірілсе, жаһандық орташа деңгейде 1 фунт қызанаққа 28 галлон су жұмсалады Бұл деректер білім алушыларға ресурсты үнемдеп, технология көмегімен шектеулерді еңсерудің жолын нақты көрсетеді.

Инфрақұрылымды дамыту және көлік байланысы: Зерттеудің келесі бөлігі Қазақстанның теңізге шығар жолының жоқтығын еңсеру үшін әлемдегі көлік-логистика саласындағы ынтымақтастық тәжірибесіне назар аударады. Мысалы, Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында Қазақстан арқылы өтетін халықаралық транспорт дәліздері елдің жаһандық нарықтарға қосылуын жеделдетуде. Зерттеулер көрсеткендей, халықаралық инфрақұрылым жобаларының арқасында Қазақстаннан жүк тасымалдау уақыты 8%-дан астам қысқарып, сауда шығындары шамамен 4%-ға төмендеген Білім алушылар осы деректерді талдап, инфрақұрылымдық инвестициялар мен көрші елдермен ынтымақтастықтың маңызын түсінеді. Сондай-ақ, цифрлық инфрақұрылымның рөлі қарастырылады – мысалы, БҰҰ қолдауымен ашылған Қазақстанның онлайн сауда порталы 12 000-нан астам кәсіпкерге жаһандық нарық ақпаратын қолжетімді етіп, жаңа сауда мүмкіндіктерін туғызды <https://un-dco.org/stories/no-coast-no-limits-how-landlocked-countries-are-turning-barriers-bridges>

Климаттық бейімделу тәжірибелері: Зерттеу аясында білім алушылар климат өзгерістеріне бейімделу бойынша әлемдік практикаларды да қарастырады. Мысалы, құрғақшылық пен топырақ эрозиясынан зардап шегетін Африканың Лесото елінде БҰҰ қолдауымен климатқа төзімді тұқымдар таратылып, 26 мыңнан астам фермерлік үй шаруашылықтарына бейімделген агротехнологиялар үйретілген. Ал Ботсвана елінде жаңартылатын энергияны енгізу мақсатында 300-ден астам биогаз қондырғылары орнатылып, ауыл аймақтар таза энергиямен қамтамасыз етілуде. Бұл шаралар дәстүрлі отынға тәуелділікті азайтып, жергілікті тұрғындарға жаңа жұмыс орындарын ашқан. Білім алушылар аталған мысалдар арқылы климаттық қатерлерге алдын-ала дайындалудың және тұрақты энергия көздеріне көшудің маңызын түсінеді

Ұйымдастыру форматы: Білім алушыларды 3-4 адамнан топтарға бөліп, әр топқа белгілі бір елдің тәжірибесін зерттеу тапсырмасы беріледі (мысалы, бір топ – Израильдің суару технологиясы, екінші топ – Нидерландтың жылыжай кешендері, үшінші топ – белгілі бір Африка еліндегі климаттық бейімделу). Топтар өз зерттеу нәтижелерін постер, презентация немесе инфографика түрінде ұсынады. Зерттеу барысында білім алушылар ағылшын немесе қазақ тіліндегі дереккөздермен жұмыс істеп, мәліметтерді саралайды, қажетті жағдайда мұғалім бағыттап отырады. Оқу материалының байланысы: География пәнінен «Қазақстанның физикалық географиясы» және дүниежүзі тарихынан «Жаһандану дәуіріндегі әлем» бөлімдерімен байланыстыру тиімді. Оқу мақсаттары: әлем елдерінің тәжірибесін сараптай отырып, Қазақстан жағдайында қолдануға келетін идеяларды ұсыну; деректермен дәлелдеп, өз көзқарасын негіздеу.

Бағалау және рефлексия: Топтық презентациялардан кейін ортақ талқылау ұйымдастырылады. Мұғалім әр топтың жұмысын критерийлер бойынша бағалайды (мазмұнның нақтылығы, дереккөздерді тиімді қолдануы, ұсынылған шешімнің негізділігі, безендірілуі т.б.). Білім алушылар өзара кері байланыс беріп, қай топтың идеясы не үшін тиімді екеніне пікір білдіреді. Рефлексия кезінде білім алушылардан «Бұл зерттеу арқылы қандай жаңалық білдіңіз?», «Қазақстан үшін қай тәжірибе ең қолайлы деп ойлайсыз?» деген сұрақтарға жауап алу ұсынылады. Қиындықтар және шешу жолдары: Зерттеу барысында кейбір білім алушыларға шет тіліндегі ақпаратты түсіну қиын болуы мүмкін – мұндайда мұғалім алдын ала маңызды мақалаларды қазақ/орыс тіліне қысқаша аннотация жасап береді немесе терминдер сөздігін ұсынады. Уақытты басқару, топта міндеттерді бөлу секілді дағдыларға да назар аударылады.

Қорытынды: Мұғалім қорытынды сөзінде осындай зерттеу сипатындағы жұмыстың білім алушылар үшін пайдасын атап өтеді. Нақтырақ, түрлі елдердің даму тәжірибесін зерттеу арқылы білім алушылар жаһандық көзқарасын кеңейтті, туған елінің проблемаларын шешуде шығармашылық ойлау қабілеттерін шыңдады. Қазақстанның географиялық шектеулері оның дамуына кедергі емес, керісінше, дұрыс стратегиямен мүмкіндікке айналатынын түсінді. Мұндай жобаларды алдағы уақытта оқу үдерісіне енгізу білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын ғана емес, отансүйгіштік және жауапкершілік

құндылықтарын дамытады. Әріптестерге кеңес: тақырыпты жергілікті жағдаймен байланыстыру (мәселен, өз облысыңызда жүзеге асырылып жатқан жобаларды қосу), білім алушыларға нақты деректерді өзі табуға ынталандыру маңызды. Зерттеу жұмысы барысында жетекші сұрақтар беріп, қажетті кезде бағыттап отырсаңыз, білім алушылар үлкен жауапкершілікпен және қызығушылықпен жұмыс жасайды.

Тақырып:XXI ғасырдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары – халықаралық қауіпсіздік құрылымдары , БҰҰ , НАТО, аймақтық ынтымақтастық форматтары зерттеледі.*(Пән: Дүниежүзі тарихы 11-сынып, II тоқсан)*

Тақырыптың мазмұны мен өзектілігі: Бұл жобалық зерттеу қазіргі жаһандық әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселелерін зерделеуге арналған. Білім алушылар халықаралық қауіпсіздік құрылымдарының (БҰҰ, НАТО және т.б.) қызметін, сондай-ақ аймақтық ынтымақтастық форматтарының рөлін зерттеп, XXI ғасырдағы қауіпсіздіктің жаңа сын-қатерлеріне талдау жасайды. Тақырып дүниежүзі тарихының қазіргі заман бөлімімен және «Құқық негіздері» пәніндегі халықаралық құқық, жаһандық саясат тарауларымен тығыз байланысты. Зерттеу мақсаты: халықаралық ұйымдардың бейбітшілік сақтау қызметін бағалап, олардың күшті және осал тұстарын талдау; терроризм, ядролық қару таралуы, кибершабуылдар секілді заманауи қауіптерге қарсы әлемдік қауымдастықтың бірлескен әрекеттерін зерделеу. Дамытылатын дағдылар: ақпарат көздерін талдау, ресми құжаттармен жұмыс (мысалы, БҰҰ Жарғысы, келісімдер), пікірталас жүргізу, дәлелді пікір қалыптастыру. Зерттеу сұрақтары: *«Бейбітшілікті сақтауда БҰҰ қаншалықты тиімді?», «Аймақтық қауіпсіздік ұйымдары (мысалы, НАТО, ҰҚШҰ, АСЕАН) әлемдік тұрақтылыққа қандай үлес қосады?», «Жаңа қауіп-қатерлерге (терроризм, киберқауіп) жауап беру үшін қандай ынтымақтастық қажет?».*

Зерттеу жұмысының барысы: Білім алушыларға бірнеше кіші тақырып бөлініп беріледі. Бір топ Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қамтамасыз етудегі рөлін зерттейді: БҰҰ құрлымы (Қауіпсіздік Кеңесі, Бас Ассамблея), негізгі міндеттері, бітімгершілік миссияларының тарихы мен қазіргі жағдайы. Мысалы, білім алушылар бүгінде БҰҰ мандатымен әлемнің түкпір-түкпірінде 11 бітімгершілік миссиясы жүріп жатқанын, ол миссияларда 120+ елден жиналған ~60 мың сарбаз бен полиция қызметкерлері қызмет атқаратынын деректер арқылы баяндай алады. Бітімгершілік операцияларының қаншалықты тиімді екеніне талдау жасау үшін білім алушылар мысал ретінде белгілі миссияларды (мысалы, Косоводағы KFOR, немесе Африкадағы БҰҰ миссиялары) зерттейді.

Екінші топ НАТО әскери-саяси альянсының қазіргі заманғы қызметіне назар аударады. НАТО тарихы, «ұжымдық қорғаныс» принципі (5-бап) еске түсіріліп, қырғи-қабақ соғыстан кейін ұйымның қалай өзгергені талданады. НАТО-ның XXI ғасырдағы жаңа міндеттері ерекше қызығушылық тудырады: қазіргі таңда НАТО құрамына 31 мемлекет кіріп, Еуропа және Солтүстік Американың 1 миллиардтан астам тұрғынын қорғайды және әскери қорғаныспен қатар киберқылмыс, терроризм, пандемия сияқты қауіптерге қарсы бірлескен

шаралар қабылдауда <https://www.slideshare.net/slideshow/natooooopptx/257959260>. Мысалы, COVID-19 пандемиясы кезінде НАТО арнайы қор құрды, жүздеген тонна медициналық жүкті тасымалдауға әскерилерді тартты. Білім алушылар НАТО-ның осылай бейімделуі арқылы ұйымның дәстүрлі соғыстардан бөлек заманауи сын-қатерлерге де жауап бере бастағанын түсінеді. Сонымен бірге, НАТО мен БҰҰ ынтымақтастығы (мысалы, Ауғанстандағы бітімгершілік) немесе НАТО-ның кеңеюі және оған байланысты пікірталастар (Ресеймен қарым-қатынас) секілді мәселелерді де қарастыруға болады.

Үшінші топқа немесе жеке білім алушыларға аймақтық қауіпсіздік құрылымдарын зерттеу тапсырылады. Мысалы, Еуропадағы ЕҚЫҰ (ОБСЕ) – әлемдегі ең үлкен аймақтық қауіпсіздік ұйымы, оның құрамында 57 мемлекет бар және ол консенсус негізінде шешім қабылдап, қару-жарақ бақылауы, жанжалдың алдын алу, адам құқықтарын сақтау сияқты бағыттарда жұмыс істейді. Сол сияқты, ТМД кеңістігінде ҰҚШҰ (Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы), Азияда ШЫҰ (Шанхай ынтымақтастық ұйымы), Америка құрлығында Америка мемлекеттері ұйымы, Африкада Африка одағы секілді бірлестіктер бар. Білім алушылар әрқайсысының құрылу мақсаты мен қызмет түрлерін қысқаша сипаттап, нақты мысалдар келтіреді (мысалы, ЕҚЫҰ Украинадағы қақтығысты реттеуде мониторингтік миссия жүргізді; Африка одағы Сомали, Судан секілді елдерге бітімгершілік күштер жіберген). Бұл ұйымдардың табыстары мен қиындықтары талқыланып, аймақтық деңгейдегі ынтымақтастықтың маңызы бағаланады.

Білім алушы әрекеттерінің форматы: Жобаны орындау барысында білім алушылар әр тақырып бойынша шағын зерттеу есебін (реферат/аналитикалық жазба) дайындайды және нәтижелерін сыныпта пікірталас форматында қорғайды. Мысалы, сыныпта “БҰҰ тиімді ме, тиімсіз бе?” деген пікірталас ұйымдастыруға болады: бір топ БҰҰ жетістіктерін дәлелдермен келтірсе (Корей соғысындағы рөлі, бейбітшілік орнатудағы кейбір табыстар, т.б.), екінші топ ұйымның әлсіз тұстарын сынға алады (үлкен державалардың вето құқығын асыра пайдалануы, Сирия сияқты жанжалдарды шеше алмауы, т.б.). Сондай-ақ “НАТО кеңеюі қауіпсіздікті нығайта ма, әлде керісінше ме?” деген тақырыпта дебат өткізу тиімді. Білім алушылар өз аргументтерін нақты тарихи оқиғалармен, статистикамен дәйектейді.

Оқу мақсаттары: білім алушылар халықаралық құрылымдардың жұмыс істеу ұстанымдарын түсіну; жаһандық мәселелерге көпқырлы талдау жасау; өз көзқарасын дәлелдермен қорғау. Пәнаралық байланыс: бұл жоба тарихпен қоса құқық және қоғамдық пәндермен (адам құқығы, халықаралық құқық негіздері) ұштасады.

Бағалау критерийлері: Мұғалім білім алушылардың талдау тереңдігіне, деректерді қолдануына, қарсы тараптың сұрақтарына жауап беру қабілетіне назар аударады. Пікірталас соңында сынып болып рефлексия жасалады: білім алушылар қандай жаңа мәліметтер білгенін, бастапқы көзқарастарының өзгерген-өзгермегенін, қандай тұжырымға келгенін жазады немесе ауызша бөліседі. Мысалы, бір білім алушы «БҰҰ әрдайым идеалды шешім таба алмаса

да, балама жаһандық механизм жоқ екенін түсіндім» деген сияқты инсайт айтуы мүмкін. Мұғалім пікірталас мазмұнын қорытындылап, негізгі түйіндерді атап өтеді (мысалы, *«Халықаралық ұйымдардың тиімділігі мүше елдердің саяси ерік-жігеріне байланысты, дегенмен оларсыз жаһандық ынтымақтастық мүмкін емес»* деген сияқты).

Жетістіктер мен қиындықтар: Бұл зерттеу жұмысында білім алушылар халықаралық саяси терминологияны меңгеріп, шынайы әлемдегі оқиғаларға сараптама жасау дағдысын қалыптастырады. Көптеген білім алушыға алғашында күрделі көрінген «ұжымдық қауіпсіздік», «қарусыздану», «санкция» сияқты ұғымдардың мәнін нақты мысалдар арқылы түсіну жеңілдейді. Зерттеу барысында кейбір білім алушыларға шетел тіліндегі материалдарды оқу қиын болды, оны шешу үшін мұғалім сенімді қазақ/орыс тілдеріндегі дереккөздер тізімін алдын ала берді (немесе қажет мақалаларды қысқаша аударып жеткізді). Тағы бір қиындық – бейтарап талдау жасау: білім алушылар кейде эмоциялық немесе біржақты пікір айтуы мүмкін, сондықтан мұғалім дерекке сүйенуді, бірнеше көзқарасты қатар қарастыруды ескертіп отырды.

Қорытынды: Мұғалім жұмысты қорытындылай келе, бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелерін зерттеу білім алушыларға өте маңызды тәжірибе бергенін атап өтті. Олар халықаралық қатынастардың күрделілігін түсініп, үлкен дүниетаным қалыптастырды. Бұндай жобалар жас ұрпаққа әлем азаматы ретінде жауапкершілік жүктеп, сыни ойлау қабілетін дамытады.

Әріптестерге ұсыныс: Осындай тақырыптарды өткізгенде оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін рөлдік ойындар (мысалы, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің моделі) ұйымдастыру өте тиімді. Сондай-ақ, жаңалықтарды талқылау, нақты елдің тәжірибесін (мысалы, Қазақстанның бітімгершілікке қосқан үлесін немесе ядролық қарусыздану бастамаларын) енгізу білім алушылардың пәнге деген ынтасын арттырады.

3. Тарихтағы тұлғаның рөлі –әлемдік тарихтағы көрнекті саясаткерлер, ойшылдар, реформаторлар үлгісінде зерттеу (*Пән: Дүниежүзі тарихы, 11-сынып, III тоқсан*)

Тақырыптың мазмұны мен мақсаты: Бұл зерттеу жұмысы әлемдік тарихтағы көрнекті саясаткерлер, ойшылдар, реформаторлар үлгісінде жеке тұлғаның тарихи үдерістерге ықпалын зерделеуге бағытталған. Білім алушылар «Тұлға тарихты жасай ма, әлде тарих тұлғаны тудыра ма?» деген классикалық проблематика төңірегінде өз зерттеулерін жүргізеді. Мақсаты: тарихи оқиғаларды белгілі бір тұлғалардың әрекетін талдап, жеке тұлғаның шешуші рөл атқарған жағдайларын анықтау, сондай-ақ тұлғаның рөлін асыра бағалауға немесе менсінбеуге қатысты әртүрлі ғылыми көзқарастарды қарастыру. Оқу міндеттері: білім алушыларға белгілі бір тарихи қайраткердің өмірбаянын және оның заманындағы оқиғаларға ықпалын зерттеу, сол арқылы талдау, аргумент келтіру, тарихи интерпретация дағдыларын дамыту. Зерттеу сұрақтары: *«Ұлы тұлғалар тарих барысын өзгерте алады ма?», «Тарихи жағдайлар мен қоғам талаптары тұлғаның әрекетін қанишалықты анықтайды?», «Белгілі бір реформатордың жасаған өзгерістері ұзақ мерзімді нәтижелер берген бе?»*.

Жоспарлау және зерттеу әдістері: Тапсырма бойынша әр білім алушы немесе топ белгілі бір тұлғаны тандайды (мүмкіндігінше түрлі категориядан: мемлекеттік қайраткер, қолбасшы, ғалым, ойшыл, әлеуметтік реформатор). Мысалы: Уинстон Черчилль – ХХ ғасырдағы көрнекті саясаткер, Махатма Ганди – отаршылдыққа қарсы күрестің рухани көшбасшысы, Альберт Эйнштейн – ғылымда төңкеріс жасаған ойшыл ғалым, Мартин Лютер Кинг – азаматтық құқық үшін күрескен қоғам қайраткері, Наполеон Бонапарт – Еуропаны дүр сілкіндірген қолбасшы, Мартин Лютер – діни реформацияның бастамашысы, т.б. Білім алушылар тандалған тұлғаның өмір жолын қысқаша таныстырып, басты жетістіктері мен тарихтағы маңызын сипаттайды. Негізгі талдау бөлігі: сол тұлға болмағанда тарих қалай өрбуі мүмкін еді деген ойталқы және керісінше, сол тұлғаның пайда болуының алғышарттары (яғни әлеуметтік сұраныс, заман талабын ескеру) қарастырылады.

Мұғалім білім алушыларға «Ұлы адам теориясы» (*Томас Карлейльдің концепциясы*) туралы түсінік береді: бұл теория бойынша *тарихты негізінен ерекше қасиетке ие ұлы тұлғалар жасайды* деп пайымдалған. Мысалы, Карлейль «*Дүниежүзі тарихы – тек ұлы адамдардың өмірбаяны*» деп жазған. Бұл көзқарасқа қарсы кейбір тарихшылар керісінше халық бұқарасының, әлеуметтік күштердің рөлін алға тартады. Білім алушылар теориялық тұрғыдан осы пікірталасты түсініп алғаннан кейін, өз мысалдарына көшеді.

Мысалдарды зерттеу: Черчилльді таңдаған топ оның Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Ұлыбританияның тағдырын сақтап қалудағы рөлін зерттейді. Черчилльдің табанды басшылығы арқасында Британия ауыр сын сағаттардан өтті, сондықтан оны халық «еңбек соғыс кезіндегі лидер» деп бағалайды (1945 жылы фашизмді жеңгеннен кейін Лондон халқы Черчилльге «*Бұл – сіздің жеңісіңіз!*» деп айғайлаған, сонда ол «*Жоқ, бұл – сіздердің жеңістеріңіз!*» деп жауап қатқан деген дерек бар). Тіпті тарихшылар да Черчилльді ХХ ғасырдағы ең ықпалды мемлекет қайраткерлерінің бірі ретінде атайды. Черчилльдің шешендігі, халықты біріктіруі, стратегиясы – бәрі оның жеке қасиеттері тарих барысына әсер еткенінің мысалы. Ганди жайындағы зерттеуде білім алушылар оның Үндістанды отарлық езгіден азат етудегі бейбіт күрес тактикасына назар аударады. Үндістанды тәуелсіздікке шығарған табысты кампания болғанын тарих растайды https://en.wikipedia.org/wiki/Mahatma_Gandhi

Білім алушылар зерттеу барысында басқа да тұлғаларды талқылайды: мысалы, Наполеон Бонапартты таңдағандар оның Еуропа картасын қайта сызып, көптеген прогрессивті реформалар енгізгенін, Наполеон кодексі заңнаманың негізін қалағанын айтады, бірақ сонымен бірге оның әскери диктатурасы мыңдаған адамдардың қазасына себеп болғанын да талдайды. Ғылым әлемінен үлгі алғандар (айталық, Галилео Галилей, Чарльз Дарвин немесе Альберт Эйнштейн) олардың ашқан жаңалықтары адамзаттың дүниетанымын төңкергенін атап өтеді. Мысалы, Эйнштейннің салыстырмалылық теориясы физика ғылымында революция жасап қана қоймай, ядролық дәуірдің басталуына да жанама әсер етті. Сидни Хук сынды зерттеушілердің пікірінше, осындай *біртуар данышпандарды жүздеген орташа талантты адамдар қосылып*

алмастыра алмайды – “Қанша батальон қосылса да Наполеонның орнын баса алмайды, қанша ғалым жиылса да бір Эйнштейннің еңбегін істей ала ма?” деп риторикалық сауал тастайды Хук . Бұл мысал білім алушыларды әр тұлғаның қайталанбас орны бар екенін түсінуге жетелейді.

Ұйымдастыру және формат: Білім алушылардың жұмысы негізінен жеке жобалық эссе түрінде орындалады. Әр білім алушы ~5 бет көлемінде өз таңдаған тұлғасының өмірі мен қызметін талдап, соңында *сол тұлғаның рөліне баға береді*. Жазбаша жұмыста кемінде 3 түрлі дереккөз пайдаланылуы керек (монография, мақала, энциклопедия, деректі фильмнен ақпарат және т.б.) және ғылыми стильде сілтемелер көрсету талап етіледі. Жұмыс аяқталған соң сыныпта дөңгелек үстел талқылауы ұйымдастырылады: әр білім алушы 3-4 минуттық қысқаша презентация жасап, өзінің тұлғасын таныстырады, негізгі тұжырымдарын айтады. Презентацияда тарихи фотосуреттер, цитаталар, сызбанұсқалар қолдануға болады. Мұғалім әрбірінің сөзі аяқталған соң сыныпқа сұрақ қоюға мүмкіндік береді, осылайша шағын пікірталас пен сұрақ-жауап жүреді.

Бағалау: Мұғалім эссені бағалауда келесі критерийлерге сүйенеді: мазмұнның тарихи дәлдігі, дереккөздерді тиімді қолдануы, тұлға рөлін талдау тереңдігі, өзіндік қорытындысының дәйектілігі, тілінің сауаттылығы. Ал ауызша презентация үшін коммуникациясы, уақытты ұстануы, аудиторияның сұрақтарына жауап беруі есепке алынады. Білім алушыларға бірін-бірі бағалау мүмкіндігі де беріледі: әр тыңдаушы өзге бір-екі баяндамашының жұмысына пікір жазып (мақтау және бір ұсыныс әдісімен), мұғалімге тапсырады немесе талқылауда айтады.

Күтілетін нәтиже: Бұл зерттеу жұмысының нәтижесінде білім алушылар тарихтағы тұлға факторын тереңірек түсінеді. Олар тарихи оқиғаларды қарастырғанда тек экономикалық, әлеуметтік жағдайларды ғана емес, жеке көшбасшылардың қабілеті, мінезі, ұстанымдары қалай әсер еткенін ажырата алады. Мысалы, Черчилльдің орнына сол уақытта ымырашыл саясаткер келгенде, немесе Ганди күш қолдануға жол бергенде тарих қалай өзгеруі мүмкін еді деп ой жүгіртеді. Бұл – тарихи ойлауды дамытудың бір әдісі. Сонымен бірге, білім алушылар тарихи тұлғалардың өмір жолынан мотивация алады, кейбір көшбасшылық қасиеттерге ықпал етуі мүмкін. Рефлексия: Жоба соңында *«Зерттеген тұлғаңыздан қандай әсер алдыңыз?»*, *«Оның бойындағы қандай қасиетті өзіңіз дамытуға тырысар едіңіз?»* деген сұрақтар бойынша шағын ауызша рефлексия жүргізіледі.

Мұғалім қорытындысы және кеңесі: Тарихтағы тұлғаның рөлі туралы зерттеу жүргізу – білім алушылар үшін тек тарих сабағы емес, өмірлік сабақ деуге болады. Мұғалім өзінің қорытынды сөзінде әрбір білім алушының жұмысын атап өтіп, жалпы байқаған үрдісті бөліседі. Мысалы: *«Көпшілігіңіз тарихи тұлғаның жетістіктерімен қоса оның кемшіліктерін де объективті қарастыруға тырысқандықтарыңыз қуантты. Тарихи оқиғаларды бағалауда жан-жақты көзқарас қалыптастыру – басты мақсатымыз»*. Сондай-ақ, басқа әріптестерге бұл жұмысты жүргізуде кеңес ретінде: білім алушыларға алдын ала

тұлғалардың тізімін ұсынғанда жергілікті (қазақ тарихындағы) тұлғаларды да қосып, салыстырмалы талдау жасатуға болады. Мысалы, әлемдік деңгейдегі тұлғаны қазақтың белгілі тұлғасымен салыстырып эссе жазу – қызықты тапсырма болар еді. Мұндай зерттеу жұмыстары білім алушының тарихқа деген қызығушылығын арттырып, тарихи санасын қалыптастыруға зор үлес қосады.

Тақырыбы: Жаһандану жағдайындағы ғылым мен техника салаларының болашағы- ғылыми ревалюциялар, технологиялық серпілістер, қазіргі иновациялық трендтер. (Пән: *Дүниежүзі тарихы 11-сынып, IV тоқсан*)

Тақырыптың сипаттамасы: Бұл зерттеу жобасы ғаламдық ғылым және технология даму үрдістерін, тарихи ғылыми революцияларды және қазіргі инновациялық трендтерді талдауға арналады. Білім алушылар жаһандану дәуірінде ғылым мен техниканың қоғам өміріне әсерін, түрлі елдердің ғылыми-техникалық әлеуетін және болашақтағы мүмкін бағыттарды зерттейді. Мақсаттары: өткен дәуірлердегі ғылыми төңкерістердің мәнін түсіну (мысалы, XVII ғасыр – Ғылыми революция, XIX-XX ғғ. – Индустриялық революциялар, XX ғ. ортасы – Ғылыми-техникалық революция), қазіргі Төртінші өнеркәсіптік революция ерекшеліктерін қарастыру және жасанды интеллект, биотехнология, ғарыштық зерттеулер, жаңартылатын энергия көздері сияқты салалардың даму болжамдарын бағамдау. Зерттеу сұрақтары: «*Ғылыми-технологиялық серпілістер қоғамды қалай өзгертті?*», «*Қазіргі инновациялық трендтер адамзаттың болашағына қалай әсер етеді?*», «*Ғылым мен техника дамуының жаһандық мәселелері (этика, теңсіздік, қауіпсіздік) қандай?*». Пәнаралық байланыс: дүниежүзі тарихымен қатар, бұл тақырып физика, химия, география, информатика пәндерімен және қоғамдық біліммен байланысты (ғылымның қоғамға ықпалы, технологиялық этика т.б.).

Зерттеу барысы: Білім алушылар ең алдымен тарихи шолу жасап, адамзат тарихындағы ірі ғылыми-техникалық төңкерістерді хронологиялық ретпен тізіп шығады. Мұғалімнің көмегімен Неолит революциясы, Индустрияландыру дәуірі, XX ғасырдағы электроника мен цифрлық революция сияқты кезеңдер талқыланады – бұл білім алушыларға қазіргі өзгерістерді тарихи контексте түсінуге негіз болады. Бүгінгі күндегі ғылыми-техникалық даму қарқыны адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған дәрежеге жеткені айтылады. Төртінші өнеркәсіптік революция ұғымы түсіндіріледі: қазір өндіріс пен өмір саласына жасанды интеллект, робототехника, интернет заттар (IoT), үлкен деректер кеңінен еніп, бұрын бөлек салалар болған технологиялар конвергенциясы жүріп жатыр <https://www.empoweredautomation.com/key-impacts-of-the-4th-industrial-revolution>. Бұл кезең барлық салаларды – өнеркәсіп, көлік, байланыс, медицина, білім беру – түбегейлі өзгеріске ұшыратуда.

Негізгі зерттеу бөлігі бірнеше бағытқа бөлінеді. 1) Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект (AI): білім алушылар AI дамуының қазіргі деңгейін және оның қолдану аяларын зерттейді. Мысалы, нейрондық желілер негізінде жұмыс істейтін машиналық оқыту алгоритмдері медицинада диагноз қоюға, көлікті автономды жүргізуге, білімде жеке траектория құруға қолданылып жатқаны талданады. Дерек: бүгінде жасанды интеллект

коммуналдық қызметтерде электр желілерін оңтайландыруға көмектеседі, фермерлер дрондар мен AI бағдарламалары арқылы егінге мониторинг жүргізіп, дәлме-дәл егіншілік іске асыруда, ғылыми зертханалар AI көмегімен жаңа материалдар (мысалы, стандартты батареядан 70% аз литий қолданатын батарея түрін) ойлап тауып жатыр. Білім алушылар осындай мысалдар арқылы AI тек IT саласының ғана емес, барлық дәстүрлі салалардың да бөлшегіне айналғанын көрсетеді. Сонымен қатар, AI этикасы мен жұмыс орындарына ықпалы туралы пікірталас ұйымдастыруға болады (яғни, “жасанды интеллект адам еңбегін толықтай алмастыра ала ма, жоқ па, адамның орны қандай болмақ?” деген сияқты).

2) Биотехнология және медицина: бұл бағытты таңдаған топ қазіргі биотехнология жетістіктерін зерттейді – жасушалық инженерия, жасанды мүшелер өсіру, жаңадан шыққан вакциналар мен дәрілер, т.б. Статистикалық деректерге сүйеніп, биоэкономиканың қарқынды өсіп келе жатқаны айтылады: болжам бойынша 2030 жылға қарай биотехнологиялар саласы әлемдік экономикаға 3,4 триллион доллар көлемінде үлес қосуы мүмкін. Білім алушылар нақты мысалдарды қарастырады: ауыл шаруашылығында гендік модификацияланған дақылдар аштықпен күресуге көмектесуде; медицинада – тұқым қуалайтын ауруларды гендік терапиямен емдеу мүмкіндігі пайда болды; экологияда – мұнайды ыдырататын бактериялар жасалып, ластанған жерлерді тазарту қолданылуда. Мысал: Стэнфорд университетінде ғалымдар өсімдіктердің тамыр жүйесіне синтетикалық генетикалық тізбектер енгізу арқылы құрғақшылыққа төзімді, топырақтан суды жақсы сіңіретін жаңа өсімдік түрлерін өсіру эксперименттерін жүргізуде. Бұл зерттеулер болашақта климат өзгерістеріне бейімделген ауыл шаруашылығы үшін өте маңызды болмақ. .

3) Ғарыш және жаңа рубеждер: басқа бір топ ғарыш технологияларының болашағын қарастырады. XXI ғасырда ғарышты игеру қайта қарқын алды – жеке компаниялар (SpaceX, Blue Origin) зымыран ұшыруды коммерцияландыруда, бірнеше мемлекет Ай мен Марсқа пилотты экспедициялар дайындауда. Білім алушылар адамзаттың Марсты отарлау идеясын, ғарыш туризмі басталғанын (мысалы, 2021 жылы SpaceX алғашқы ғарыш туристерін орбитаға шығарғаны), жаңа телескоптардың (Джеймс Уэбб телескопы) ашқан жаңалықтарын зерттейді. Шығармашылық тапсырма: білім алушылар “2040 жыл – Ғылым мен техника” тақырыбында шағын фантастикалық эссе жазуы немесе болашақтың қаласы қандай болатыны туралы презентация жасауы мүмкін. Мұнда олар зерттеу барысында танысқан қазіргі трендтерге сүйене отырып, болашақты болжайды.

4) Климат пен энергияның болашағы: бұл секцияда білім алушылар жаһандық жылыну және экологиялық дағдарыс жағдайында ғылым мен техниканың алдында тұрған міндеттерді саралайды. Қазіргі таңда адамзат энергияның 80%-ын қазба отындардан алады, ал климаттың жылынуын 1,5°C деңгейінде шектеу үшін энергия секторында төңкеріс қажет. Білім алушылар жаңартылатын энергия көздері (күн, жел, су, геотермал), энергия сақтау технологиялары (жаңа буын батареялары, сутегі отыны) және көміртекті ұстап қалу және сақтау технологияларын зерттейді. Мысалы, соңғы онжылдықта күн

электроэнергиясының құны айтарлықтай төмендеп, көптеген елдерде күн панельдері мен жел турбиналары электр өндірудің басты көзіне айнала бастады. Норвегия, Исландия сияқты елдер энергияның көп бөлігін жаңартылатын көздерден алып отыр, ал Қытай мен АҚШ та жылдам қарқынмен инвестициялауда. Инновациялық тренд: ғалымдар термоядролық синтез арқылы шексіз әрі таза энергия алуға ұмтылуда (әлемдік ITER жобасы). Білім алушылар осы бағыттағы жаңалықтарды (мысалы, 2022 жылы зерттеушілер алғаш рет термоядролық реакциядан таза энергия алудан рекордқа қол жеткізгенін) атап өтеді. Сонымен бірге, климаттың өзгеруіне бейімделу үшін қажет техникалар – ерте хабарлау жүйелері, ауа райын бақылау спутниктері, су ресурстарын үнемдеу технологиялары қарастырылады. Бұл бөлімдегі зерттеу білім алушыларды жаһандық экологиялық проблемаларды шешудегі ғылымның рөлі туралы ойлануға жетелейді.

Жобаны жүзеге асыру формасы: Мұғалім сыныпты қызығушылықтары бойынша топтарға бөледі немесе білім алушылар өздері жоғарыдағы бағыттардың бірін таңдайды. Зерттеу жұмысы барысында әр топ таңдалған сала бойынша соңғы жаңалықтарды, статистиканы жинап, шағын аналитикалық есеп жазады (5-6 бет). Онда тарихи шолу, қазіргі жағдай, болашақ перспективалар және қоғамға әсері деген бөлімдер болуы ұсынылады. Жазбаша жұмыспен қатар, қорытынды сабақта барлық топ өз саласын таныстыратын **көрме сабақ** ұйымдастырылады. Әр топ қабырға газеті, слайд-шоу немесе стенд түрінде өз тақырыбын көрнекі түрде көрсетеді. Мысалы, «Жасанды интеллект» тобы нейронды желінің қалай үйренетіні туралы постер және кішігірім демонстрация (егер мүмкіндік болса, дайын AI қосымшасын көрсету) дайындауы мүмкін. «Биоүшін» тобы микроскоп суреттері, молекула моделдерін пайдаланып, гендік инженерияның қыр-сырын түсіндіретін стенд құрады. «Энергия» тобы түрлі елдердегі энергия балансы диаграммаларын салып, күн мен жел энергетикасының өсім графиктерін ұсынады. Әр топтың спикері келуші рөліндегі басқа білім алушылар мен мұғалімге 5-7 минуттық экскурсия жасап, түсіндіреді. Бұл формат әркімге барлық тақырыппен танысуға мүмкіндік береді.

Бағалау және кері байланыс: Мұғалім әр топтың жазбаша есебін және көрме уақытындағы түсіндіруін бағалайды. Бағалау критерийлері: мазмұнның ғылыми дұрыстығы, жаңашылдығы (соңғы деректерді қолдануы), шығармашылығы, командалық жұмыс үйлесімі, уақытты тиімді пайдалануы. Көрме сабағы соңында талқылау сессиясы өтеді – әр топқа тыңдаушылар тарапынан сұрақтар қойылады (мысалы, «AI дамуы жұмыссыздықты туғызбай ма?», «ГМО-ның зияны бар ма?», «Ядролық синтез қашан коммерциялық қолжетімді болады?» сияқты). Білім алушылар қолдарынан келгенше жауап беріп, ал білмеген жерін мұғалім толықтырады. Бұл ашық талқы балалардың қызығушылығын арттырады, сыныпта ғылыми пікірталас мәдениетін қалыптастырады.

Қорытынды және әдістемелік кеңес: Мұғалім қорытынды сөзінде ғылым мен техниканың дамуын зерттеудің маңыздылығын атап өтеді. Білім алушылар осы жобаның арқасында тек фактілерді біліп қоймай, қоғам мен технологияның

өзара байланысын түсіне бастады. Олар жаңа инновацияларға тек тұтынушы ретінде қарамай, сын көзбен әрі үмітпен қарайтын деңгейге жетті. Жаһандану дәуірінде бір елдің ғылыми жетістігі бүкіл әлемге ықпал ететінін, халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың шешуші рөл атқаратынын ұқты. Бұл жұмыс білім алушылардың функционалдық сауаттылығын көтеріп, жылдам өзгеріп жатқан әлемге бейімделу қабілетін дамытты. Әріптестерге ұсыныстар: мұндай кең ауқымды тақырыпты өткізгенде, білім алушылардың қызығушылық саласын ескеріп бөлу өте маңызды (біреуіне техника қызық, біреуіне биология, т.б.). Әр топты ғылыми жетекшілік ететін пән мұғалімдерімен байланыстырса (мысалы, информатика мұғалімі AI жобасына кеңес беруі, биология мұғалімі биотехнология тобына көмектесуі), пәнаралық ықпалдастық артады. Сонымен бірге, жергілікті компонентті қосуға болады: Қазақстандағы ғылыми жаңалықтар (мысалы, отандық ғалымдардың әзірлемелері) жөнінде де мәлімет беріп өтсе, білім алушыларға отандық ғылыммен байланыс орнайды. Қорыта айтқанда, ғылым мен техника болашағын зерттеу арқылы білім алушылар бүгінгі мен ертеңін байланыстыра ойланады, бұл оларды саналы тандаулар жасауға, жауапкершілікпен әрекет етуге тәрбиелейді. Зерттеу сипатындағы осындай жұмыстарды жүйелі жүргізу – жаңартылған білім мазмұнының басты талаптарымен үйлесімді және білім алушыларды ХХІ ғасыр дағдыларына үйретудің тиімді жолы.

«Құқық негіздері» пәні бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

БҚО, Сырым ауданы, «Қ.Мырзалиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, тарих және құқық пәнінің мұғалімі Нугманова Гулдана Максимовнаның іс-тәжірибесінен

Тақырыбы: Жеке құқық – адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуының кепілдігі

Оқу мақсаты: Жеке құқық саласының (азаматтық, еңбек, отбасы, тұтынушы құқықтары) азамат өміріндегі мәні мен рөлін ашу үшін білім алушылар өмірлік жағдаяттар мен заң нормаларын байланыстыра отырып зерттеу жүргізеді. Құқықтық жағдаяттарға шешім ұсыну, аргументтелген пікір білдіру арқылы тәжірибелік бағытта орындалады

Бұл зерттеу жобасы білім алушылардың жеке құқық саласын (азаматтық, еңбек, отбасы, тұтынушы құқықтары) терең түсінуіне, олардың күнделікті өмірмен байланысын анықтауына және нақты жағдайларда заң нормаларын қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Жоба барысында білім алушылар ҚР Азаматтық кодексі, Еңбек кодексі, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексі және «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» заң сияқты нормативтік актілермен жұмыс істейді, өмірлік жағдаяттарды талдайды және құқықтық шешімдер ұсынады.

1. Әдістемелік ұстаным мен жалпы тәсілдер сипаттамасы

Менің тәжірибемде құқық негіздері пәнінде білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін практикалық-құқықтық бағыт пен проблемалық оқыту әдістерін ұштастыру негізгі орын алады.

Менің білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытудағы көзқарасым — тек дайын ақпарат беріп қана қоймай, олардың өз бетінше ізденуін, талдау жасауын және қорытынды шығара білуін қамтамасыз ету.

Білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуда мына тәсілдерді қолданамын:

- Дереккөздермен жұмыс – Конституция, кодекстер, халықаралық келісімдерден мәлімет табу және талдау.

- Ситуациялық талдау (case-study) – нақты өмірден алынған құқықтық жағдайды шешу.

- Салыстырмалы құқықтық зерттеу – ҚР заңнамасын шетел тәжірибесімен салыстыру.

- Пікірталас пен рефлексия – заң нормаларын әртүрлі көзқарас тұрғысынан бағалау.

Білім алушыларды бағыттау үшін мен зерттеу кезеңдерін нақты көрсетемін:

1. Мәселені анықтау.

2. Ақпарат жинау.

3. Талдау және салыстыру.

4. Нәтижені рәсімдеу (эссе, постер, презентация).

2. Пәндік контексте зерттеу элементтерінің қолданылуы

Зерттеу әрекеттері 10-сыныптың «Азаматтық құқық», «Еңбек құқығы», «Отбасы құқығы», «Тұтынушылар құқығы» тақырыптарында жүйелі түрде енгізіледі.

1. Азаматтық құқық тарауында білім алушылар шарт жасасу, мүліктік даулар, интеллектуалдық меншік құқығы сияқты өмірлік жағдайларды зерттейді.

2. Еңбек құқығы тарауында – еңбек шарты, жұмыс уақыты, жалақы және еңбек даулары бойынша мысалдар қарастырылады.

3. Отбасы құқығы тарауында – некеге тұру шарттары, ата-ана мен бала құқықтары, алимент төлеу мәселелері талданады.

4. Тұтынушы құқықтары тарауында – тауар сапасына шағымдану, қызмет көрсету шарттары, сатушы мен сатып алушы міндеттері зерттеледі.

Зерттеуге негізделген оқу тапсырмаларының сипаттамасы

	Тапсырма атауы	Мақсаты	Орындау форматы	Қолданылатын дереккөздер
	Нормативтік актіні талдау	Белгілі бір құқық саласының негізгі баптарын түсіндіру	инфографика	ҚР Азаматтық кодексі, Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексі, «Тұтынушылар
	Ситуациялық есеп	Өмірлік жағдайды заң тұрғысынан шешу	Постер/презентация	

				құқығын қорғау туралы» заң
	Салыстырмалы құқықтық зерттеу	ҚР заңнамасын шет ел тәжірибесімен салыстыру	Кесте/презентация	ҚР заңдары, интернет дереккөздер

Тапсырма 1: Нормативтік құжаттармен жұмыс

Төменде Қазақстан Республикасының әртүрлі заңдарынан үзінділер берілген. Әр үзіндімен танысып, сұрақтарға жауап беріңіз.

№	Құқық саласы / Құжат атауы	Бап мәтіні (үзінді)	Тапсырма
1	ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) – Бап 147. Шарт еркіндігі	«Азаматтар және заңды тұлғалар шарт жасасуда еркін. Шарт жасасуға мәжбүрлеуге жол берілмейді, заңда көзделген жағдайларды қоспағанда.»	1) «Шарт еркіндігі» ұғымын түсіндіріңіз. 2) Бұл баптың сақталмауынан туындайтын мәселені мысалмен көрсетіңіз.
2	ҚР Еңбек кодексі – Бап 33. Еңбек шартын жасасу	«Еңбек шарты жазбаша нысанда жасалады және тараптардың қол қоюымен ресімделеді.»	1) Еңбек шарты не үшін жазбаша жасалады деп ойлайсыз? 2) Бұл баптың бұзылуының құқықтық салдарын жазыңыз.
3	ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексі – Бап 31. Ерлі-зайыптылардың тең құқықтары	«Ерлі-зайыптылар отбасында тең құқықтар мен міндеттерге ие.»	1) «Тең құқықтар» ұғымын ашыңыз. 2) Бұл қағида бұзылған жағдайға мысал келтіріңіз.
4	«Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» ҚР Заңы – Бап 14. Тұтынушының қауіпсіз тауарға құқығы	«Әрбір тұтынушы өзінің өмірі, денсаулығы және мүлкі үшін қауіпсіз тауар алуға құқылы.»	1) Қауіпсіз тауар талабы бұзылғанда тұтынушы не істей алады? 2) Өмірден нақты мысал келтіріңіз.

Бағалау критерийі

1. Бап мәтінін түсіну: Білім алушы бапта көрсетілген негізгі құқықтық норманы дұрыс түсіндіреді.

2. Құқықтық терминдерді қолдану: Жауапта заңға тән ұғымдар мен терминдер дұрыс пайдаланылады.

3. Өмірмен байланыстыру: Баптың мазмұнын нақты мысалмен байланыстыра алады.

Дескрипторлар

- Бапта айтылған құқық немесе міндетті өз сөзімен түсіндіреді.
- Заң терминдерін орынды қолданады.
- Өмірден немесе тәжірибеден 1-2 нақты мысал келтіреді.

Тапсырма 2. Өмірлік жағдайды шешу

Ситуация 1 ҚР Азаматтық кодексі

Мәтін: Айдар интернет арқылы ноутбукке тапсырыс беріп, төлемін алдын ала жасады. Бірақ жеткізілген тауар техникалық ақаумен келді. Сатушы тауарды ауыстырудан бас тартты.

Дұрыс жауап:

- Құқық саласы: Азаматтық құқық.
- Норма: ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім), 427-бап — «Сапасыз тауарды сату кезінде сатып алушының құқықтары».
- Мазмұны: Егер тауар сапасыз болса, сатып алушы оны ауыстыруға, ақысының қайтарылуын талап етуге немесе жөндеуге құқылы.
- Шешімі: Айдар сатушыдан тауарды ауыстыруды немесе ақшаны қайтаруды талап етіп, жазбаша шағым түсіреді. Қанағаттандырылмаса, тұтынушылар құқығын қорғау органдарына немесе сотқа жүгінеді.

Ситуация 2 — ҚР Еңбек кодексі

Мәтін: Аружан жеке компанияда 3 айлық сынақ мерзімінде жұмыс істеп жүр. Ешқандай себепсіз жұмыс беруші оны жұмыстан босатты.

Дұрыс жауап:

- Құқық саласы: Еңбек құқығы.
- Норма: ҚР Еңбек кодексі, 52-бап — «Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасымен бұзу негіздері».
- Мазмұны: Жұмыс беруші қызметкерді тек заңда көрсетілген негіздер бойынша ғана жұмыстан босата алады. Сынақ мерзімінде де дәлелді себеп болуы тиіс.
- Шешімі: Аружан еңбек инспекциясына немесе сотқа жүгініп, еңбек шартын заңсыз бұзуды даулауға құқылы.

Ситуация 3 — ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексі

Мәтін: Ерлі-зайыптылар ажырасу кезінде ортақ меншіктегі пәтерді бөлу мәселесінде келісе алмады.

Дұрыс жауап:

- Құқық саласы: Отбасы құқығы.
- Норма: ҚР Неке және отбасы кодексі, 33-бап — «Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу».
- Мазмұны: Некеде алынған мүлік ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі болып табылады және әдетте тең бөлінеді.
- Шешімі: Егер тараптар келісімге келмесе, сот шешімімен мүлік теңдей бөлінеді немесе мүдделеріне қарай үлестері анықталады.

Ситуация 4 – «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» ҚР Заңы

Мәтін: Марат тұрмыстық техникалар дүкенінен кір жуғыш машина сатып алды. Бір аптадан соң ол істемей қалды. Дүкен қызметкерлері кепілді жөндеуден өткізуден бас тартты.

Дұрыс жауап:

- Құқық саласы: Тұтынушылар құқығын қорғау.
- Норма: «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» ҚР Заңы, 14-бап - «Сатушының (дайындаушының) тұтынушы алдындағы міндеттері».

– Мазмұны: Кепілдік мерзімі ішінде тауарда ақау шықса, сатушы оны тегін жөндеуге, ауыстыруға немесе ақшаны қайтаруға міндетті.

– Шешімі: Марат жазбаша талап қою арқылы дүкенге жүгінеді, қанағаттандырма — тұтынушылар құқығын қорғау комитетіне немесе сотқа арыз береді.

Бағалау критерийлері

1. Ситуациядағы құқық саласын дұрыс анықтайды.
2. Қолданылатын заң мен бапты нақты атайды.
3. Баптың мазмұнын түсіндіреді.
4. Дұрыс құқықтық шешім ұсынады.

Дискрипторлар

- Әр ситуация бойынша заң саласын атап көрсетеді.
- Қажетті заң баптарын дұрыс анықтайды.
- Баптың мазмұнын өз сөзімен жеткізеді.
- Нақты құқықтық әрекеттер ұсынады.

Тапсырма 3. ҚР заңнамасын шетел тәжірибесімен салыстыру

Тапсырма мазмұны:

1. Салыстыру үшін бір құқық саласын таңдаңыз (мысалы: еңбек құқығы, неке және отбасы құқығы, тұтынушылар құқығы).

2. ҚР заңнамасынан сол сала бойынша 2-3 негізгі бапты таңдаңыз.

3. Таңдалған баптарды шет мемлекет заңнамасындағы ұқсас нормалармен салыстырыңыз (мысалы, Германия, Жапония, АҚШ немесе Түркия).

4. Салыстыру нәтижесін кесте немесе мәтіндік талдау түрінде жазыңыз.

5. Соңында екі ел заңнамасының артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіп, қорытынды ұсыныңыз.

Үлгі тапсырма (мысал – еңбек құқығы)

№	ҚР Еңбек кодексіндегі бап	Германия Еңбек заңнамасы	Ұқсастықтары	Айырмашылықтары
1	Бап 68 – Жұмыс уақыты аптасына 40 сағаттан аспауы тиіс	Апталық жұмыс уақыты – 38 сағат	Екеуінде де жұмыс уақыты шектелген	Германияда жұмыс уақыты қысқа
2	Бап 88 – Жыл сайынғы төленетін еңбек демалысы кемінде 24 күн	Жыл сайынғы демалыс – 30 күн	Екеуінде де төленетін демалыс бар	Германияда демалыс мерзімі ұзағырақ

Бағалау критерийлері:

- ҚР заңнамасынан нақты баптарды таба білуі;
- Шетел заңнамасынан салыстырмалы деректер келтіруі;
- Ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауы;
- Қорытынды жасау қабілеті.

Дискрипторлар:

- ҚР заңнамасынан кемінде 2 бапты анықтап көрсетеді;
- Шет ел тәжірибесінен кемінде 2 мысал келтіреді;
- Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын дұрыс көрсетеді;
- Қорытындысында ұсыныс немесе бағалау береді.

Бақылау және бағалау тәсілдері:

- Өзін-өзі бағалау: білім алушы өз жұмысын критериймен салыстырады.
- Өзара бағалау: топ мүшелері бір-бірінің жұмысын тексереді.
- Мұғалімнің бағалауы: соңғы ұпайды және кері байланыс береді.

Қорытынды және әдістемелік ұсыныстар:

Бұл тапсырмалар кешені білім алушылардың заң мәтінімен тікелей жұмыс істеу, нақты бапты табу, оны түсіндіру және өмірлік жағдайға қолдану дағдыларын дамытады. Сондай-ақ, салыстырмалы зерттеу арқылы құқық жүйелерінің айырмашылығын түсінуге мүмкіндік береді. Басқа мұғалімдерге ұсыныс – тапсырмаларды тек мәтін түрінде емес, постер, инфографика, дебат форматында өткізу тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы : 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (өзгерістер мен толықтырулар 2023 жылғы 6 қараша)– Астана : Юрист, 2023. – 48 б.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) : 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған, өзгерістер мен толықтырулар 2024 жылғы 15 қаңтар). – Астана, 2024. – 232 б.

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) : 1999 ж. 1 шілдеде қабылданған, өзгерістер мен толықтырулар 2024 жылғы 15 қаңтар– Астана, 2024. – 648 б.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі : 2015 ж. 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. – Астана, 2023. – 196 б.

5. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі : 2011 ж. 26 желтоқсандағы № 518-IV ҚРЗ. – Астана, 2024. – 184 б.

6. Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңы : 2010 ж. 4 мамырдағы № 274-IV ҚРЗ. – Астана, 2024. – 32 б.

7. Абдрасулов, Е. Б. Құқық негіздері : оқулық / Е. Б. Абдрасулов. – Алматы : Жеті Жарғы, 2022. – 376 б.

8. Баймаханов, М. Т. Азаматтық құқық : Жалпы бөлім : оқулық / М. Т. Баймаханов. – Алматы : Норма-К, 2021. – 420 б.

9. Сапарғалиев, Ғ. Мемлекет және құқық теориясы : оқулық / Ғ. Сапарғалиев, А. С. Ибраева. – Алматы : Жеті Жарғы, 2022. – 496 б.

10. Мукашева, А. А. Тұтынушылар құқығы : оқу құралы / А. А. Мукашева. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 160 б.

11. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <http://adilet.zan.kz>

Орал қаласы, Д. Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының тарих пәні тарих және құқық пәнінің мұғалімі Алиев Саид Зохрабовичтің іс-тәжірибесінен «Құқық негіздері» пәнінде аралас оқыту әдісінің артықшылықтары мен тиімділігі»

Құқық негіздері, 9 сынып

Бөлім: 9.3 Еңбекті қорғау

Оқу мақсаты 9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқық нормаларын талдау

Тақырып Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?

Зерттеу жұмысының мақсаты

Бүгінгі білім беру жүйесінде оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін зерртеу мен оларды тәжірибеге қолдану маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Атап айтсам, аралас оқыту технологиясы дәстүрлі оқытуды заманауи цифрлық мүмкіндіктермен байланыстырып, білім алушылардың оқу үрдісін жан-жақты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Аралас оқыту технологиясы білім алушылардың бірлесіп және өзіндік білім алу белсенділігін арттырып, оларды сыни тұрғыдан ойлауға, ақпаратты талдауға және тиімді қолдануға дағдыландырады.

«Құқық негіздері» пәні құқықтық мәдениетті және құқықтық сананы қалыптастыруда, білім алушылардың құқық сауаттылығын қалыптастыруда айырықша рөл атқарады. «Құқық негіздері» пәнін аралас оқыту арқылы білім алушылар құқықтық білімді теориямен қатар практикалық жұмыстарда қолдануға мүмкіндік алады. Осы орайда «Бекеттер ротациясы» моделі аралас оқытудың тиімді моделі болып табылады. Осы модель арқылы мен өз сабақтарымда әртүрлі тапсымалар бойынша білім алушылардың белсенділігін арттырамын.

«Бекеттер ротациясы» моделі білім алушыларды үш топқа бөліп, әр бекетте түрлі оқу іс-әрекеттерін кезекпен орындауға мүмкіндік береді: бірінші бекетте білім алушылар мұғаліммен бірге заң нормаларын талқылайды, екінші бекетте шығармашылық тапсырмалар орындайды, ал үшінші бекетте электронды құрылғылар мен интернетті пайдалана отырып зерттеу жүргізеді. Әр бекетте топтар шамамен 7–10 минут жұмыс істейді, содан кейін келесі бекетке ауысады. Мұндай ұйымдастыру оқу үдерісіне динамикалық сипат беріп, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырады және құқықтық білімді жан-жақты меңгеруге жағдай жасайды.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – «Құқық негіздері» пәнін оқытуда аралас оқыту технологиясының тиімділігін, соның ішінде «Бекеттер ротациясы» моделің қолдану арқылы, нәтижеге қол жеткізу. Бұл модель сабақ үдерісінде білім алушылардың құқықтық сауаттылығы дамып қана қоймай, сонымен қатар шығармашылық ойлау, ақпараттық сауаттылық, зерттеушілік және командалық дағдылары қалыптасады.

Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысы құқықтық білім беруді жетілдіру, оқыту үдерісін заманауи білім беру үрдістеріне бейімдеу және аралас оқыту технологиясының мүмкіндіктерін тәжірибелік тұрғыда дәлелдеу қажеттілігінен туындайды.

Пән мазмұнымен және оқу мақсатымен байланысы

«Құқық негіздері» пәнінің мазмұны – заң нормаларын түсіндіру, құқықтық сауаттылықты арттыру, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру болып табылады. Менің ойымша аралас оқыту технологиясын, соның ішінде «Бекеттер ротациясы» моделін қолдану оқу мақсаттарға жетуді тиімді жүзеге асырады. Себебі білім алушылар бір бекетте мұғаліммен бірге заң нормаларын талдап, теориялық білім алады; екінші бекетте шығармашылық тапсырмалар орындап, құқықтық мазмұнды түрлі кейстармен байланыстырады; үшінші бекетте цифрлық платформаларды пайдаланып, ақпарат іздеп, оны талдау арқылы зерттеу дағдыларын дамытады. Осылайша, пән мазмұны мен оқу мақсаттары дәстүрлі әдіс пен заманауи технологияның үйлесімді байланысы арқылы іске асырылады.

Білім алушылар дамытатын дағдылар

– Сыни ойлау – бірінші бекетте мұғаліммен заң нормаларын талдау барысында құқықтық фактілерді салыстырып, баға беру арқылы қалыптасады.

– Ақпараттық сауаттылық – үшінші бекетте электронды құрылғылар мен интернетті қолдана отырып, құқықтық ақпаратты іздеу, талдау және қолдану арқылы дамиды.

– Коммуникативтік дағдылар – әр бекетте топтық жұмыс, пікірталас және шығармашылық тапсырмалар барысында өз көзқарасын дәлелді жеткізу арқылы қалыптасады.

-Жауапкершілік

және құқықтық мәдениет – шығармашылық бекетте құқықтық насихат материалдарын әзірлеу, сондай-ақ заңға сәйкес әрекеттерді бағалау арқылы дамиды.

– Өзіндік оқу дағдылары – үшінші бекетте дербес ізденіс пен интернет-ресурстарды қолдану арқылы шындалады.

Тақырыптың зерттеуге лайық болуы

Бұл тақырып қазіргі заманғы білім беру үрдісіне толық сай келеді. Қоғам дамуы барысында құқықтық сауаттылықтың артуы жастар үшін аса маңызды, ал аралас оқыту технологиясы құқықтық білімді қолжетімді, икемді әрі тиімді меңгеруге жағдай жасайды. «Бекеттер ротациясы» әдісін қолдану бұл үрдісті одан әрі жандандырып, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сондықтан бұл тақырыпты зерттеу – құқық пәнін оқытуды жетілдіруге бағытталған құнды қадам болып табылады.

Мұғалімнің жұмысты ұйымдастыру себебі

Мұғалім «Бекеттер ротациясы» моделін енгізу арқылы:

– білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруды;

– әр білім алушының жеке оқу қарқынын ескеріп, оқу процесін жекешелендіруді;

– құқықтық білімді өмірлік тәжірибемен ұштастыруды;

– жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде сынап көруді мақсат етеді.

Зерттеу жұмысы

Тақырыбы: Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?

Пәні: Құқық негіздері

Еңбекті қорғау (9.3-бөлім)

Оқу мақсаты 9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқық нормаларын талдау

Мақсаты: Білім алушылардың еңбек заңнамасы туралы құқықтық сауаттылығын арттыру, кәмелетке толмағандардың еңбек ету шарттары мен құқықтарын анықтап, оларды қорғау механизмдерін зерттеу.

Ұйымдастыру тәсілі: «Бекеттер ротациясы» моделі

Топқа бөлу: сынып 3 топқа бөлінеді. Әр топ әр бекетте 7 минут жұмыс жасайды, қоңыраудан кейін ротация жасайды.

1.Бірінші бекет – Мұғаліммен жұмыс

Мұғалім «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіндегі кәмелетке толмағандардың еңбек құқығы» тақырыбын қысқаша түсіндіріп, пікірлерін тындайды. Мұғалім төмендегі кестені толтыруға береді:

Жас ерекшелігі	Рұқсат етілген жұмыс түрлері	Жұмыс уақыты	Рұқсат етілмейтін жұмыс түрлері

1. Екінші бекет – Шығармашылық жұмыс

«Досыма кеңес»: ҚР Еңбек заңына сүйене отырып, кәмелетке толмағандарға жұмысқа орналасу жөнінде кеңес инфографика түрінде әзірлеу.

2.Үшінші бекет – Электронды құрылғылар және интернетпен жұмыс

Ғаламтордан «кәмелетке толмағандардың еңбек құқығы бұзылған нақты кейстер» бойынша ақпарат іздеу. Сілтемелер бойынша ақпараты талдау және ұсыну.

Бағалау критерийлері

– Заңнаманы түсіну деңгейі (заң нормаларын дұрыс қолдана білу).

– Шығармашылық өнім (инфографика).

– Зерттеу нәтижесі (ақпаратты табу, талдау және ұсыну).

– Топтық жұмысқа қатысу белсенділігі.

Күтілетін нәтиже

– Білім алушылар еңбек заңнамасындағы жас ерекшеліктерін ескеретін нормаларды біледі.

– Құқықтық сауаттылығы артады, өз құқықтарын қорғаудың жолдарын түсінеді.

– Шығармашылық қабілеттерін дамытады.

– Ақпараттық сауаттылық және зерттеу дағдыларын қалыптастырады.

Қорытындылай келе, «Құқық негіздері» пәнін оқытуда аралас оқыту технологиясын, оның ішінде «Бекеттер ротациясы» моделін қолдану – білім алушылардың құқықтық білімін арттыруда, сыни тұрғыдан ойлауын дамытуда және ақпаратты тиімді қолдануында үлкен рөл атқарады. Бұл модель арқылы білім алушылар заң нормаларын талдаумен қатар, өз ойларын шығармашылық тұрғыдан жеткізуді, цифрлық ортада ақпарат іздеп, оны талдауды үйренеді. Мұндай тәжірибе олардың құқықтық сауаттылығын арттырып қана қоймай, азаматтық жауапкершілігін, коммуникативтік және зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады.

Аралас оқыту әдісі дәстүрлі оқыту формасын заманауи технологиямен ұштастыра отырып, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын оятады және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе, кәмелетке толмағандардың еңбегін заңнамамен қорғау тақырыбын меңгеруде бұл тәсіл білім алушылардың өмірлік дағдыларын дамытуға, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

Осылайша, зерттеу жұмысы көрсеткендей, аралас оқыту әдісі – құқық пәнін оқытудағы тиімді бағыттардың бірі. Ол білім алушыны білімді дайын күйінде қабылдаушы емес, білімді ізденуші әрі талдаушы ретінде қалыптастырады. Бұл өз кезегінде, заманауи білім беру жүйесінің басты мақсаты – құқықтық сауатты, ақпараттық құзыретті, белсенді азамат тәрбиелеуге толықтай сай келеді.

БҚО Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының тарих және құқық негіздері пәнінің мұғалімі Наурызғалиева Куляш Ахрановнаның іс тәжірибесінен 10-сыныпта Құқық негіздері пәнінен «Жеке құқық - адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуының кепілдігі» «жобалық-зерттеу» жұмысы тақырыбына арналған әдістер ұсынылады:

1. Құқықтық Дизайн-Ойлау (Legal Design Thinking)

2. Бұл – заңи мәселелерді адамға бағытталған, креативті жолмен шешу әдістемесі. Білім алушылар заңгер емес, мәселе шешуші инженер немесе дизайнер рөліне енеді.

Мәні: Күрделі құқықтық ақпаратты қарапайым, түсінікті және қолдануға ыңғайлы форматқа келтіру.

Жүзеге асыру жолы:

1. Эмпатия: Білім алушылар топқа бөлініп, «Жасөспірімдер өздерінің авторлық құқығын (сурет, өлең, видео) қалай қорғай алады?» деген мәселені зерттейді. Олар басқа білім алушылардан сұхбат алып, олардың қорқыныштары мен қажеттіліктерін анықтайды.

2. Мәселені анықтау: Зерттеу нәтижесінде «Жас авторларға өз туындысын интернетте ұрлаудан қорғаудың қарапайым әрі тегін жолы қажет» деген нақты мәселе қойылады. 3. Идея генерациясы (Брейнсторминг): Топтар шешімдерді ойластырады. Мысалы: мобильді қосымша, түсіндірмелі инфографика,

«copyright» белгісін дұрыс қоюды үйрететін чат-бот, қысқа анимациялық ролик.

4. Прототип жасау: Топтар өз идеясының алғашқы нұсқасын жасайды (қосымшаның суретін салады, инфографиканың дизайнын сызады, чат-боттың диалогын жазады).

5. Тестілеу: Жасаған прототиптерін басқа сынып білім алушыларына көрсетіп, кері байланыс алады.

Тиімділігі: Білім алушы тек заңды жаттап қоймайды, оны өмірдегі нақты мәселені шешу үшін қолданады. Сыни ойлау, креативтілік, эмпатия және командалық жұмыс дағдылары қатар дамиды.

2. Геймификация: «Азамат» квесі . Оқу процесін қызықты ойынға айналдыру. Білім алушылар теорияны оқып қана қоймай, ойын кейіпкерімен бірге құқықтық кедергілерден өтеді.

Мәні: Жеке құқық салаларын (келісім-шарт, меншік, мұрагерлік) ойынның деңгейлері немесе тапсырмалары (квест) ретінде ұсыну.

Жүзеге асыру жолы: Кейіпкер: Арман есімді жас азамат.

1-деңгей: «Алғашқы келісім-шарт». Арман интернеттен қолданылған телефон сатып алмақшы. Білім алушылар сатушының хабарландыруын талдап, ықтимал қауіптерді анықтап, қарапайым сату-сатып алу шартының жобасын жасауы керек.

Орындаса, «Сенім» ұпайын жинайды.

2-деңгей: «Цифрлық із». Арманның досы оның рұқсатынсыз маскара суретін желіге салып жіберді. Білім алушылар Азаматтық кодекстің ар-намыс, қадір-қасиет және жеке бейнені қорғау баптарына сүйеніп, суретті алдыртудың заңды жолдарын ұсынуы керек.

Орындаса, «Абырой» бейджін алады.

3-деңгей: «Мұраға қалған мүлік». Арманға атасынан саяжай мұраға қалды. Білім алушылар мұраны қабылдаудың ретін (нотариусқа бару, құжаттар тізімі) анықтауы керек.

Орындаса, «Меншік иесі» жетістігін ашады.

Тиімділігі: Өте тартымды формат. Күрделі тақырыптар оңай, қызықты тапсырмаларға бөлінеді. Нәтиже (ұпай, бейдж) білім алушыны ынталандырады.

3. Трансмедиялық әңгімелеу (Transmedia Storytelling) / Әлеуметтік желі симуляциясы

Құқықтық даудың тарихын бірнеше медиа платформада (Instagram, Telegram, TikTok) өрбіту.

Мәні: Ойдан шығарылған кейіпкерлердің әлеуметтік желідегі аккаунттарын құрып, олардың арасындағы құқықтық дауды симуляциялау.

Жүзеге асыру жолы: Мұғалім фотограф Аида мен онлайн-дүкен иесі Қайраттың Instagram-парақшаларын жасайды. Қайрат Аиданың суретін рұқсатынсыз өз тауарын жарнамалауға пайдаланады.

Білім алушылардың міндеті: Оқиғаны бақылау. Аиданың суретінің ұрланғанын жазған постын, Қайратқа жазған жеке хаттарын (скриншот түрінде) көреді. Қайраттың «түк етпейді» деп жауап берген комментарийлерін оқиды.

Интерактив: Білім алушылар комментарийде немесе арнайы құрылған Telegram-чатта Аидаға «заң кеңесшісі» ретінде ақыл-кеңес береді. Заңның нақты баптарын көрсетеді, не істеу керектігін ұсынады. Мұғалім процесті бағыттап, соңында «сот шешімін» немесе тараптардың келісімін жариялайды.

Тиімділігі: Білім алушылардың күнделікті өміріне өте жақын формат. Цифрлық сауаттылықты арттырады және абстрактілі құқық нормаларының онлайн кеңістікте қалай жұмыс істейтінін көрсетеді.

4. «Тірі кітапхана» (Human Library)

Кітап орнына адамдармен сөйлесу арқылы білім алу.

Мәні: Жеке құқық саласында нақты тәжірибесі бар адамдарды сабаққа шақыру.

«Тірі кітаптар» (Шақырылатын қонақтар):*

* Өз тауар белгісін (брендін) сотта қорғаған жас кәсіпкер.

* Өз әнінің ұрланғаны үшін күрескен музыкант немесе автор.

* Тұтынушы ретінде сапасыз тауар үшін ақшасын қайтарып алған белсенді.

* Өзі туралы жалған ақпарат таратқан БАҚ-пен соттасып, жеңіп шыққан азамат.

Процесс: Білім алушылар шағын топтарға бөлініп, әр «кітаппен» 15-20 минут сөйлеседі. Олар оқиғаның мән-жайын, заң процесінің қалай өткенін, эмоционалдық күйзелістерді және қандай сабақ алғанын сұрайды.

Тиімділігі: Ең есте қаларлық және эмпатияны дамытатын әдіс. Тақырыпты құрғақ заңнан «тірі» адам тағдырына айналдырып, оның маңызын терең сезінуге мүмкіндік береді.

Бұл әдістер білім алушыны жай тыңдаушыдан белсенді зерттеушіге, мәселе шешушіге және жасампаз тұлғаға айналдырады. Олар жеке құқықтың

Бөлім:	Жеке құқық	
Педагогтің аты-жөні:	Наурызғалиева К.А.	
Күні:		
Сынып: 10	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Жеке құқық – адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуының кепілдігі	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	10.2.2.1 - жеке құқықтың (мүліктік және мүліктік емес) мазмұнын, оның табиғи құқықтармен байланысын түсіндіру; 10.2.2.2 - жеке құқықтарды қорғаудың әдістерін өмірлік жағдаяттар негізінде талдау	
Сабақтың мақсаты	1. Жеке құқықтың (мысалы, меншік, авторлық құқық) адамның табиғи құқықтарын (мысалы, бостандық, қадір-қасиет) қалай қорғайтынын нақты мысалдармен дәлелдей алады. 2. Жеке құқық бұзылған жағдайда оны қорғаудың креативті және заманауи шешімдерінің (прототипін) ұсына алады.	
Құндылықтар	1. Заңды және басқа адамның құқықтарын құрметтеу. 2. Белсенді азаматтық ұстаным. 3. Цифрлық сауаттылық және интернеттегі жауапкершілік.	

өздерінің табиғи құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын нақты құрал екенін сезінетін болады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (5-7 мин)	1. Ұйымдастыру. Білім алушылармен сәлемдесу, түгендеу. 2. Қызығушылықты ояту (Трансмедиалық әңгімелеу элементі). Экранға танымал қазақстандық блогердің немесе әншінің постының скриншотын шығарады. Постта ол өзінің суретін/әнін бір компанияның рұқсатынсыз жарнамаға пайдаланғанын айтып шағымданады. Сұрақтар: 1.Бұл жерде кімнің қандай құқығы бұзылды деп ойлайсыздар? 2.Сіз оның орнында болсаңыз, не істер едіңіз? 3.»Ұрлық» деген тек затты алу ма, әлде идеяны, суретті алу да ұрлық па?	Білім алушылар сәлемдеседі, сабаққа назар аударады.Скриншотты талқылайды, өз ойлары мен болжамдарын айтады. Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын мұғаліммен бірге анықтайды.	Мадақтау, ауызша кері байланыс	Проектор, экран, әлеуметтік желіден алынған скриншот
Сабақтың ортасы (25-28 мин)	1. Теориялық шолу (3-5 мин). Интерактивті презентация арқылы негізгі ұғымдарға қысқаша тоқталу: жеке құқық (мүліктік/мүліктік емес), табиғи құқық және олардың байланысы. 2. Практикалық жұмыс: «Құқықтық Дизайн-Ойлау» әдісі (22 мин).Мәселені қою: Білім алушылар топтарға бөлінеді. «Жас видеограф Арай өзінің дронымен	Білім алушылар негізгі ұғымдарды дәптерлеріне түртіп алады. Топтарда жұмыс істейді. Дескриптор:	Қалыптастырушы бағалау: - Топтық талқылауға белсенді қатысуы. - Ұсынған идеяларының өзектілігі. - Прототиптің нақтылығы мен түсініктілігі. Өзара бағалау: Топтар бір-бірінің жұмысын «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен бағалайды.	А3 қағаздары, маркерлер, стикерлер, презентация

	табиғат туралы әдемі видео түсіріп, TikTok-қа салды. Бір туристік агенттік сол видеоны кесіп алып, өздерінің жарнамалық роликіне рұқсатсыз, авторын көрсетпей пайдаланып жіберді.»Тапсырмалар (постер/А3 қағазына орындалады): 1-қадам: Эмпатия/Мәселені анықтау (5 мин). 2-қадам: Идея генерациясы (7 мин).»Сотқа барудан» басқа қандай шешімдер бар? Топпен кемінде 5 идея ұсыныңыздар (мысалы, медиация, көпшілікке жариялау, талап-хат жазу, т.б.) 3-қадам: Прототип жасау (10 мин). Ең жақсы деп тапқан бір идеяңыздың прототипін жасаңыз:	1.Кейіпкердің сезімін талқылап, мәселенің түйінін анықтайды. 2.Топта миға шабуыл жасап, түрлі идеяларды ұсынады. 3.Таңдаған идея бойынша постерге/қағазға прототип жасайды (мәтін жазады, сурет салады, схема сызады). Дескриптор:----- --- Арайдың орнында не сезінер едіңіз? Сұрағына жауап жазады; - Оның нақты мәселесі неде? (Жай ғана видео емес, еңбегі, танымалдылығы, мүмкін табысы) талдау жасайды; Бір сөйлеммен мәселені анықтайды; Дескриптор: - Туристік агенттікке жолданатын талап-хаттың үлгісін жазады. - Арайға авторлық құқықты түсіндіретін инфографиканың нобайын сызады. - Осы мәселені шешуге көмектесетін чат-боттың диалог сценарийін құрастырады.		
Сабақтың соңы (5-10 мин)	1. «Галереяға саяхат» (5 мин). Топтар өз жұмыстарын тақтаға іліп, басқа топтардың жұмыстарымен танысып, стикерлерге	Білім алушылар дәліз бойымен жүргендей, басқа топтардың жұмыстарын қарап, стикерлер жапсырады.	Өзін-өзі бағалау: Білім алушылар сабақ мақсаттарына жету деңгейін «Бағдаршам»	Стикерлер, тақта, білім алушы күнделігі

	кері байланыс жазып қалдырады. 2. Рефлексия (3 мин). «Telegram-хат» әдісі. Бүгінгі сабақтан алған ең маңызды бір ойыңды досыңа Telegram-нан қысқаша хат ретінде жазу. 3. Үй тапсырмасын беру (2 мин). Деңгейлік тапсырмалар: ЕББҚ білім алушыға: Бүгінгі тақырып бойынша негізгі 5 терминге түсініктеме жазу. Барлық білім алушыларға: «Тірі кітапхана» идеясы. Интернеттен жеке құқығы (авторлық, ар-намыс) сәтті қорғалған бір оқиғаны (кейсті) тауып, қысқаша сипаттама жазу. Құқық негіздері пәнін таңдап отырған білім алушыларға: «Геймификация» идеясы. «Менің алғашқы жалдау шартым» (пәтер жалдау) атты шағын квест-ойынның сценарийін (3-4 кадам) құрастыру.	Білім алушылар стикерге/дәптерге қысқаша ойларын жазып, мұғалімге тапсырады немесе дауыстап оқиды. Үй тапсырмасын күнделіктеріне жазып алады.	немесе «Табыс сатысы» арқылы көрсетеді.	
--	--	---	--	--

